

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



Қазақстан
КОММУНИСТІ

5

май

1969

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

5 МАЙ 1969

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді

М А З М У Н Ы

ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

- Бас мақала — Совет халқының ерлік дәстүрлері 3
Т. Жаңкелдин, Ә. Нысанбаев — Маркстік-лениндік философияның партия-
лық принциптері 9

ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

- Н. Журин — Өзгерген өмір 15
М. Қозыбаев — Күрес дабылы (Қостанай еңбекшілері көтерілісінің 50 жыл-
дығына) 22

КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

- В. И. Ленин өмірбаянының қысқаша очеркі 26

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНЕ — КЕҢ ӨРІС

- Өрелі міндет, өскелең талап 32
В. Демиденко — Егіннен мол өнім алу жолында 37
Ә. Мұратов — Зығыр — бағалы дақыл 43

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

- А. Плотников — Саяси хабарды жетілдіре берейік 44

ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

- А. Парфенов — Сын мен өзара сын — партияның өткір қаруы 49
Т. Курганский — Жарыс жаңа табысқа бастайды 55

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

- С. Бәйішев — Маоизмнің реакциялық мәні 58

СОВЕТТІК БАСПАСӨЗ КҮНІНЕ

- Н. Кемешев — Облыстық комитет және аудандық газеттер 63
Лениндік тақырып газет беттерінде. Ә. Ипмағамбетов — Басты нысанамыз.
Т. Төреханов — Лениндік еңбек вахтасы. Ә. Мейірбеков — Ізгі мақсат, игі
тілек 68
Р. Сағымбеков — Газет жанрлары жөніндегі оқулық 74

- Партия ұйымдарында 77
Сұрақтарға жауап 78
КПСС тарихын оқып-үйренушілерге. Басылмаған хаттың дерегі 80

СОДЕРЖАНИЕ

ЛЕНИНИЗМ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Передовая — Героические традиции советского народа	3
Т. Жанкелдин, А. Нысанбаев — Принципы партийности марксистско-ленин- ской философии	9

ЛЕНИН И КАЗАХСТАН

Н. Журип — Преображенный край	15
М. Козыбаев — Пламя народной борьбы (К 50-летию восстания трудящихся Кустаная)	22

СВЕТЛЫЙ ОБРАЗ ВОЖДЯ

Краткий биографический очерк о В. И. Ленине	26
---	----

СЕЛЬСКОМУ ХОЗЯЙСТВУ — УСКОРЕННЫЕ ТЕМПЫ РАЗВИТИЯ

Неотложные задачи, высокие требования	32
В. Демиденко — За высокий и устойчивый урожай	37
А. Муратов — Лен — ценная культура	43

ВОПРОСЫ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

А. Плотников — Совершенствовать политическую информацию	44
---	----

ОРГАНИЗАЦИОННО-ПАРТИЙНАЯ РАБОТА

А. Парфенов — Критика и самокритика — острое оружие партии	49
Т. Курганский — К новым рубежам	55

НА МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТЕМЫ

С. Башев — Реакционная сущность маоизма	58
---	----

К ДНЮ СОВЕТСКОЙ ПЕЧАТИ

Н. Кемешев — Обком и районная печать	63
Ленинская тематика на страницах газет. А. Ирмагамбетов — Главное направ- ление. Т. Тореханов — Ленинская трудовая вахта. А. Меирбеков — Наша благородная цель	68
Р. Сагымбеков — Учебник о газетных жанрах	74
В партийных организациях	77
Ответы на вопросы	78
Изучающим историю КПСС. По следам неопубликованных писем	80

ГСС. БИБЛИОТЕКА
им. А. С. Пушкина
Инв. № 18960



СОВЕТ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ

Еліміздегі халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан ерлік дәстүрлері бар. Бірақ бізге революциялық күрестің от-жалынында, социалистік қоғам орнату және нығайту жылдарында, Отанымыздың жауларына қарсы айқастарда туған ерлік дәстүрлер қымбат. Совет халқы тарихи сын сағаттарда, тар жол, тайғақ кешулерде өзінің қаһарман халық екенін, саяси күрескер, қажырлы еңбеккер екенін дәлелдеді. Қас дұшпандармен арпалыста, жасампаз бейбіт еңбек күндерінде совет халқы революциялық қайрат-жігердің, жанқиярлықтың, керемет батырлықтың үлгісін көрсетті. Коммунизм идеяларына шексіз берілгендік, Отан алдындағы азаматтық парызы кәміл сезіну, жалынды патриотизм — талай ауыр сыннан, небір қиыншылықтан мүдірмей өтуіміздің бірден-бір кепілі. Сондықтан да қазіргі және келер ұрпақ революция жеңісі үшін, социализм жеңісі үшін күрескендерге шексіз алғыс айтады. Біздің халқымыз лениншіл большевиктерді, социалистік революция ардагерлерін, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысының батырларын кастерлеп есінде сақтайды. Сол сияқты жаңа заводтар салып, тұңғыш колхоздар мен совхоздар ұйымдастырған алғашқы бесжылдықтардың санлақтары да ешақытта ұмытылмақ емес. Міне осы ерлік салты бүгінгі күндері социалистік Отанымыздың күш-қуатын нығайта түсуге, коммунизм орнату ісіне ойдағыдай қызмет етіп отыр.

Совет халқының ерлік тарихында азамат соғысының қаһарлы жылдары ерекше орын алады. В. И. Лениннің, Коммунистік партияның басшылығымен құрылған жас Қызыл Армияның жауынгерлері қанды жорық шеруінде асқан табандылық пен қайсарлық көрсетіп, ақ гвардияшылар мен интервенттерді талқандап шықты, сөйтіп Ұлы Октябрьдің жеңістерін, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, әскерге алынған әрбір жұмысшы, әрбір шаруа өзінің не үшін соғысатынын білді, сондықтан әділеттік пен социализмнің салтанат құруы үшін саналы түрде қанын төкті. Азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясы жылдарындағы қаһармандығы үшін 15 мыңға жуық қызыл әскер мен командир жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталды. Халқымызға Чапаев, Котовский, Щорс, Пархоменко, Лазо, Аманкелді Иманов, Әліби Жанкелдин сияқты ардагер батырлардың ерлігі мирас боп қалды.

Совет адамдарының еңбектегі ерлік шежіресі де социалистік құрылыспен бірге басталды. Бұдан елу жыл бұрын Москва — Қазан темір жолындағы Москва-Сортировочная депосының жұмысшылары тұңғыш коммунистік сенбілік өткізді. В. И. Ленин оны ұлы бастама, коммунизм еркені деп атап, «коммунистік сенбіліктердің» тарихи маңызы, бұлар еңбек өнімділігін арттыруда, жаңа еңбек тәртібіне көшуде, шаруашылық пен өмірдің социалистік жағдайларын жасауда жұмысшылардың саналы әрі ерікті бастамасын білдіреді деді.

Тұңғыш сенбіліктердің игі дәстүрлері кейіннен жаңа қоғамның күдіретті күшіне айналған социалистік жарысқа ұласты. Екпінді бригадалар, стахановшылар қозғалысы тәрізді социалистік жарыс түрлері алғашқы бесжылдықтар тұсында қалың бұқараның еңбек жігерін тасытты. Алуан қиыншылыққа, жоқшылыққа қарамастан, совет адамдары Днепр су электр станциясын, Магнитогор металлургия комбинатын, Түркстан-Сибирь темір жолын, Амурдағы Комсомольск қаласын, Харьков, Челябинск, Сталинград трактор заводтарын, Горький, Москва автомобиль заводтарын салып шықты. Бүгінгі күндері біз сол бір жылдары социалистік жарыстың туын жоғары көтерген шахтер Алексей Стаханов, машинист Петр Кривонос, тоқымашы Евдокия Виноградова, тракторшы Паша Ангелина, қызылшашы Мария Демченко есімдерін айрықша мақтанышпен атаймыз. Сол сияқты біздің республикамыздағы стахановшылар қозғалысының майталмандары Түсіп Күзембаевтың, Әлжан Мұрынбаевтың, Нұрипа Досқожанованың, Шығанақ Берсиевтің және басқаларының еңбек жолы — ерлік дастаны. Отызыншы, қыркыншы жылдардың комсомолецтері мен жастары атақты ұшқыш Валерий Чкаловтың, челюскиншілердің батырлығын өнеге тұтып ер жетті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығы туралы баяндамасында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас былай деді: «Біздің алғашқы бесжылдықтарымыз социализм жолындағы шын мәнісіндегі шайқас болды. Мұнда да әрбір шайқастағы сияқты талантты командирлер, өз ісіне шексіз берілген батырлар шықты. Партия аса зор жұмысты өрістетіп, өнеркәсіптің тамаша ұйымдастырушыларының, халық шаруашылығын басқарушылардың тұтас бір ұрпағын тәрбиелеп өсірді. Ұлы құрылыстың тасқындаған жігері, социалистік жарыстың бүкіл халық арасында өрістеуі мыңдаған және сан мыңдаған озаттарды — екпінділерді, стахановшыларды, жұмысшы табының ең тандаулы өкілдерін туғызды, олардың еңбектегі ерлігі социализмнің индустриялық базасын жасаудың күллі ісін алға бастырған бейне бір қуатты мотордай болды. Ол адамдардың табандылығы мен ерлігі, партия ісіне, социализм ісіне шексіз берілгендігі — бүгін таңда да шабыт беретін өнеге».

«Біз коммунистік еңбек жеңісіне жетеміз!» деген еді Владимир Ильич. Айтса айтқандай, бұдан он жыл бұрын елімізде социалистік жарыстың ең жоғарғы формасы — коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс қанат жайды. Бұл қозғалысқа қазір 35 миллион жұмысшы мен колхозшы қатысады. Биылғы 12 апрельде күллі совет халқы тұңғыш коммунистік сенбіліктің 50 жылдығын зор салтанатпен атап өтті. Сол күні ұлы бастаманың мұрагерлері Бүкіл одақтық сенбілікке шығып, бесжылдық жоспарды орындауға лайықты үлес қосты. Мұның өзі Совет Одағы еңбекшілерінің Ленин өсиеттерінен, ерлік дәстүрлерден айнымайтынына тағы да толық дәлел.

Совет адамдарының жаппай ерлігі кешегі Ұлы Отан соғысы майдандарында бұрынғыдан айқын көрінді. 1941 жылы 22 июньде тұтқиылдан басталған бұл ғаламат қырғын соғыста дүние жүзіндегі бірден-бір социализм елі империализмнің екпінді күші — герман фашизмімен қиян-кескі айқасқа түсті. Батыс Еуропаның бүкіл дерлік экономикалық-соғыс ресурстарын басып алған гитлерлік Германия Совет Одағына қарсы соғысқа 190 дивизиясын, 5,5 миллион солдатын салды, 47 260 зеңбірегі мен минометін, 3 712 танкін, 5 мыңдай самолеті мен 190-нан аса кемесін бірден әкеп тәкті. Отанымызға қатерлі қауіп төнді. Коммунистік партияның шақыруымен совет халқы Ұлы Отан соғысына аттанды. «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұран ел тіршілігінің айбынды заңына айналды. Алғашқы айлардағы сәтсіздіктер майдандағы жауынгерлер мен тылдағы еңбеккерлердің еңсесін түсірген жоқ. Қайта соғыстың барысында Қарулы Күштеріміз өшпес данққа бөленді.

Ұлы Отан соғысының талай-талай ерлік шежіресі, асулы кезендері бар. Брест қамалын, Одесса мен Севастопольді қорғау эпопеясы, Ленинград үшін, Кавказ үшін болған ұрыстар, Днепр мен Висла операциялары — тарихтың жарқын беттері. Москва түбіндегі ұлы шайқас титлершілдердің «қауырт» соғыс жоспарын іске асыртпай тастады, неміс-фашист әскерлерінің «жеңілмейтіндігі» туралы аңыздың күлін көкке ұшырды. Сталинград үшін болған ұрыстарда қанқұйлы қаракшыларға күйрете сокқы берілді. Орел-Курск иініндегі шайқастардан кейін есенгіреп қалған фашистер қаншама жанталасса да, онан кейінгі жерде біздің әскерлердің отты тегеуірініне ешбір төтеп бере алмады. 1944 жылы совет жауынгерлері Отанымызды неміс басқыншылардан түгел тазартып, Еуропа халықтарын азат ете бастады. 1945 жылы дұшпанның біржола сағысынып, фашистік Германия тізе бүкті. Рейхстагқа Жеңіс туы тігілді.

Совет халқының ұлы жеңісі оңайлыққа түскен жоқ. Майдан дала-сында ержүрек жауынгерлеріміз қасық қаны қалғанша арпалысса, тылда жұмысшылар мен колхозшылар, әйелдер мен жас өспірімдер жанкиярлық еңбек етіп, армияны не керектің бәрімен жабдықтап отырды. Жау оккупациялаған аудандарда бүкіл халықтық партизан қозғалысы өрістеді. Партизан отрядтары мен құрамаларында, астыртын ұйымдарда жүздеген мың патриот қимыл жасады. Ұлы Отан соғысында социалистік қоғамдық және мемлекеттік құрылыс жеңіп шықты. Совет адамдарының қайрат-жігері мен қаһармандығының қайнар бұлағы — советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі, халықтар достығы мен социалистік патриотизм. «Жұмысшылары мен шаруаларының көпшілігі, — деген болатын В. И. Ленин, — өздерінің Совет өкіметін — еңбекшілер өкіметін қорғайтынын, жеңген күнде өздерінің және өз балаларының мәдениет игіліктерінің бәрімен, адам еңбегі жеңістерінің бәрімен пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз ететін істі қорғайтынын білген, сезген және көрген халық ешуақытта жеңілмейді».

Ұлы Отан соғысында совет халқының жеңісіне рух берген, оны ұйымдастырған Коммунистік партия. Лениндік партияның таңдаулы перзенттері қарулы күрестің алдыңғы шебінде жүрді. Ұрысқа қатысқан әрбір екі жауынгердің біреуі не коммунист, не комсомолец еді. Коммунистер жеке басының өнегесімен де, жалынды сөзімен де жауынгерлерді ерлікке бастады. Совет Одағының Батыры атағын алғандардың 70 проценті коммунистер.

Майданда да, тылда да совет адамдарының жаппай-батырлық көрсеткені баршаға аян. Баренц теңізінен Қара теңізге дейін, төрт жарым мың километрге созылған ұланасыр сұрапыл шайқастың 1418 күнінде талай ғажайып ерліктер болды. Соғысқа қатысқан 11 603 адамға Совет Одағының Батыры атағы берілді, ал 108 адам бұл атақты екінші рет алды. 7 миллионнан астам адам ордендермен, медальдармен наградталды. В. И. Ленин Советтік Россия тек жеке-дара батырлар беріп қана қоймайды, ол «мұндай батырларды жүздеп, мыңдап шығара алады» деген болатын. Данышпан көсемнің айтқаны дәл келді. Шынында да Ұлы Отан соғысы ержүрек батырларды мыңдап шығарды. Талай боздақ Отан үшін опат болды. Александр Матросовтың, Зоя Космодемьянскаяның, Виктор Талалихиннің, Николай Гастеллоның, краснодондық жас гвардияшылардың, тағы басқа жүздеген, мыңдаған батырлардың өшпес даңқы мен асыл бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа кетеді.

Ұлы Отан соғысында еліміздегі барлық ұлттың өкілдері арыстанша алысты. Қазақ халқының ұл-қыздары да ерлік даңқын асырды, дұшпанның үрейін алды. Қазақстандықтардан 500-дей адам Совет Одағының Батыры атағын алды, бұлардың ішінде 98 қазақ бар. Біз Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған Сергей Луганскийді, Талғат Бигелдиновты, Леонид Беданы, Иван Павловты мақтаныш етеміз. Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағамбетов, Ағаділ Сухан-

баев, Боран Нысанбаев, Николай Гастеллоның ерлігін қайталаған Нүркен Әбдіров сияқты батырлардың есімдері тарихымызға алтын әріптермен жазылды. Шығыс қыздарының ішінен тұңғыш рет Совет Одағының Батыры атағын жерлестеріміз Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың алғаны да зор мәртебе. Қазақ жауынгерлері Москва түбінде, Ленинград пен Сталинград іргесінде, Украина мен Белоруссия далаларында, Висла мен Одерден өту ұрыстарында қаһармандықтың, табандылықтың тамаша үлгісін көрсетті. Соғыс жылдарында генерал И. В. Панфиловтың 8-ші гвардия дивизиясының даңқы шартарапқа кетті. Әсіресе бұл дивизиядан шыққан 28 батырдың ерлігі ғажап. Олар Дубосеково разъезінде гитлершілдердің 50 танкісінің шабуылын тойтарды. Саяси жетекші Василий Клочковтың: «Россия кең байтақ, бірақ шегінер жер жоқ — артымызда Москва!» деген сөздері ұлы астананы қорғаушылардың қасиетті ұранына айналды.

Отанымыздың осынау жарты ғасырлық қаһармандық жолы, Советтер елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шайқастарда қалыптасқан дәстүрлер бейбіт өмірдің ерлік шежіресінде онан әрі дамытылып келеді. Аға ұрпақ пен кейінгі ұрпақтың рухани байланысының арқауы үзілмей, қайта бір арнада сабақтасып отыр. Аға ұрпақтың революциялық, жауынгерлік, еңбек дәстүрлері, бір кездегі патриоттық істері — бүгінгі күндері аспан әлеміне жол салған космонавтарға, өнеркәсіп орындарында, колхоз, совхоз даласында еңбек өнегесін көрсетіп жатқан бесжылдық озаттарына, коммунизм орнатушылардың бәріне ортақ мұра. Дүние жүзіндегі тұңғыш космонавт-ұшқыш Юрий Гагарин 1961 жылы 12 апрельде алғаш стартқа шығар алдында былай деген болатын: «Адамдардың талай ұрпағы арман еткен істі бірінші болып жүзеге асыру, адамзатты космосқа бастайтын жолды бірінші болып салып беру... Сіра, менің үлесіме тиген осы күрделі міндеттен артық міндет бар ма?! Бұл бір адамның алдындағы, ондаған адамның алдындағы, коллективтің алдындағы жауапкершілік емес. Бұл бүкіл совет халқының алдындағы, бүкіл адамзат алдындағы, адамзаттың қазіргісі мен келешегі алдындағы жауапкершілік. Егер мен осы ұшу сапарына бел байлап отырсам, мұның себебі, мен коммунистін, маған өзімнің отандастарым — совет адамдарының теңдесі жоқ қаһармандығы үлкен өнеге».

Азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысы батырларының ерлік дәстүрлерін қазіргі уақытта Совет Армиясының жауынгерлері қастерлеп сақтап, онан әрі молайта түсуде. Бұған биылғы мартта Даман аралында болған оқиғалар айғақ. Совет шекарашылары қытай арандатушыларына, Мао Цзэ-дун тобының зұлымдық әрекеттеріне батыл тойтарыс берді. Қиыр Шығыс сакшылары асқан ерлік пен өжеттік, қырағылық пен әскери шеберлік көрсетіп, туған жерімізді, Ұлы Октябрь жеңістерін қорғауға әрдайым әзір екенін дәлелдеді. Совет үкіметі Даман аралы батырларының ерлігін жоғары бағалады. Полковник Д. Леоновқа, аға лейтенант И. Стрельниковқа, аға лейтенант В. Бубенинге, кіші сержант Ю. Бабанскийге Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Біздің халқымыздың ерлік шежіресі — советтік патриотизмнің жарқын көрінісі. Ал советтік патриотизм — Ұлы Октябрь революциясының жемісі. Совет патриотына туған жерін, Отанын сүю, оның әлеуметтік-саяси құрылысына берілгендік тәрізді ізгі қасиеттер тән. Социалистік құрылысты орнықтыру жолындағы барлық ауыртпалыққа төтеп берген еңбекші бұқара патриотизмінің ұлы идеялық күшін аша келіп, В. И. Ленин мұндай патриотизмсіз Совет республикасын қорғап қалу мүмкін емес еді деп атап көрсетті. Совет мемлекетінің күш-қуатын нығайтуда қоғамның моральдық-саяси, рухани бірлігі елеулі роль атқарады. Сондықтан Коммунистік партия еңбекшілерге әскери-патриоттық тәрбие беруге зор маңыз береді. Революциялық, жауынгерлік дәстүрлер — әскери-патриоттық тәрбиенің мықты құралы. Жаңа адамды, әсіресе жастарды партиямыз бен халқымыздың даңқты дәстүрлері рухында тәрбиелеу —

абзал міндет. «...Жас жұмысшыларға, — деп жазды В. И. Ленин, — езушілік пен қанаушылыққа қарсы алысқан қарт күрескерлердің, көп стачкаларды басынан өткерген, бірталай революцияларға қатысқан, революцияшыл дәстүрлері бар, саяси ой-өрісі кең күрескерлердің тәжірибесі қажет-ақ».

Соңғы жылдары республикамыздың партия, комсомол, қоғамдық ұйымдары әскери-патриоттық тәрбиеге, ең алдымен, халқымыздың революциялық, жауынгерлік, еңбек дәстүрлерін насихаттауға баса назар аударып келеді. Бұл жұмыс әсіресе Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы, Совет Армиясы мен Ленин комсомолының жарты ғасырлық мерекелері тұсында жан-жақты өрістеді. Партия, комсомол ұйымдары патриоттық тәрбиеде тарихи ескерткіш орындарды, жауынгерлік жорық өткен мекендерді мол пайдаланып жүр.

Жастарға саяси-патриоттық тәрбие беруде революциялық, жауынгерлік және еңбек даңқы орындарына жорық жасау — үлкен мектеп. «Әкелер даңқы жолымен» деген бүкіл қазақстандық жорыққа әлденеше мың комсомолецтер мен пионерлер қатысты. Соңғы жылдары республикамыздың тарихи-революциялық орындарына ғана 16 мың жорық жасалды. Алматы үй құрылысы комбинатының жастары былтыр Түркстандағы алғашқы комсомол ұялары құрылған жерлерде болып қайтты. Жас құрылысшылар жорық кезінде тұңғыш комсомолецтермен, алғашқы бесжылдықтардың, Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен бірнеше кездесулер өткізді. Олар Қазалы қаласында Ғани Мұратбаев оқыған мектепке, Ташкент қаласында Түркстан комсомолы Орталық Комитетінің бұрынғы үйіне ескерткіш тақталар орнатты. Гурьев комсомолецтері Гурьев — Астрахань — Волгоград маршруты бойынша бірнеше күндік велосипед жорығын ұйымдастырып, XI Қызыл Армия жауынгерлері туралы, Сталинградты қорғаушылар туралы көптеген материалдар жинастырды. Талдықорған облысындағы Сарқант, Қаратал, Панфилов аудандарының жастары Черкасск қорғанысы болған және атакты Панфилов дивизиясы жасақталған жерлерді аралап көрді. Ал Қостанай облысы, Октябрь ауданының жігіттері мен қыздары Аманкелді сарбаздары шайқасқан өңірге жорық жасады.

Целиноград облысының Жақсы, Есіл, Державин аудандарының еңбекшілері тыңның ізгі дәстүрлерін ардақ тұтады. Бұларда мектептердің бірінші сабағы тың шежіресіне арналады. Тың игеруге келген алғашқы патриоттардың еңбектегі ерлігін мәңгі есте қалдыру жөнінде де игі істер бар. Мәселен, Есіл ауданының «Двуречный» совхозында тың тәсіне тұңғыш борозда тартқан трактор биік тұғырға қойылған. Республикамыздың көптеген кәсіпорындарында, колхоздары мен совхоздарында, мектептері мен жоғары оқу орындарында жауынгерлік және еңбек даңқының музейлері, бөлмелері, стендтері, жас ұшқыштардың, теңізшілердің, радиостердің клубтары, әскери-спорттық лагерьлер ұйымдастырылған. Өткен жылдың май айында Кентау қаласында «Әкелер даңқы жолымен» деген бүкіл қазақстандық жорықта жеңіп шыққандардың үшінші слеті өткізілді.

Әскери-патриоттық тәрбиеге, бұқаралық-қорғаныс жұмыстарына соғыс ардагерлерінің көрсетіп отырған көмегі үлкен. Кешегі соғыс сұрапылын басынан кешкен, фашизмге қарсы күрестің қиын-қыстау күндерінде шыныққан майдан түлектері талай қызықты әңгімелердің, кездесулердің ұйтқысы болып жүр. Көптеген қалалар мен ауыл-селоларда соғыс ардагерлері әскерге жастар жөнелту салтанатына, пионерлердің Бүкіл одақтық «Шұғыла» әскери-спорттық ойындарына, тақырыптық кештерге, оқушылар конференцияларына белсене ат салысады. Келешекте де ардагерлерді комсомол жиналыстарына, пионер жиындарына, заводтар мен фабрикалардың қызыл мүйістеріне, жастар жатақханаларына жиі-жиі шақырып тұру керек.

Жергілікті партия ұйымдарының еңбекшілер арасындағы идеялық-патриоттық тәрбие жұмысында жинақтаған тәжірибесі сан алуан. Халқымыздың ерлік дәстүрлерін насихаттаудың ұтымды түрлері мен әдістерін совет адамдарының, әсіресе жас жеткіншектердің идеялық сенімін қалыптастыруға орынды пайдалана білген мақұл. Мәселен, сегіз жылдық, орта мектептердің тарих, қоғам тану пәндерінде, институттар мен техникумдардағы қоғамдық ғылымдарды үйрену сабақтарында, партия оқуы жүйелерінде, «Білім» қоғамының лекцияларында ерлік дәстүрлерін насихаттауға мүмкіншілік көп. Сондай-ақ армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғам — ДОСААФ-қа, комсомол ұйымдарына келелі міндет жүктеледі.

Енді бір жылдан кейін Совет Одағының фашистік Германияны жеңгеніне 25 жыл толады. Дүние жүзілік-тарихи жеңістің осы мүшелді тойына әзірлік әскери-патриоттық шараларды жан-жақты жүргізуге көңіл ашады. Еліміз Ұлы Отан соғысы батырларының ерлігін ешуақытта ұмытпайды. Болашақ ұрпақтың бақыты үшін құрбан болғандар халық жүрегінде мәңгі сақталған. «Ешкім де ұмытылған жоқ, еш нәрсе де ұмытылған жоқ», — міне халқымыздың әруақытта айтар сөзі осы. Ардагер батырларға құрмет көрсету, белгісіз боздақтарды іздестіру, туысқан зираттарды мәпелеп күту, кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда, мектептерде, жоғары оқу орындарында жауынгерлік даңқ бөлмелерін, музейлерін ұйымдастыру, қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіштер, құлпытастар, мемориалдық тақталар орнату, соғыс мүгедектеріне қамқорлық жасау — міне даңқты мерекеге дейін жүргізілетін шаралардың бір бөлегі осындай.

Совет Одағы халқының тең жартысына жуығы соғыстан кейін туып, өскендер. Олар соғыс туралы шындықты көбінесе кітаптардан, мерзімді баспасөзден, кинофильмдер мен спектакльдерден біледі. Демек, Ұлы Отан соғысының тарихи оқиғаларын шынайы, партиялық тұрғыдан баяндаудың ерекше маңызы бар. Шетел жалақорлары, әсіресе американдық, ағылшын, батыс герман тарихшылары мен насихатшылары ақиқат фактілердің өңін айналдырып, Совет Одағының гитлерлік Германияны талқандаудағы шешуші ролін кемітуге қасақана тырысып бағуда. Идеологиялық жұмыс салаларында мұны ескермеуге болмайды.

Ерлік хикаясын жырлау — жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің, кинематографистердің ардақты борышы. Ерлік тақырыбы ескірмейді. Бізге «Чапаев», «Аманкелді» сияқты фильмдер, «Құрыш қалай шынықты», «Тас-талқан», «Арпалыс», «Нағыз адам туралы аңыз» сияқты роман, повестер керек. Республика баспалары Ұлы Отан соғысының 25 жылдығына көптеген әдебиеттер шығаруды жоспарлады. Келешекте де осы дәстүрден айнымай, ерлікті баяндайтын ғылыми-көпшілік кітаптарды, монографияларды, естеліктерді, көркем шығармаларды үзбей шығара берген абзал. «Қазақфильм» студиясы соңғы кезде «Ел бақына күн туса» тәрізді сәтті картиналар түсіре бастады. Бірақ жұртшылық соғыс тақырыбынан әлі де болса көркем, документті фильмдерге өте зәру.

Қазақстан еңбекшілері Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толу тойына және Қазақ ССР-нің 50 жылдығына қызу әзірленіп жатыр. Осы даңқты мерекелерге орай партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары зор ұйымдастыру-саяси, идеологиялық жұмыс жүргізуде. Бұл істе халқымыздың революциялық, жауынгерлік, еңбек дәстүрлерін насихаттаудың маңызы ерекше. Алдағы уақытта да еңбекшілерді Совет мемлекетіне сүйіспеншілік, Коммунистік партияға берілгендік, Отан қорғауға әзір тұру рухында тәрбиелеу парыз. Халқымыздың ерлік дәстүрлері — совет адамдарын КПСС XXIII съезінің шешімдерін орындауға жұмылдыру, елімізде коммунизм орнату күресінде зор рухани күш.

МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Философияның таптық тамыры мен партиялық табиғатын ашып, тұңғыш анықтама берген К. Маркс пен Ф. Энгельс. Олар өздерінің «Коммунистік партияның манифесі» атты еңбегінде таптық қоғамның барлық тарихы таптар, партиялар күресі деген қорытындыға келді. Философияның бүкіл даму тарихы да — материализм мен идеализмнің үздіксіз және ымырасыз күрес тарихы, философиядағы осы екі негізгі бағытты ұстайтын партиялардың, антагонистік таптардың өзара күрес тарихы.

Тап күресі капитализм тұсында шиеленісіп, шарықтау шегіне жетеді. Өйткені бұл қоғамдағы бір-біріне қарама-қарсы тұрған негізгі екі таптың — буржуазия мен пролетариаттың арасындағы күрес, таптық қайшылықтар қоғамдық қатынастардың барлық саласын қамтиды. Сондықтан да капиталистік қоғамдағы философиялық, социологиялық, этикалық, эстетикалық, тағы басқа теориялар партиялық сипат алып, буржуазия мен пролетариат арасындағы бітіспес күресті бейнелейді. Буржуазия өз қолындағы барлық құралы мен күш-мүмкіншілігін, соның ішінде рухани құралын да, капитализмді нығайтып, қанаушылардың үстемдігін сақтап қалу жолына жұмсайтын болса, пролетариат өзінің барлық революциялық жігер-қайратын және өзінің идеялық қаруын капитализмге қарсы, адамның адамды қанауына негізделген қоғамдық құрылысты күйрету жолына бағыттайды. Пролетариаттың идеологиялық қаруы — бірден-бір ғылыми, әрі революциялық теория — марксизм-ленинизм және оның құрамды бөлегі — социалистік қоғам орнату жөніндегі ілім — ғылыми коммунизм. Философияның, идеологияның партиялық принципі осыдан келіп туады. Демек, маркстік философия мен буржуазиялық философияның қызметі және алдына қойған мақсат-міндеті, методологиялық принциптері мен функциясы да біріне бірі қарама-қарсы, бұл екеуі бірімен бірі күресуші екі таптың — буржуазия мен пролетариаттың дүниеге екі түрлі көзқарасы.

Философияның таптық табиғаты мен партиялық сипаты жайындағы маркстік қағиданы В. И. Ленин өзінің көптеген еңбектерінде данышпандықпен дәйектеп, онан әрі дамытты. Соның ішінде В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінің алатын орны ерекше. Бұл еңбек — жауынгер партиялықтың, марксизмнің сара жолынан ауытқушыларға қарсы, демек жұмысшы табының ашық және жасырын жауларына қарсы ымырасыз күрестің тамаша үлгісі.

В. И. Ленин бұл тарихи еңбегін бірінші орыс революциясын жаныштаран самодержавиелік реакцияның қаһарына мініп, жұмысшы табы мен оның партиясына әршелене шабуыл жасаған кезде, 1909 жылы жазды. Бұл кездейсоқ емес-ті. Реакция қысымынан үрейленген меньшевиктер партияның сара жолынан, революциялық күрестен тайқақсып, тұрлаусыздық көрсетті. Ал реакция идеология майданында да шабуылға шығып, марксизмді, оның философиялық негіздерін бекерге шығаруға тырысты. Мұның орнына ревизионистер қайдағы бір діни теорияларды, «бейтарап», «жана», «саясаттан тыс» философияларды неше сакка жүгіртіп, уағыздады. Россиядағы идеологиялық азғындау басқа капиталистік елдердегі ревизионистік ыланмен, оның кең тараған түрі — махизммен үндесіп жатты. Пролетариат партиясының алдына маркстік идеологияның дұшпандарын күйретіп, марксизмнің революциялық негіздерін

қорғап, одан әрі дамыту міндеті қойылды. Бұл тарихи міндетті В. И. Ленин өзіне тән даналықпен, батылдықпен орындады. Ұлы көсемнің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабы маркстік философияны дамытуда жаңа, лениндік кезеңнің бетін ашты.

В. И. Ленин бұл еңбегі арқылы, біріншіден, буржуазия идеологтары мен ревизионистердің марксизмді жокқа шығармақ болған әрекеттеріне күйрете соққы берумен қатар, маркстік материалистік диалектиканы қорғады және оны одан әрі дамытты. Екіншіден, махистердің қоғам дамуы жөніндегі маркстік ілімге идеализмді тықпалап, сол арқылы пролетарлық революция жөніндегі даусыз ақиқатты бұрмаламақ болған әрекеті мен дәмесінің күлін көкке ұшырды. Сөйтіп тарихи материализмді жаңа кезеңге сай ілгері бастырды. Үшіншіден, В. И. Ленин революциялық философияның принциптері мен партиялығы жөніндегі маркстік ілімді жаңа қағидалармен байытты.

Таптық қоғам дамуының түрлі сатысындағы, әсіресе империализм заманындағы әртүрлі философиялық мектептер мен бағыттардың күресін жан-жақты зерттей келіп, В. И. Ленин былай деп көрсетті. «Мұнан екі мың жыл бұрын да философияның партиялық болғаны сияқты, ең жаңа философия да партиялық. Істің мәнісіне келгенде, гелетерлік-шарлатандық жаңа аттармен немесе топас ойдан шыққан партиясыздықпен бүркеніп жүрген күресуші партиялар — материализм мен идеализм болып табылады» (Шығармалар, 14-том, 394-бет).

Буржуазия идеологтары өз теорияларының таптық, партиялық сипатын барынша жасырып бағады. Олар бұрын да, қазіргі кезде де қоғамдық ғылымдар, сан салалы мәдениет тап тартысынан, партиялық айтыстан тыс, бүкіл адамзатқа ала-құлассыз ортақ қызмет етеді деп түсіндірмек болады. Соның ішінде үстем тап өз философиясын да «таптар тартысынан тыс», ешбір партияға тәуелсіз философия етіп көрсетуге тырысады. Өйткені олар өз идеологиясының ат төбеліндей қанаушылардың ғана мүддесіне қызмет ететінін, езілген таптарға қарсы бағытталауының ашық айта алмайды. Сондықтан олар «объективизмді», партиясыздықты бетке ұстайды. Шынтуайтқа келгенде буржуазияның саясаттан бейтарап, партиялардан алшақ тұрған мақтаулы «объективтік» философиясы — империализмнің өзбыр да жыртқыш пиғылын, капиталистік қоғамның антагонистік таптары мен олардың ымыраға келіспес күресін жуып-шайып, жасыру айла-шарғыларының бірі. Осы «таза» философияның ендігі бір басты міндеті — еңбекші бұқараның сана-сезімін космополитизм, бисаясаттық мерезімен уландыру арқылы оларды тап күресінен, әділетті қоғам орнату жөніндегі асыл мұраттан алшақтату, адастыру. Өз қожайындары — буржуазия жүктеген мұндай «құрметті» міндеттерді екі етпей орындау үшін қоғамда «объективтік» роль атқарушы бұл «таза» философия ең алдымен марксизмге, оның революциялық рухқа толы іліміне қарсы күреседі.

Марксизм дұшпандарының ту етіп көтерген «объективизмі» — буржуазиялық объективизм. Ол буржуазиялық идеологияның партиялығын, оның таптық сипатын бүркейтін құрал. Идеологияның партиялығы жайындағы маркстік принципті творчестволықпен дамыта отырып, В. И. Ленин «жария марксистер», бернштейншілдер, «экономистер», буржуазияшыл ұлтшылдар, меньшевиктер, II Интернационал ревизионистері, махистер сияқты марксизм жауларына қарсы аяусыз күрес жүргізді. П. Струве, Туган-Барановский және тағы басқа «жария марксистер» жұмысшы табын буржуазиялық идеологияның шылауына айналдыру мақсатымен, философияның және басқа да қоғамдық ғылымдардың партиялығы жайындағы маркстік принципті қайта қарау керек, ол қазір ескірді деп даурықты. Буржуазияшыл объективистер партиялық болған жерде ғылыми көзқарасқа орын жоқ деп сәуегейсіді. Олардың айтуынша, философия мен ғылымдағы партиялық және болмысты ғылыми тұрғыдан түсіндіру қатар өмір сүре алмайтын сияқты. Ал іс жүзінде

идеализмнің, сонымен бірге буржуазиялық объективизмнің дүниені, өмірді, шындықты ғылыми тұрғыдан ұғындырумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Ал маркстік философияның партиялығы мен ғылыми табиғаты әрдайым ұштасып отырады, бұл екеуін бір-бірінен айыруға, бөліп қарауға болмайды. Өйткені марксизм — ғылыми теория мен революциялық практиканың ажырамас бірлігі. Өйткені пролетариат өзінің барлық қызметін, революциялық күресін қоғам дамуының марксизм ашқан объективтік заңдарына сәйкес жүргізеді. Міне осы мағынадағы партиялық принцип — табиғат пен қоғам құбылыстарын материалистік тұрғыдан түсіндірудің ғылыми негізі. В. И. Ленин марксизмнің жауларына қарсы күрес жүргізе отырып, буржуазиялық объективизмнің реакциялық мәнін, методологиялық негізін ашып берді, философияның партиялығы жөніндегі маркстік ілімді творчестволықпен дамытты.

Егер жұмысшы табы әртүрлі философиялық, діни, саяси тұжырымдаулардың сыртында белгілі бір таптың мүддесі тұрғанын сезе білмесе, ол онда үстем тап құрған сұрқия шырмаулардан құтыла алмайды деп В. И. Ленин баса көрсетті. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» кітабында махистердің (Базаров, Богданов, Юшкевич, Суворов, тағы басқалар) буржуазияның құйыршығына айналғандығын аяусыз әшкерелеп, өлтіре сынады. Махизмнің гносеологиялық және әлеуметтік тамырын ашып, оның таптық және партиялық сипатын дәлелдеп берді.

Махистер өздерінің философиясын (эмпириокритицизмді) материализм мен идеализмнен жоғары тұрған «ең жаңа философия» деп санады. Олар диалектикалық және тарихи материализм негіздеріне қарсы шықты, марксизмнің теориялық қағидаларын қайта қарап, жаңартпак болып әуре-сарсаңға түсті. Ал іс жүзінде махизм кәдімгі философиялық ревизионизмнің бір түрі ғана еді. Махистер диалектикалық материализмнің партиялығын сынай отырып, өздерін саясаттан, партиялық таластан жоғары тұрған соны ағым, ал эмпириокритицизм әлемді, дүниені ғылыми жолмен түсіндіретін шынайы ілім деп сөндіруге тырысып-ақ бақты. В. И. Ленин Европадағы және Россиядағы махистер философиясының жалған объективизмін, таптық табиғатын әшкереледі. Ол махистердің интроспекция, «дүние элементтері» теориясы, Авенариустың «принциптік координация» және Гельмгольцтің «символдар» (иероглифтер) теориялары, Оствальдтің энергетизмі, тағы басқа субъективтік идеалистік бағыттағы теориялардың тарихи тамырын ашып көрсетті. Махтың философиясы «ХХ ғасырдың жаратылыс тану ғылымының философиясы», «ең жаңа философия» деген пікірлер шындыққа ешбір жанаспайтын бос сөз еді. Өйткені махистердің жаңа философиясында сонау XVIII ғасырдағы ағылшын епископы Д. Берклидің субъективтік идеализмін, Юм мен Канттың агностицизмін сан құбылтып қайталаудан басқа ештеңе жоқ екендігін В. И. Ленин дәлелдеп берді. Махизм жаратылыс тану ғылымындағы бір ғана мектеппен (эмпириокритицизммен) байланысты, ал философия тұрғысынан алып қарағанда бұл — нағыз идеализмнің өзі. Эмпириокритицизм мен диалектикалық материализмнің теориялық негіздерін егжей-тегжейлі салыстыра келіп, бұл «жаңа ағымның» басқа философиялық мектептер мен бағыттар арасындағы алатын орнын анықтады.

Махистер философиядағы партиясыздық үшін, объективизм үшін күресеміз деп каншама езеуресе де олардың барлық «ғылыми» тұжырымы, теориясымағы бір арнаға келіп құяды, атап айтқанда олар диалектикалық материализмге шабуыл жасайды. «Барлық махистердің барлық шығармаларында басынан аяғына дейін материализм мен идеализмнен «жоғары көтерілмек» болған, осы «тозығы жепкен» қарама-қарсылықтан асып түспек болған топас ойлы құрғақ дәмені көресің, ал іс жүзінде бұл тумаластардың бәрі де материализмге қарсы жаппай

және үнемі күресе отырып, *минут сайын* идеализмге қарай шегініп отырады» (Шығармалар, 14-том, 374-бет).

Партиялықтың маркстік принципі диалектикалық материализм мен қазіргі жаратылыс тану ғылымының тығыз байланыста болуын талап етеді. Жаратылыстың, физиканың кейбір құбылыстарын дұрыс бағалап, таным ғылымын одан әрі дамытудың бірден-бір көзі диалектикалық методология болса, диалектикалық материализм қағидаларын дәйекті түсіндіруде жаратылыс тану ғылымдары үлкен көмек көрсетеді. Екеуі бірін бірі толықтырып отырады. Ал электрон мен радиоактивтік құбылыстың ашылуына байланысты болған жаратылыс тану ғылымындағы революцияны физиктердің теріс ұғыну себебі, олардың диалектиканы жете білмеуінде жатыр деп көрсетті В. И. Ленин. Бұл дағдарыстан құтылу жолын тек диалектикалық материализм ғана нұсқайды, деп үйретті ол. Демек, физиктер диалектикалық материализм жағына саналы түрде шығып, оның қағидаларын меңгеруге тиісті. «Қазіргі физиканың дағдарысының мәні, — деп жазды В. И. Ленин, — ескі заңдар мен негізгі принциптерді қиратуда болып отыр, санадан тысқарғы объективтік шындықты керексіз етіп тастауда, яғни материализмді идеализммен және агностицизммен ауыстыруда болып отыр» (Шығармалар, 14-том, 281-бет).

Сайып келгенде В. И. Ленин партиялықтың маркстік принципін жаратылыс тану ғылымының философиялық, методологиялық мәселелерін зерттеуде творчестволықпен қолданып, материяның философиялық анықтамасын, бейнелеу теориясын, материяның саркылмайтындығын, танымның диалектикалық сипатын және диалектикалық материализмнің басқа да қағидаларын дәйектеп берді.

В. И. Лениннің осы данышпандық еңбегінің бір тарауы «Эмпириокритицизм және тарихи материализм» деп аталады. Ұлы көсемнің бұл мәселеге арнайы тоқталып, егжей-тегжейлі талдау жасауы кездейсоқ емес-ті. Өйткені махистер өздерінің идеалистік көзқарасын қоғам жөніндегі ғылымға да тықпалап, оның диалектикалық табиғатын, мән-мазмұнын бекерге шығармақ болды. Адамзат қоғамы өзіне тән заңдар бойынша, физиологиялық немесе биологиялық ғылымның қайдағы бір заңдары бойынша дамиды деген махистердің пайымдауларының ғылымға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын теріс ұғым екенін Владимир Ильич бұлтартпай дәлелдеді. Ең бастысы, олар тарихи материализм қағидалары ескірді, оларды жаңарту қажет деген жел сөзді желеу етіп, капитализмнің сөзсіз күйреп, оның орнын социализм басатынын, бұл тарихи міндетті жүзеге асыру бірден-бір революцияшыл тап — пролетариаттың қолынан ғана келетінін мойындамады. Онымен қоймай, буржуазиялық философия отына май құятын осы теориясымағын олар жұмысшы табына қабылдатып, оны революциялық жолдан тайдыруды көкседі. Махистік «социологияның» буржуазиялық социологиядан ешбір айырмашылығы жоқ деп түсіндірді Ленин. Демек, махистер өз теориясын «бейтарап» философия деп қаншама өнешін жыртса да, олар белгілі таптың, оның партиясының — буржуазия мен оның партияларының жорын жоқтайды деп атап көрсетті Владимир Ильич.

«Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде В. И. Ленин философияның партиялық принципін дамыта, дәлелдей келіп, реакция идеологтарының — махистер мен олардың Россиядағы жандайшаптарының ревизионистік әрекетінің тағы бір зиянды кеселін әшкереледі. Махистер өздерінің реакциялық философиясын «бейтарап» философия, материалистерден де, идеалистерден де жоғары тұрған жаңа философия деп жариялап, оны өмірден, қоғам тірлігінен тыс қарады. В. И. Ленин маркстік философияның партиялық философия екенін, оның құрамды бөліктерінің біртұтас бірлігін атап көрсете келіп, махистер әрекетінің астарлы мазмұнын ашып берді. Владимир Ильич партияның дүниеге көзқарасы мен саясатының арасында тікелей тығыз байланыс

барлығын дәлелдеді. Маркстің экономикалық және саяси теориясын материалистік философиядан бөле-жарып алмақ болған ревизионистердің залымдығын әшкерелей келіп В. И. Ленин: «марксизмнің саяси жолы... оның философиялық негіздерімен тығыз байланысты» деп атап көрсетті (Шығармалар, 15-том, 413-бет).

Маркстік философияға опасыздық жасау мен оппортунизм арасында нақ осындай байланыс бар. Бұған реакция жылдарындағы меньшевиктердің іс-әрекеті толық дәлел болады. Маркстік философияның негіздерін қайта қарауды ұсынған меньшевиктер саясатта партияның революциялық ұрандарынан бас тартып, құпия партия ұйымдарын таратуды, астыртын жұмысты тоқтатуды талап етті. Сөйтіп философияда ревизионизмге белшесінен батса, саясатта жойымпаздық бағыт ұстады.

«Маркс пен Энгельс бастан-аяқ философияда партияшыл болды, — деп жазды В. И. Ленин осы тарихи еңбегінде, — қандай болса да, «ен жаңа» бағыттардың бәріндегі материализмнен шегінгендіктерді және идеализм мен фидеизмнің ыңғайына көшкендерді ашып әшкерелей білді» (Шығармалар, 14-том, 372-бет). Марксизм классиктерінің осы жауынгерлік дәстүрін берік сақтап, әрдайым қолданып отырған Владимир Ильичтің өзіне де осы сөздерді арнауға әбден болады. В. И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» кітабында буржуазиялық идеология «ыңғайына көшкендерді» — махистерді, Богдановтарды аяусыз әшкереледі. Буржуазиялық идеология мен социалистік идеология арасындағы күрес ешуақытта ымыраға келмейтінін В. И. Ленин әрдайым ескертіп отырды.

Қазіргі буржуазиялық философия мен социология партиялық принципті, қоғам даму заңдарының объективтік сипатын, әлеуметтік прогресті жоққа шығаруға әрекеттенуде. Буржуазия социологтары дәурені өтіп бара жатқан капитализмді сақтап қалуға барлық күш-жігерін салады. Антикоммунизм — буржуазия идеологиясының ресми де негізгі бағытына айналды. Олар да бір кездегі Беркли мен Мах сияқты диалектикалық және тарихи материализмнің негізгі қағидаларын қайта қарап, «жаңа философия», «соны» қағидалар жасамақ болып арам терге түсуде. Сол социологтардың бір тобы «психологиялық» дейтін мектеп құрған. Оның өкілдері қоғамның сипаты психологиялық факторларға байланысты деп біледі. Капиталистік қоғамда еңбекшілердің қайыршылануын олар капиталистік жеке меншіктің салдары емес, жұмысшы психикасының жетілмегендігінен деп түсіндірмек болады. Сондықтан олар қоғамдық прогресті өрістету үшін капитализмді жою шарт емес, бұл үшін психиканы жетілдіру қажет деп ақыл үйретеді. Олар адамның адамды қанауы, тонаушылық соғыстар, отаршылдық пен нәсілшілдік, капитализмнің басқа да маскара мерездері «жаратылыстың заңы», олай болса капитализм де мәңгілік әлеуметтік құрылыс деп дәлелдемек болады.

Қазіргі социология мен философиядағы түрлі бағыттардың: А. Тойнбидің «тарихи шыр айналу», неопозитивизм, экзистенциализм, прагматизм, неотомизм сияқтылардың түпкі мақсаты, төркіні бір, олар философияның партиялық принципін, таптар күресін, әлеуметтік прогресті жоққа шығарады. Кезінде В. И. Ленин айтқандай, олар тарих тасқынын бөгеп, тарих дөңгелегін кері айналдыруға әрекеттенуде. Бірақ буржуазия идеологтары қаншама жанталасса да, тарихи дамудың барысы, социализмнің, дүние жүзілік социалистік системаның жеңістері империализм идеологиясының күлін көкке ұшыруда. Капиталистік системаның ыдырап, күйрейтініне прогресшіл адамзаттың көзі жете түсуде. Осының бәрі — ленинизмнің жеңісі мен маркстік-лениндік партиялық ілімнің күдіретті күшінің тамаша айғағы.

Қазіргі заман — екі әлеуметтік системаның: капитализм мен социализмнің арасындағы күрес заманы. Социалистік система өсіп, нығая түсіп, қоғамдық дамудың шешуші факторына айналып отырса, капиталистік система іштен іріп, барған сайын құлдырап барады. Ал мұны

ревизионистердің мойындағысы келмейді. Дегенмен қазіргі капиталистік елдерде антагонистік таптар мен партиялар арасындағы күрес одан әрі шиеленісе түсуде. Еңбек пен капитал арасындағы қайшылық пен шайқас мемлекеттік-монополистік капитал үстемдік еткен қазіргі кезеңде бәсеңдеген жоқ, қайта оған ұлттар мен монополистік топтар арасындағы қайшылықтар қосылып, тереңдей түсті. Империализмнің отарлық саясаты күйреуде. Міне осы жағдайда буржуазиялық идеология мен коммунистік идеология арасында бітіспейтін күрес онан сайын күшеюде. Ленинизмнің қазіргі жаулары, әсіресе ревизионизм және догматизм қоғамдық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру мен партиялық принцип қатар өмір сүре алмайды деп даурығып, социализмнің теориялық тұғырын әлсіретіп, реті келсе құлатуға тырысуда және бұл жолда қолдан келген амалын істеп бағуда. Егер бұрынғы ревизионистер марксизмді Кант және Мах есімдерімен байланыстырса, онда қазіргі ревизионистер марксизмді экзистенциализммен (өмір сүру философиясымен), абстрактылы буржуазиялық гуманизм философиясымен ұштастыруға тырысып отыр.

Қазіргі дүние жүзілік жұмысшы және коммунистік қозғалыстағы ең қауіпті жау — ревизионизм. Қытайдағы солшыл ревизионистік топтар «Мао идеяларын» қытайлық марксизм деп даурығуда. Ревизионистер марксизм-ленинизм бірегей интернационалдық ілім болудан қалды деп сандырақтауда. Шынында ешқандай да ұлттық марксизм болған емес және болмайды да. Бұл дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың мызғымас бірлігіне, партиялықтың лениндік принципіне қарсы бағытталған пиғыл.

Бүгінгі ревизионистер диалектикалық материализмнің сара жолынан тайып, қоғамдық құбылыстарға объективтік, партиялық баға бере алмағаны былай тұрсын, марксизм-ленинизмнің революциялық рухына кесір-кесапатын тигізуде. Сондықтан да КПСС Программасында, партияның XXIII съезі мен КПСС Орталық Комитеті апрель Пленумының тарихи шешімдерінде қазіргі уақытта капитализм мен социализм арасындағы идеологиялық күрестің шиеленіскені, капиталистік система қайшылықтарының өрши түскені, пролетариаттың тап күресінің күшейгені атап көрсетілді. Бір кезде В. И. Ленин қойған: не буржуазиялық идеология, не пролетарлық идеология деген мәселе бүгінде әрбір ел үшін ғана емес, бүкіл дүние жүзілік маңызы бар мәселе болып отыр. Сондықтан партиямыздың программалық документтерінде халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігін барынша нығайту міндеті ерекше атап көрсетілген. «Біз бұдан былай да ревизионизмге, догматизмге қарсы, ұлтшылдық көріністерге қарсы ымырасыз күрес жүргізе береміз, маркстік-лениндік ілімді творчестволықпен дамытуды жақтай береміз» делінген КПСС Орталық Комитетінің партияның XXIII съезінде жасаған есепті баяндамасында.

Қазіргі заманғы буржуазиялық философияның негізгі бағыты — антикоммунизм. Империализмнің бүгінгі идеялық қаруы да осы. Империалистік буржуазияның идеологиясына, идеализмге және ревизионизмге қарсы айбынды күрес жүргізе отырып, КПСС пен туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары марксизм-ленинизмді творчестволықпен қолданып, одан әрі дамыта түсуде, партиялық принципті берік сақтауда. Бұл жолда коммунистер В. И. Лениннің нұсқауларын, ленинизмнің революциялық ілімін басшылыққа алып отыр.

Т. ЖАНКЕЛДИН,
Ә. НЫСАНБАЕВ,
философия ғылымының кандидаттары.

ӨЗГЕРГЕН ӨНІР

Н. ЖУРИН,

Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Бүгінгінің мәнін түсіну үшін өткенді де білу керек деген бар. Ал Ақтөбе облысының өткеніне көз жіберсек, Октябрь революциясына дейін ол экономикасы мешеу, мәдениеті жадау патшалы Россияның шет аймағы еді. Патшаның отаршылдық саясаты мен қазақ аулындағы патриархтық-феодалдық қарым-қатынас бүкіл Қазақстандағы сияқты бұл өлкенің де өндіргіш күштерін өркендетуге бөгет болды. Қойнауы қазынаға толы осы аймақта 1913 жылы былғары өңдейтін, сабын қайнататын, жүн жуатын, ұн тартатын ұсақ-түйек 114 кәсіпшіліктен өзге, ірі өнеркәсіп орны атымен жоқ еді.

Ауыл шаруашылығының жағдайы да мүшкіл еді. Жерағаштан басқа құралы жоқ шаруа байғұс табиғатқа бүтіндей тәуелді болатын. Тырбанып еккен аядай жерінен әйтеуір құралақан қалмаса, соны місе тұтатын. Ал бір уездің орталығы Ақтөбе қаласының өзі ше? Сынық көз терезесі сығырайған мыжырайған жер үйлер, көшедегі көлкіген батпак, үйілген құмнан жаяу тұрмақ атты адам әзер өтетін сыйықсыз қалашық еді.

Тек азаттық таңы атып, Совет өкіметі орнаған соң ғана бұл өңірге жаңа өмір келіп, жаңа шырай бітті. Еліміз өткен тарихи ұлы белестер — елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, мәдени революция — облыс бейнесін танымастай етіп өзгертті. Бұл күнде Ақтөбе өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы қарыштай дамыған аймаққа айналды.

Ақтөбе облысында қазір 103 өнеркәсіп орны бар, оларда 24 мыңға жуық жұмысшылар істейді. Құрылыс жұмыстарын жүргізетін 24 трест, басқармалар мен мекемелер өз алдына. «Ол шеті мен бұл шеті айшылық жол» Ақтөбе өңіріне 96 совхоз, 45 колхоз орналасқан. Кәсіпорындарда, совхоздар мен колхоздарда ондаған мың адам еңбек етеді. Олардың ішінде оза шауып жүлде алған өрендер де аз емес. Ал еліне ерекше еңбек сіңірген 95 адам — Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ иесі.

Совет өкіметі орнаған соң-ақ облыс өрлеу жолына шықты. Қысқа мерзім ішінде қуатты өнеркәсіп индустриясы жасалды, механикаландырылған ірі ауыл шаруашылық өндірісі құрылды, гүлденген социалистік мәдениет өркен жайды.

Облыстың қазіргі индустриялық бейнесін танытатын республикадағы қара металлургияның тұңғышы — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы атындағы Ақтөбе ферросплав заводы, Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы химия комбинаты, Ақтөбенің хром қосындылары заводы, Кеңқияқ мұнай кәсіпшілігі, Ақтөбенің рентген жабдықтары заводы, Донск хромит кендері, Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы трикотаж фабрикасы сияқты кәсіпорындар бар.



Кейбір өнеркәсіп өнімдерін шығару жағынан облыс республикада ғана емес, одақта алдыңғы орындардың бірінде келеді. Облыс өнеркәсіп орындары шығарған өнімдерді еліміздің түкпір-түкпірінен, көптеген шет елдерден кездестіруге болады. Актөбенің ферросплавын, хромит кенін, рентген жабдықтарын әлемнің 66 елі сатып алады. Шетелге өнім шығаратын республикадағы он заводтың үшеуі Актөбеде.

Әсіресе соңғы он жылдағы өрлеу қарқыны ерекше. Осы мерзім ішінде өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі бұрынғыдан 2,5 есе артты. Бұл көрсеткіш машина жасау өнеркәсібінің саласында 4,5 есеге тең. Ал құрылыс материалдары өнеркәсібін бүтіндей қайта құрылды десе болғандай. Мәселен, 1960 жылы небәрі 10 мың текше метр темір бетон өндірілген болса, қазір оның көлемі 130 мың текше метрден асып түсіп отыр. Егер 1960 жылы ірі панельден үй салу дегеннің не екенін білмеген болсақ, қазір жылына 50 мың шаршы метр тұрғын үй салатын құрылыс материалдарын шығара аламыз.

Бесжылдықтың үш жылының қорытындысында облыс халық шаруашылығының барлық саласында айтарлықтай табысқа жеттік, яғни өнеркәсіп өндірісінің көлемі мен өнім өткізу, транспорттағы жүк айналымы, құрылыс қарқыны, бөлшек сауда айналымы, еңбекшілердің нақты табысының өсуі сияқты негізгі көрсеткіштер бойынша белгіленген жоспар артырымен орындалды. Облыс еңбекшілерінің қажырлы да жасампаз еңбегінің нәтижесінде алып фабрикалар, жаңа цехтар, жайлы тұрғын үйлер мен сәулетті мектептер пайда болды.

Өнеркәсіп өнімдерін өндірудің жалпы көлемі үш жыл ішінде 1965 жылмен салыстырғанда жоспарда белгіленген 20,9 процент орнына 25,2 процент өсті. Бұл уақыт ішінде жоспардан тыс 23,7 миллион сомның өнімі шығарылды. Ферросплав, хром тұздарын, минералдық тыңайтқыштар өндіру, кірпіш күйю жоспары асыра орындалды.

Бесжылдықтың жоспары мен социалистік міндеттемені асыра орындағандар арасында Октябрь революциясының 50 жылдығы атында-

ғы ферросплав заводы, хром қосындылары, лак-бояу, силикат қабырғалар материалын жасайтын заводтар, Енбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы химия комбинаты, тігін және тоқыма-трикотаж фабрикалары бар. Бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын жүзеге асыру жолындағы қуатты қозғалыс «Бесжылдықты — мерзімінен бұрын орындаймыз!» деген ұранмен өріс алуда.

Бұл бесжылдықта күрделі құрылыс, құлаш жайды. Өткен үш жылда жылына 17,5 миллион ішкім беретін Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы трикотаж фабрикасы, жылына 70 мың текше метр темір бетон шығаратын темір бетон бұйымдары заводы, жаңадан ашылған Кеңкияқ мұнай кәсіпшілігінің бірінші кезегі, «Актюбрентген» заводының ірі цехы мен мебель фабрикасы өнім бере бастады. Жаңадан екі элеватор салынып, мың километрден астам жоғары вольтты электр жүйесі тартылды. Колхоздар мен совхоздарда көптеген өндіріс, мәдени-тұрмыс объектілері іске қосылды. Үш жыл ішінде ғана салынған жалпы көлемі 311,3 мың шаршы метр тұрғын үй облыс еңбекшілерінің игілігіне берілді. Үш жылда күрделі құрылысқа 250,3 миллион сом қаржы жұмсалды.

Жер қойнауын зерттеушілердің халық шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі де елеулі. Батыс Қазақстан комплексті геологиялық-барлау экспедициясының кәсіпорындары соңғы кездерде мыс пен антофиллит-асбестін бірнеше кен орнын ашты, басқа да асыл металдар қорының бар екенін дәлелдеп берді; шыны жасалатын құм, флюсті әктер, гипс қорының запасын мұқият зерттеп, анықтап шықты.

Бұл табыстар партиямыздың жан-жақты ойластырылған экономикалық саясатының жемісі. Мұның өзі партия ұйымдарының бұқара арасында тынбай жүргізіп келе жатқан ұйымдастырушылық және саяси-тәрбие жұмыстарының нәтижесі. Бесжылдық тапсырмаларын орындаудағы біздің табыстарымыз экономиканы басқару ісін жақсарту түсу жөнінде партияның қолданып отырған шараларының өмірлік күшін көрсетеді. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1965 ж.) Пленумынан кейінгі кезең өнеркәсіп орындарында экономикалық реформаның аса тиімді екенін дәлелдеп отыр.

Бізде 44 өнеркәсіп орны, Қазақ темір жолының Ақтөбе бөлімшесі және облыстық өндірістік автотрест жоспарлаудың жаңа жүйесіне көшті. Жалпы өнеркәсіп өнімінің 74 проценті жаңа жүйеге көшкен кәсіпорындардың үлесіне тиеді.

Ақтөбе металлургиялары бағалы бастама көтерді. КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысынан кейін ферросплавшылар өздерінің бұрынғы социалистік міндеттемелерін қайта қарады. Олар бесжылдық жоспарды мерзімінен екі ай бұрын орындап, жоспарға қосымша тағы да 5 миллион сомның өнімін беруге, металдың сапасын жақсартып, оның өзіндік құнын кемітуге ұйғарып отыр. Ескерер бір ерекше жәйт — бұл міндеттемелерде еңбек өнімділігін арттыру жөнінде жаңа белестер белгіленуде.

Өнеркәсіп орындарының, транспорт, байланыс бөлімдерінің коллективтері металлургиялардың бастамасын қолдап, олар да өздерінің бұрын қабылдаған міндеттемелерін қайта қарады. Өнеркәсіп орындарының коллективтері өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жөніндегі бесжылдықтың тапсырмасын 1970 жылғы 7 ноябрьге орындап, жоспардан тыс 30 миллион сомның өнімін, оның ішінде халық тұтынатын 14 миллион сомның товарларын шығаруға ұйғарды. Сондай-ақ олар еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі бесжылдық тапсырманы 1970 жылғы 22 апрельде — В. И. Лениннің туған күніне орындап шықпақ.

Өнімнің сапасын жақсарту, шикізатты, материалдарды, отын мен электр қуатын үнемдеу жөнінде де жаңа меже белгіленді. Ал жаңа техниканы, озат технологияны, рационализаторлық ұсыныстар мен жаңа-

лықтарды өндіріске енгізу негізінде кемінде 18—20 миллион сом мемлекет қаржысын үнемдеу көзделіп отыр.

Өнеркәсіп, транспорт, құрылыс орындарының коллективтері социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты еңбек тартуымен қарсы алуға бар күш-жігерлерін жұмылдыруда.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін облыстың ауыл шаруашылығы да мешеу болды. Қазақ халқының басым көпшілігі көшпелі еді. Кедей шаруалар жоқшылықтың ауыртпалығынан азап шекті.

Ауыл шаруашылығының артта қалғанын мына фактілер де аңғартады. 1913 жылы Ырғыз уезінде үш үйге бір плуг келетін. Маман атаулыдан облыс өңірінде небәрі 13 агроном болған. Басқа мамандық иелері жоққа тән еді.

Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығын ауызға алғанда механикаландырылған, көп салалы өндірісі бар 96 совхоз бен 45 колхозды айтамыз. Егін даласында қазір онбес аттың күшімен есептегенде 25 213 трактор, 4 мыңнан астам астық комбайны, басқа да көптеген техника жұмыс істейді. Совхоздар мен колхоздар мемлекетке қыруар астық, ет, сүт, жүн, жұмыртқа, өзге де ауыл шаруашылық өнімдерін сатады.

Ауыл шаруашылығының барлық саласы жедел дамуда. Мұның өзі Владимир Ильич Лениннің кооперативтендіру жөніндегі өсиетін бұлжытпай жүзеге асырудың айғағы, ауыл шаруашылығы өндірісін өрте бастыруға Коммунистік партияның үнемі қамқорлық жасауының жемісі.

Бұл бесжылдықтың ерекше белгісі — ең алдымен егіншілік мәдениетін көтеру, ауыспалы егіс әдісін игеріп, оны өндіріске енгізу, сортты тұқым өсіру ісін жолға қою, жерді өндеудің тиімді жүйесін қолдану, егісті қолайлы мерзімде сапалы жүргізу нәтижесінде астық өндірісінің едәуір артқандығы болып отыр.

Бесжылдық совхоздар мен колхоздарда жана бір творчестволық еңбек шабытын туғызды, еңбекшілердің әл-ауқаты жақсарды, село мен ауылдың ажары айшықтала түсті. Колхоздар мен совхоздар мемлекетке астық, ет, сүт, жүн, жұмыртқа сатудың жоспарын өткен үш жыл бойы асыра орындап келеді. Ал былтырғы жылдың табысы бәрінен де айрықша болды. Облыс бойынша дәнді дақылдың әр гектарынан орташа есеппен 10,2 центнерден өнім жиналды. Егіні бітік шыққан Ленин ауданының колхоздары мен совхоздары әр гектардан 16,4 центнерден, Мартөк ауданы — 15,8 центнерден, Қобда ауданы — 12,5 центнерден өнім алды. Мұның өзі де орташа көрсеткіш. Өйткені жерді жақсы өңдеп, дақылды ойдағыдай күтіп-баптай білген шаруашылықтар мұнан да мол өнім жинады. Мәселен, Мартөк ауданының Чапаев атындағы колхозында дәнді дақылдың әр гектарынан жиналған өнім 22,5 центнерден айналса, Киров атындағы колхоздың көрсеткіші — 21,4 центнерге тең болды. Бұларды өкшелеп жүрген басқа да шаруашылықтар аз емес. Әйтсе де мұндай бітік егін, мол өнімді Ақтөбе өңірінің дикандары бұрын-соңды көрген емес.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуын және республикамыздың 50 жылдық мерекесін лайықты тартулармен қарсы алуға қызу әзірленген облыс колхоздары мен совхоздары 1968 жылы мемлекетке астық сату жөніндегі өздерінің міндеттемелерін асыра орындады. Отан қоймасына жоспарланған 22,5 миллион пұт орнына 63 миллион пұт алтын дән құйды. Оның 47 миллион пұты ақ бидай. Әрине, шаруашылықтар да өздеріне қажетті тұқым, жем қорын құйып алды.

1968 жылдың социалистік міндеттемесін ойдағыдай орындаумен қатар Мартөк, Ленин, Алға, Ойыл аудандарының колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық сату жөніндегі бесжылдық жоспарын үш жылда орындап шықты. Облыс бойынша алғанда мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспары 98,1 процент орындалып отыр.

Тың төсіне орналасқан көптеген шаруашылықтар нағыз астық фабрикасына айналды. Айталық, Карл Маркс атындағы, Дзержинский атындағы «Междуреченский» сияқты совхоздардың әрқайсысы Отан қоймасына бір жарым миллион пұттан астық кұйды. Ал облыстың отыз шаруашылығы мемлекетке миллион пұттан астық сатты.

КПСС Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету жөніндегі март (1965), май (1966) Пленумдары мен КПСС XXIII съезінің шешімдерін ойдағыдай жүзеге асырудың нәтижесінде, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің егіншілерге деген шексіз қамқорлығының арқасында ғана осындай зор табысқа қол жетіп отыр.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан кәсіподақтары Советінің ауыспалы Қызыл тулары мен 5 мың сом мөлшеріндегі ақшалай сыйлықтары мемлекетке 155,6 мың тонна астық сатқан Ленин ауданына, мемлекетке 14 мың тонна тары сатқан және жалпы астық сату жоспарын 288 процент орындаған Қобда ауданына, етті қой шаруашылығын өркендеткен Шалқар ауданына тапсырылды.

Облыстық партия комитеті, облыстық Совет атқару комитеті мен облыстық кәсіподақтары советі 1968 жылдың қорытындысында мына аудандарға: астық пен сүтті мол өндіріп, көп сатқаны үшін — Мартөк ауданына, қой шаруашылығын өркендетудегі табысы үшін — Шалқар ауданына; жылқы және түйе шаруашылығын өркендетудегі тәуір көрсеткіштері үшін — Ырғыз ауданына ауыспалы Қызыл ту тапсырды. Мемлекетке астық тапсырудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын, үш жылда орындап шыққан Мартөк, Ленин, Алға, Ойыл аудандары, 53 совхоз бен колхоз Ақтөбе қаласындағы Владимир Ильич Ленин атындағы алаңға орнатылған облыстық Құрмет тақтасына жазылып, «Лениндік бесжылдықтың ерлік еңбек кітабына» тіркелді. 95 колхоз бен совхоз облыстық партия комитетінің, облыстық Совет атқару комитеті мен облыстық кәсіподақтары советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

1968 жылдың қорытындысында Мартөк ауданының Киров атындағы және «Красный пахарь» колхоздары, Ленин ауданының «Передовик» колхозы «Егіншілік мәдениеті жоғары коллектив» деген құрметті атаққа ие болды. Олар дипломдармен наградталды, «Еңбек даңқы» кітабына жазылды.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумының маңызы ерекше. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежневтің баяндамасында, сондай-ақ Пленум шешімдерінде елімізде ауыл шаруашылығын жедел қарқынмен дамытудың келелі міндеттері көрсетілді. Облыс партия ұйымы осы міндеттерді өз жұмысының жауынгерлік программасы деп біледі.

Былтыр ноябрьде облыстық партия комитетінің пленумы болып өтті. Онда КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумының қорытындылары қаралып, облыс партия ұйымының міндеттері талқыланды. Пленумда облыс ауыл шаруашылығын өркендетудің нақты шаралары белгіленді. Әсіресе ауыл шаруашылығын өркендетуге кедергі болып отырған кемшіліктерді жедел жою, колхоз, совхоз өндірісіндегі барлық резервтерді сарқа пайдалану, сөйтіп бесжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу жөнінде келелі әңгіме болды.

Биыл астық өндірісін арттыру және егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің өзге түрлерін молайту жөніндегі мәселе барлық колхоздар мен совхоздардың, астық өнімдері, орман және су шаруашылығы, өнеркәсіп және құрылыс кәсіпорындарының бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында талқыланды. Сондай-ақ аудандық партия комитеттерінің пленумдары, облыстық және қалалық актив жиналыстары болып өтті. Оларда да биыл егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін арттырудың шаралары белгіленді. Астықты және егіншіліктің басқа өнімдерін өндіруді ұлғайту алда тұрған айбынды міндет еке-

нін ескере отырып, облыстың колхоз, совхоздары биыл егіс көлемін жоспардағыдан жүз мың гектар көбейтуге, оған түгелдей дәнді дақылдар себуге ұйғарған болатын.

Міне осыған орай облыстың колхоздары мен совхоздары өздеріне жаңадан социалистік міндеттеме қабылдады. Биыл олар мемлекетке кемінде 577 мың тонна астық, 67,5 мың тонна ет, 52,7 мың тонна сүт, 6 817 тонна жүн, 15,4 миллион жұмыртқа сатуды көздеп отыр.

Бұл — мүмкіншіліктер мен резервтерді мұқият зерттеп, жан-жақты есеп жасау негізінде қабылданған нақты жоспар. Оның іс жүзіне асатындығына күмән жоқ. Оған қазіргі егіс даласындағы ерекше еңбек қарқыны, көпті қамтыған жалынды жарыс кепіл. Бұл өрлеу, бұл шабыт ұлы көсемнің есімімен байланысты. Өйткені В. И. Лениннің мүшелді мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін облыс диқандары мен механизаторлары мол өнім жолындағы күрестің алдыңғы шебінде аянбай еңбек етуде.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі совет халықтарының жаңа мәдениетін — социалистік мәдениетін өркендетуге жағдай жасады. Мәдениет революциясы елімізде социализм орнату жөніндегі лениндік жоспардың айырғысыз бір бөлігі болды.

Жаңа мәдениет өсіп-өркендеу жолында көптеген кедергілерге кездесті. Өйткені бұл істің өзі тыңнан басталды. Оған бір-екі фактінің өзі дәлел бола алады. Мәселен, 1913 жылы облыс көлеміндегі мектептерде небәрі 7 400 бала оқыған екен де, шағын ғана кітап қоры бар 12 кітапхана болыпты. Ал клуб сияқты мәдениет ошақтары селолар мен ауылдарда атымен жоқ еді. Тіпті оның не екенін жұрт білмейтін де.

Оның үстіне халық түгелдей сауатсыз болатын. Хат танытындар бүкіл Қазақстандағы сияқты мұнда да 2 проценттен аспайтын. Мектеп дегеніңіз саусақпен санарлықтай ғана еді.

Ал қазір ше? Айырмашылық жер мен көктей. Облыста жалпы білім беретін 600 мектеп бар, онда 120 мыңнан астам жас түлектер білім алуда. Былайша айтқанда, облыста 5 адамның біреуі оқиды.

Облыстың шалғай түкпірінде тұратын балаларға арналып 2 мың орындық 6 мектеп-интернат ашылды. Мектептерде 6 мыңға жуық мұғалім жұмыс істейді. Халық шаруашылығының әр саласында 22 мыңнан астам жоғары білімді мамандар қызмет атқарады. Мектеп шын мәнінде бүкіл халықтың қамқорлығына бөленуде. Мектептердің бейнесі де бүтіндей өзгерді. Сәулетті білім сарайлары қазір қалаларда ғана емес, кез келген селода, кез келген ауылда бар.

Арнаулы орта және жоғары білім беру оқу жүйесі де өрістей түсуде. Медицина және педагогика институттарында, кооператив, құрылыс, химия-механика, индустриалық, педагогикалық техникумдарда қазір 5 мың жас оқып жүр. Жыл сайын оларды 800 жас маман бітіріп, өмірге, өндіріске жолдама алады. Институттар мен техникумдарда 430 оқытушы жұмыс істейді. Сол ұстаздар арасында 62 адам ғылым докторы мен кандидаты.

Қазіргі мәдениет бейнесін клубтар, мәдениет үйлері мен мәдениет сарайлары, кітапхана жүйелері танытады. Мәдениет базаларын нығайтуға, мәдени-көпшілік жұмыстарының формаларын жетілдіруге, клубтар мен кітапханалардың жұмысын жандандыра түсуге ерекше назар аударылып отыр. Бұл маңызды мәселе, зор міндет! Облыста қазір 388 мәдениет мекемесі, соның ішінде 340 клуб, драма театры, филармония, тарихи-өлке тану музейі, планетарий, бірнеше халық театры жұртшылыққа қызмет етуде.

Кино — халық өмірінен берік орын алды. Еңбекшілердің мәдениетін көтеруде оның атқаратын ролі зор. Қазір облыста 536 киноқондырғы жұмыс істейді. Жыл сайын 10 миллиондай адам кинофильмдер көреді.

Адамның рухани жан дүниесін байытуда кітаптың алар орны ай-

рыкша. Кітап — қашан да мәдениет жаршысы, білім бұлағы. Міне сондықтан да партия ұйымдары кітапханалардың жұмысын жақсарту түсуге барынша көңіл бөледі. Қазір облыс кітапханаларының кітап қоры 3,5 миллион данаға жетіп отыр. 260 мың адам кітапханалардың тұрақты кітап оқушылары. Мұның өзі облыста екінші бірі кітап оқиды деген сөз. Әділін айтсақ, бұл қуанарлық жай. Облыс еңбекшілері-көптеген газеттер мен журналдарды үнемі алып тұрады. Биыл олар 500 мың данадан астам газет-журналдарға жазылды. Әсіресе еңбекшілер қауымының мәдени дәрежесінің өскенін мына фактіден айқын көруге болады. 1968 жылы халыққа 1 146 мың сомның кітабы сатылды.

Әсіресе соңғы үш-төрт жылдың ішінде облыс еңбеккерлерінің мәдени өмірінде елеулі өзгерістер болды. Қазір халықтың бестен бір бөлігі күн сайын телевизиядан Москваның, Алматының, басқа да қалалардың, тіпті «Интервизия» хабарларын көріп, тыңдай алады. Жақында Ембі, Шалқар аудан орталықтарында ретрансляторлар салынып, іске қосылды. Бұл шалғай ауылдардың мәдени өміріне соны бір леп әкелді. Енді колхоз, совхоз орталықтарында ғана емес, сонау алыстағы мал отарларындағы шопандар семьясы да телевизор көретін болады.

Революцияға дейін Ырғыз, Торғай уездерінде 87,5 мың шаршы километр территорияға бір дәрігерлік пункттен келген екен. Туберкулез, мерез, қотыр, шешек, сүзек сияқты жұқпалы аурулар елге нағыз тажал еді. Дәрігер орнына бақсы-балгер, молда-тауіп жүретін.

Қазір денсаулық сақтау жүйесінде 96 емдеу мекемесі, 9 диспансер, 22 арнаулы бөлімше, түрлі кабинеттер, ауруханалар мен емханалар жұмыс істейді. Олар жылына 100 мыңға тарта адамды тексеруден өткізіп, қажет болған жағдайда дәрігерлік жәрдем көрсете алады. Облыста 620 дәрігер бар. Балдырғандарды мәпелейтін 173 балалар бақшасы мен 12 мың орындық яслиі еңбекшілер игілігіне қызмет етуде. Жаз болса 8 мың оқушы пионерлер лагерінде дем алады.

Еліміздегі коммунизм құрылысына облыс еңбекшілерінің қосқан үлесін Коммунистік партия мен Совет үкіметі аса жоғары бағалады. Астық, ет, сүт және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудегі және дайындаудағы табыстары үшін 1966 жылы октябрьде Ақтөбе облысы Ленин орденімен наградталды. Социалистік экономика мен мәдениетті өркендетудегі жетістіктері үшін КПСС Орталық Комитеті, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы, СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы құрметіне Ақтөбе облысын КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің Ескерткіш Туымен наградтады.

Жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның қажырлы еңбегінің бұлайша жоғары бағалануы оларды коммунизм құрылысы жолындағы ерлік істерге бұрынғыдан да құлшындыра түсуде. Облыс еңбекшілері Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен республикамыздың 50 жылдық мерекесі құрметіне еңбек вахтасына тұрып, бесжылдық жосларды мерзімінен бұрын асыра орындау үшін социалистік жарысты кең өрістетуде.

КҮРЕС ДАБЫЛЫ

(КОСТАНАЙ ЕҢБЕКШІЛЕРІ КӨТЕРІЛІСІНІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА)

Бұдан жарты ғасыр бұрын Қостанай уезінің еңбекшілері ақ гвардияшыларға қарсы, Совет өкіметін қайта орнату жолында күреске шықты. Лениндік партияның жалынды жауынгерлері басшылық еткен осы бүкіл халықтық көтеріліс жас Совет өкіметіне шығыстан қатер төндірген Колчактың жеңдет армиясын күйретуге қосылған елеулі үлес және сонымен бірге азамат соғысының ерлік тарихының бір көрнекті беті болды.

Ішкі контрреволюцияшыл күштердің демеуіне сүйенген ақ чехтар корпусының бүлігінен кейін, шетел интервенттері қолдаған адмирал Колчактың әскері Москваға «жорыққа» шыққан бетінде азық-түлігі, жем-суы мол Қостанай уезі, Торғай даласы арқылы Ақтөбе майданында ерлікпен күресіп жатқан Қызыл Армия бөлімдерінің ту сыртынан өтіп, Деникиннің армиясымен қосылуға ұмтылды. Олар жол-жөнекей Совет өкіметін құлатып, ескі тәртіпті қалпына келтірді, билікті жергілікті бай-кулактарға, контрреволюция күштеріне беріп, большевиктерді аяусыз жазалап отырды.

Қостанайды басып алысымен контрреволюционерлер уездегі Совет өкіметінің органдарын таратып, оның орнына революцияға дейінгі ауылдық, селолық, болыстық управаларды құрды. Ақ чехтар, ақ гвардияшылар қазақтың буржуазиялық ұлтшылдарымен ауыз жаласып, одақ жасады. Олар Совет өкіметінің барлық қарарларын жоққа шығарды, кедейлерге берілген жерді зорлықпен тартып алып, бұрынғы қожаларына қайтарып берді. Шаруалардан күштеп алым-салық ала бастады. Зорлық-зомбылық, паракорлық, жүгенсіздік күнделікті әдетке айналды. Ол ол ма, ақ гвардияшылар шаруалардан әскерге зорлап адам алуға тырысты. Бірақ ашынған халық контрреволюциялық тәртіпке қызмет етуден бас тартып, қатты наразылық білдірді. Совет өкіметіне қарсы шыққысы келмеген шаруаларды контрреволюционерлер жаппай жазалауға кірісті. Олардың жүгенсіздігінің шегі болмады. Мысалы, Львов поселкесінде колчак жеңдеттері сойылға жығылған 12 адамды Тобыл мұзының астына тірідей батырып жіберді. «Қазір Колчак туралы шындық (ал Деникин — оның сыңары) толық әйгіленді, — деп жазды В. И. Ленин. — Он мыңдаған жұмысшылар атылған. Тіпті меньшевиктер мен эсерлер де атылуда. Тұтас уездердің шаруаларына дүре соғылуда. Жұрт көзінше әйелдерге де дүре соғылуда. Офицерлердің, помещик ұлдарының өктемдігі мейлінше асқынулы. Талау дегенде шек жоқ. Колчак пен Деникин туралы шындық міне осындай» (Шығармалар, 29-том, 436-бет).

Алайда еңбекші бұқара ақ гвардияшылардың қанқұйлы тәртібіне көніп отыра алмады. Халықтың ызалы кегі қайнап, өрши түсті. Колчак тылында партизан қозғалысы өріс алды. Совет өкіметінің ішкі және сыртқы жаулармен күресінде бұл қозғалыстың маңызы өте зор болды. Халық кегінің толқынынан туған партизандар қимылы Қызыл Армияның жеңісіне септігін тигізіп, Совет өкіметін тез нығайтуға көмектесті. В. И. Ленин Сибирь шаруалары мен жұмысшылары «ондаған мың атылғандар мен жабылғандарды құрбан етіп», «тек ұзақ және ауыр күресте» өздерінің меньшевик-эсерлердің, кулактар мен капиталистердің алдауында болғанын түсінді; соның нәтижесінде саналы түрде Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының жағына шықты, — деп көрсетті. Бұған 1918—1919 жылдары жау тылында Сибирь мен Қазақстанда өрістеген партизан қозғалысы мен қарулы көтерілістер айғақ. 1918 жылдың сен-

тябрінде Новосибирскіде, ноябрьде Томскіде, декабрьде Омскіде, 1919 жылдың январында Бодайбода, 6 февраль—13 мартта Тюмень қаласында жұмысшылар қарулы көтеріліс жасады. Февраль — апрельде Қостанай уезінің шаруалары, 7 апрельде Кольчугинода (қазіргі Ленинск-Кузнецк), 12 августа Красноярскіде жұмысшылар Қолчакқа қарсы көтеріліске шықты. Қостанай еңбекшілерінің қарулы көтерілісі Қолчактылында халық кегінен қаулаған партизан қозғалысының бір бөлігі еді.

Партизан қозғалысын ұйымдастырушы, дем беруші большевиктер болды. Партияның Орталық Комитеті, В. И. Лениннің өзі Қолчактың, Деникиннің тылындағы партизандар қозғалысына көңіл бөліп, әрдайым көмектесіп отырды. Бір жыл ішінде (1918 жылғы апрель — 1919 жылғы апрель) Орталық Комитет жау тылына 200-ге жуық ұйымдастырушы, байланысшы және хабаршы жіберді. Олардың кейбіреуі В. И. Лениннің өзінен тікелей нұсқау алды. Жау тылына төрт рет өткен Д. Киселев (сол кездегі Иркутск ревкомының мүшесі) өзінің естеліктерінде В. И. Лениннің партизан қозғалысының барысы, халықтың көзқарасы туралы егжей-тегжейлі сұрағанын айтады.

Орталық Комитеттің тапсырмасымен Омскі қаласында құрылған РКП(б) Сибирь ұйымдастыру бюросы ақ гвардияшыларға қарсы күресте, партизан қозғалысына басшылық жасауда елеулі роль атқарды. 1919 жылдың март айында Омскі қаласында құпия түрде Сибирь облыстық III партия конференциясы өткізілді. Конференцияда қаралған негізгі мәселе — Қолчак тылында бүкіл халықтық партизан қозғалысын және қарулы көтерілісті кең өрістету мәселесі болды. Бұл үшін жергілікті ұйымдарды нығайту, оларға басшылықты жақсарту міндеті қойылды. Сөйтіп III партия конференциясының шешімі бойынша Сибирь облыстық Комитеті жанынан Оралдық бюро құрылды. Челябинск, Троицк, Шадринск, Қорған жасырын партия ұйымдарының басын қосып, басшылық жасаған орталық осы Челябинск партия ұйымы болды. Сибирь облыстық партия комитеті мен Орал бюросының мүшелері жергілікті ұйымдарды аралап, олардың жұмыстарын қадағалады, көмектесіп отырды. Әскери істерге РКП(б) Сибирь комитеті жанындағы Бас штаб басшылық етті.

Қостанай уезіндегі большевиктердің астыртын жұмысына, еңбекшілер көтерілісіне РКП(б) Челябинск ұйымы тікелей басшылық жасады. Мысалы, «Челябинск РКП(б) ұйымы туралы деректер» деген документте (1918 жылдың ноябрі — 1919 жылдың апрелі) Челябинск ұйымының мүшесі В. Г. Киселевтің: «Жақында Қостанайда болған көтеріліс Челябинск ұйымының идеялық басшылығымен өтті», деп жазғаны бар. Бұл документті Киселев 1919 жылы май айында майдан шебінен өткен кезде жазған. Ал көтеріліс басшыларының бірі, үш революцияның ардагері Григорий Исидорович Мулярды партия қатарына 1917 жылғы сентябрьде Челябинск партия ұйымы қабылдағанды.

Қостанайлық большевиктерге Советтік Торғай нақтылы және моральдық көмек көрсетті. 1919 жылдың 27 январында және 14 мартында В. И. Ленинге жолдаған телеграммаларында Әліби Жанкелдин «Қолчактың қол астындағы Қостанай, Атбасар уездеріне Совет өкіметін орнату ниетімен үгітшілер жібердім» деп хабарлады. Мұны Қолчактың Оренбург армиясы штабының барлау отрядының бастығы Қостанайдан жазған құпия жолдамасында мойындады. «Қостанай қаласының және көршілес поселкелердің тұрғын халқы арасында большевизм күшті тараған. Қазір Қостанай уезінде Ақтөбе, Торғай және Ырғыздан еркін өтіп келген үгітшілер қаптап жүр» деп жазды ол.

Қостанай уезінде Қолчакқа қарсы бұрқ еткен бүкіл халықтық көтерілісті жау тылында астыртын жұмыс жүргізген большевиктер басқарды. Олардың қатарында Москвадағы 1917 жылғы октябрь қарулы көтерілісіне қатысқан табанды большевиктер М. Г. Летунов пен А. Н. Миرونнов, Әлібидің шәкірті, Торғай облыстық атқару комитетінің мүшесі

Қ. М. Иноземцев, Г. И. Муляр, «Правда» газетінің насихатшысы, Қостанай ревкомының мүшесі Тарутов, Қостанай Совдепінің мүшесі 1919 жылдан партия мүшесі А. Кальментьев, 1917 жылдан партия мүшесі, Донбасс пролетариатының түлегі М. А. Виенко сияқты тап күресінде шыныққан коммунист-революционерлер бар еді. Бұлар 1918 жылдың июль айынан бастап бұқара халықтың арасында революциялық үгіт жұмыстарын жүргізді. Всесвятск, Каратал болыстарының Введен, Жуковск, Татьянаовка, Боровское, Александров, Владимиров поселкелерінде революцияшыл жауынгерлік топтар, көтерілісті әзірлейтін комитеттер құрылды. Ұйымдастыру жұмысының пәрменділігі сонша, қолчакшылар абыржып, саса бастады. Мысалы, Дутов Омскіге Қолчак үкіметінің ішкі істер министрлігіне: «Қостанай уезін қауіпті деп санаймын, онда әрбір қыстақта большевиктік ұйым бар десе де болады», деп хабарлады.

Кейбір мәліметтерге қарағанда сол кезде Қостанайда Қолчак әскеріне шақырылған 14 мыңға жуық шаруалар шоғырланған. Большевиктер көтеріліс штабын құрып, ақ гвардияшылардың қалалық гарнизонымен, пулемет командасымен байланыс жасаған. Бірақ әзірленіп жатқан көтеріліс жоспарын опасыз сатқын Гордиенко деген қолчакшыларға жеткізіп қойып, көтеріліс басталмай жатып тұншықтырылды. Қалада қуғын, жазалау көбейді. Ал әскерге шақырылған шаруалар дереу Уфа майданына жөнелтілді. Көтеріліске әзірлік жұмысы қаладан селоға көшірілді.

Шаруалардың өрістей түскен стихиялық қозғалысына бір орталықтан басшылық жасап, оны ұйымдасқан көтеріліске ұластыру міндеті қойылды. 1917 жылы март айының екінші жартысында Введен селосында жасырын большевиктік ұйымдар мен көтеріліс топтары өкілдерінің кеңесі өткізілді. Онда қарулы көтерілісті бүкіл уезде бір мезгілде — көктемде бастау туралы шешім қабылданды. Бірақ Долбушино селосындағы шаруалардың Қолчак жеңдеттерімен шайқасып, оларды құртып жіберуі оқиғаны тездетті. Мұның өзі бүкіл уезде көтерілістің бұрқ ете түсуіне дем берді. Введен, Мендіқара, Всесвятск селоларында ұйымдасқан шаруалар жаппай көтеріліске шықты. Оларды жасырын большевиктік топтар басқарды. Көтеріліс жасаушылары бір жерге жиналып, қару-жарақты шоғырландырып, Қостанайға бет алды. Көтерілісшілер 5 апрельде қалаға кіріп, ақ гвардияшылар үстемдігін құлатты. Олар алдымен түрмедегі саяси тұтқындарды босатты. Әскери-революциялық комитет, әскери трибунал құрылып, қала коменданты тағайындалды. Әскери-революциялық комитеттің шешімі бойынша 300-ден аса адамнан құрылған отрядты бастап Л. И. Таран Семиозер жағына жіберілді. Бұл топқа екі жауапты міндет жүктелді. Олар, біріншіден, шаруаларды күреске шақырып, көтеріліске басшылық жасауға, екіншіден, Қызыл Армияға қосылатын жолды барлап қайтуға тиіс болды.

В. И. Ленин Қостанай еңбекшілерінің көтерілісін орта шаруалардың қолына қару алып, Совет өкіметі жағына мүлдем шыққандығының айғағы деп қарап, оны жоғары бағалады. Өзінің Шығыс майданға жолдаған телеграммасында Қостанай көтерілісшілеріне барынша көмек көрсетіп, самолет жіберу керектігін және бұл жайлы тез хабар беруін сұрады. Алайда Қостанай еңбекшілерінің ерлігі жөніндегі хабар Владимир Ильичке тым кешігіп жеткен еді. Шығыс майданының штабы Ленин телеграммасын алысымен 8 күн өткен соң 1919 жылдың 26 июнінде жергілікті большевиктік ұйымдармен байланыс жасау үшін коммунист Поповты Қостанайға жіберді.

Қостанай көтерілісі Қолчактың Шығыс майданда Қызыл Армияға қарсы шабуылға әзірленіп жатқан кезінде басталды. Оның ерекше зор маңыздылығы міне осында. Бұл көтерілісті басу үшін Қолчак 4 зеңбірек және 20 пулеметпен қаруланған 15 мың солдатты майданнан жырып алып, тылға жіберуге мәжбүр болды. Осы үлкен күшке қарсы үш күннен аса созылған шайқаста партизандар ғажап ерлік көрсетті. Олар қала-

ның әр көшесін, әрбір үйін батыл қорғады. Қала халқы партизандарға үлкен көмек көрсетті. Алайда қаншама ерлік, жанқиярлық көрсетсе де нашар қаруланған партизандар жауға ұзақ төтел бере алмады, колчакшылдар қаланы басып алды.

Рас, партизандарды жан-жағынан жау қамаласа, екіншіден, көтеріліс басшыларының арасында келіспеушілік, пікір таласы орын алды. Әсіресе партизан армиясының командашысы А. Жилиевтің анархизмге бой ұрып, ауа жайылушылығы көтерілістің сәтсіздікке ұшырауына себепкер болды. В. И. Ленин революциялық қатаң тәртіпті мойындамайтын партизаншылдық, ауа жайылушылық революция ісіне кеселін тигізеді деп сан рет ескерткен болатын. Міне осы партизаншылдық Қостанай көтерілісін сәтсіздікке ұшыратты.

Всесвятск, Қаратал болыстарындағы шаруалар көтерілісін басу үшін Колчак Қорған соғыс округынан жазалаушы отряд жіберді. Бұл отряд Қостанайдан шегінген партизандардың ізіне түсіп, одан кейін Атбасар уезіндегі шаруалар көтерілісін басуға беттеді. Екі топқа бөлінген партизандардың Қызыл Армияға қосылуға ұмтылған бір тобын Торғайдың контрреволюционерлері қамап алып, ыдыратып жіберді. Ал екінші отряд Ақтөбе майданына өтіп, азамат соғысында жеңіске жетуімізге үлес қосты.

Қостанай шаруаларының көтерілісі осылай аяқталды. Бұл қозғалыс Қазақстандағы азамат соғысы тарихында үлкен орын алады. Көтеріліс, біріншіден, Қостанайға іргелес жатқан Петропавл, Атбасар, Ақмола уездеріндегі еңбекшілер көтерілісінің ұйтқысы болды. Екіншіден, Колчак негізгі майданнан арнаулы күш бөліп, Солтүстік Қазақстанда тұрақты отряд ұстауға мәжбүр болды. Мұның өзі халықтың Қызыл Армияға көрсеткен үлкен көмегі еді. Сонымен бірге бұл көтеріліс ақ гвардия армиясындағы шаруалардың көзін ашты, олардың біразы Қызыл Армия жағына шыға бастады. Мысалы, Оренбург түбіндегі майдан шебіне орналасқан 7-ші және 42-ші атқыштар полкінің, 4-ші армия корпусы 6-шы полкінің бірсыпыра солдаттары Қызыл Армия қатарына қосылды.

Колчак үстемдігінен жәбір, зорлық-зомбылық көрген халық Қызыл Армияны асыға күтті. Қостанай көтерілісінен кейін халықтың колчакшылдарға деген өшпенділігі арта түсті. Бұл жағдай Колчактың тез жеңілуіне, Совет өкіметінің қайта орнап, нығайуына игілікті әсер еткен елеулі саяси, моральдық фактор болды. Қостанай шаруаларының көтерілісі халықтар достығын нығайтты. Ақ гвардияшыларға қарсы орыс, қазақ, украин, серб халықтарының адал перзенттері тізе қоса шайқасты. Көтеріліс басшыларының бірі әскери-революциялық Советтің мүшесі болып 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының ардагері Өтеш Ыбыраев сайланды. Көтеріліс даярлығына Үй болысынан Кәкімжан Саркин (1918 жылдан партия мүшесі), Обаған болысынан Бостанов және басқалар ат салысты.

Қостанай еңбекшілері көтерілісінің ендігі бір маңызды қорытындысы мынада: бұл күресте жұмысшы табы мен шаруалардың саяси одағы қалыптасып, нығая түсті. Қостанай көтерілісі 1919 жылы август айында Қызыл Армияның облысты ақ гвардияшылардан түгел азат ету күресіне күш қосып, Совет өкіметінің саяси, экономикалық шараларының жемісті болуын қамтамасыз етті.

М. ҚОЗЫБАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты.



Коселінің ЖАРҒЫН БЕЙНЕСІ

В. И. ЛЕНИН ӨМІРБАЯНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАРЫНДА ПАРТИЯ ҮШІН ЖҮРГІЗІЛГЕН КҮРЕС

1908 жылғы январьда Ленин Швейцарияға, Женеваға қайта барды. Революцияшыл Россияны тастап, шетелге, осы бір жым-жырт, меңіреу қалаға қайта оралу ауыр болды.

Лениннің бар ойлағаны орыс революциясы еді. Революцияның жеңілуі оның күреске деген жігерін мұқалта алмады. Ленин жаңа күш-жігермен партия жұмысын, жаңа революцияны әзірлеу ісін қолға алды. Пролетариаттың бірінші орыс революциясындағы жеңілісі уақытша ғана жеңіліс екеніне, жұмысшы табының самодержавиені сөзсіз жеңетіндігіне Ленин кәміл сенді. Лениннің партияға арналған мына бір жалынды сөздері сондайлық зор үнмен естілді: «Біз революция алдында ұзақ жылдар жұмыс істей білдік. Бізді тастан берік табанды деп атағандары тегін емес. Социал-демократтар пролетарлық партия құрды, бұл партия бірінші соғыс шабуылының сәтсіздігінен тауы шағылып, есінен адаспайды, авантюраларға ұрынбайды... Сондықтан бұл пролетарлық партия жеңіске беттеп келеді».

Реакцияның қара түнегі басқан қапас жылдарда Владимир Ильичті билеген ой пролетариаттың алдағы жеңісі болды. Ол бұл жеңісті күні ілгері болжап білді. Оның жеңіске құлшына сенгендігі өзгелерді де сенімге бөледі.

Россияда патша үкіметі революциялық күресі үшін халық бұқарасынан кек алуда болды. Он мыңдаған революционерлер каторгаға кесіліп, мыңдаған адам атып-асылды. Полиция жұмысшы ұйымдарын талқандай берді. Партияның жағдайы өте ауырлай түсті. Оның мүшелерінің саны азайды. Партия ұйымдарының арасындағы байланыс нашарлады. Партия өте астыртын жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Үкімет партия органдарына арандатушыларын жіберіп, солардың жеткізуі бойынша көрнекті партия қызметкерлерін ұстап алып, жекелеген ұйымдарды түгел талқандады. Революция жолбикелерінің арасында, әсіресе интеллигенция арасында опасыздық жасау, революциядан безу, ел ішінде революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуінің мүмкіндігіне сенбеу кезеңі басталды.

Женеваға келісімен Владимир Ильич дереу «Пролетарий» газетін қайта шығаруға кірісті. Ол жылдарда бұл газет іс жүзінде большевиктердің

Жалғасы. Басы журналдың 2—4-номерлерінде.

Орталық Органы болып еді. Газетте қызмет етуге Ленин А. М. Горькийді, А. В. Луначарскийді және басқа көрнекті публицистерді тартты. Газетті ұйымдастыру Лениннің көп еңбек сіңіруін керек етті. Газетті шығарумен шұғылданып қана қоймай, ол сонымен қатар оны Россияға жеткізу шараларын да ойластырды. 1908 жылғы февральдың аяғында «Пролетарийдің» кезекті номері шықты. Қатал реакция жылдарында Ленин партияның баспасөз органы большевик кадрларын ұйымдастырып, тәрбиелеудің ең маңызды құралы, партия мен жұмысшы табын революцияның жаңадан өрлеуіне әзірлеудің құралы деп білді.

Осындай қиын-қыстау жағдайда партия жұмысын қалай жүргізу, революцияшыл партияны қалай сақтап қалу керек, оның бұқарамен байланысын қалай нығайту керек, күрестің қандай түрлерін қолдануға болады деген мәселе туды.

Ленин, большевиктер құпия партия ұйымдарын нығайтып отыру қажет, сонымен бірге жария, яғни ашық өмір сүріп отырған жұмысшы ұйымдарында жұмыс жүргізу керек деп есептеді. Ленин партияны тактика мәселелерінде икемділік көрсету және жағдайға орай өз қатарын сақтай отырып, тәртіптілікпен шегіне білу керек деп үйретті. Шабуылға шыға білу қандай маңызды болса, бұл да сондай маңызды деп үйретті. Ленин революция мүддесі үшін тіпті елеусіз болса да күнделікті жұмысты жүргізе беру керек, Мемлекеттік думада (бірінші орыс революциясы кезінде патша үкіметі құрған парламент тәрізді мекеме осылай деп аталған) ашықтан-ашық пікір білдіруге қандай да болсын мүмкіншілікті пайдалану керек, кәсіподақтарда, қауіпсіздендіру кассаларында, кооперативтерде, жұмысшы клубтарында жұмыс жүргізу керек деп үйретті. Сөйтіп Ленин большевиктерді құпия және жария жұмысты шебер ұштастыра білуге үйретті. Лениннің осы икемді тактикасы партияға сол кездегі қиын жағдайларда бұқарамен байланысты нығайтып, бұқараны жаңа революцияға даярлауға мүмкіндік берді.

Партияны сақтап қалу және нығайту жолында жүргізген Лениннің күресі партияның сансыз көп жауларының дұшпандық әрекеттеріне кездесіп отырды. Революция жеңілгеннен кейін меньшевиктер үрейі ұшып кейін шегінді, партияның революциялық программасы мен ұрандарынан масқаралықпен бас тартты, құпия партия ұйымдарын жоюды және астыртын революциялық жұмысты тоқтатуды көздеді. Сондықтан да меньшевиктерді жұрт жойымпаздар деп атады. Жойымпаз меньшевиктер Россияда жаңа революцияның болатындығына сенбей, жұмысшы табын буржуазиямен келісім жасауға, реакцияшыл тәртіпке көнуге шақырды. Олар осындай жолмен жұмысшы партиясының ашық өмір сүруіне рұқсат алуға үміттенді. Бірақ патшалық Россияда пролетариаттың революцияшыл партиясы ашық өмір сүре алмас еді. Демек, меньшевиктердің көрер көзге оппортунистік, революцияшыл емес партия құрғылары келді деген сөз. Мұның өзі өте қауіпті іс еді. Ленин жойымпаздар партияның жауы деп ұдайы әшкерелеп отырды, оларға қарсы аяусыз күрес жүргізудің қажеттігін түсіндірді. Мәселе «біздің бұрынғы құпия партиямыз бола бермек пе, әлде құрып бітпек пе» дегенге келіп тірелді, деп жазды ол.

Кейбір табансыз большевиктер де қауіпті тұрлаусыздық көрсетті. Революциялық жел сөздерді жамылып, олар партияның назарын жария жұмысшы ұйымдарында жұмыс істеуден басқа жаққа аударып жіберуге тырысты, сөйтіп социал-демократиялық фракцияны (топты) Мемлекеттік думадан шақырып алуды ұсынды. Осыдан келіп бұлар шақырымпаздар деп аталған еді. Партияға зиянын тигізетін осы көзқарастарға Ленин үзілді-кесілді қарсы шықты. Жария жұмыс жүргізуден бас тарту партияны бұқарадан қол үздірер еді, партияны революцияның жаңадан өрлеуі үшін күш жиюға қабілетсіз томаға-тұйық ұйымға айналдырар еді, деп түсіндірді Ленин. Мұның өзі партияны апатқа ұшыратар еді, шындығында оны жоюға әкеліп соғатын еді. Сондықтан Ленин шақырымпаздарды өңін айналдырған жойымпаздар деп атады. Ленин жойымпаздар мен шақырымпаздар шын революционерлер

емес, пролетариаттың ұсақ буржуазиялық жолбикелері ғана екенін, бұл екеуінің де революцияға, жұмысшы табының жеңіп шығуына сенбейтіндігін көрсетіп берді. Пролетариат партиясы мұндай оппортунистерден арылуға тиіс деп есептеді Ленин.

1908 жылдың аяғында «Пролетарий» газетінің шығарылуы сол кезде орыс эмиграциясының орталығы болған Парижге көшіріліп еді. Осыған байланысты Ленин мен Крупская Парижге көшіп барды. (Мари-Роз көшесіндегі № 4 үйде, олар тұрған пәтерде қазір В. И. Ленин музейі ашылған).

Ондағы тұрмыс өте ауыр еді. Негізгі Ұлттық кітапханада бар газеттерді, журналдарды, кітаптарды пайдалану үшін Владимир Ильич қаланың бір шетінен, арзан пәтер жалдап алған жерінен велосипедпен қаланы түгел дерлік кесіп өтіп, екінші шетіне барып жүрді. Мұның өзі көп уақытты алып, жұмысқа зардабын тигізді. Парижде орыс эмигранттары көп болатын және олар әртүрлі ағымның өкілдері еді. Орынсыз айқай-шу, қарбалас дегенің көп еді. Сондықтан Владимир Ильич дем алу үшін ауық-ауық қала сыртына шығуға тырысатын-ды. Ол Париж іргесінде алғашқы аэропландардың ұшқанын көруді ұнатушы еді. Кейде, сәті түсіп, теңіз жағасында біраз серуендеп қайтатын.

Ленин Париждегі большевиктік топтың жұмысына белсене қатысып жүрді, Россиядағы саяси жағдай, Париж Коммунасы және басқа мәселелер жөнінде жиі-жиі баяндама жасап отырды. Ол Франция еңбекшілерінің өмірін көңіл қойып зерттеді, жұмысшы жиналыстарына барып тұрды, қаланың жұмысшы аудандарындағы театрларға барып жүрді, бұларда орталықта тиым салынған революцияшыл тақырыптағы пьесалар қойылып тұрушы еді.

Революцияның ауыр жылдарының өзінде Владимир Ильич ақ жарқын да көпшіл мінезінен, сергектігінен танған жоқ. Женева кезіндегі сияқты, жолдастары Лениннің семьясында болуды ұнатушы еді. Бір-біріне деген достық шырай, өзара қамқорлық, шын жүректен сыйласу, өзгенің қайғы-қасіретіне жанашырлықпен, байыптылықпен қарау кісіні ерекше еліктіріп тұратын-ды. «Эмиграциядағылардың басым көпшілігінің тұрмысы өте ауыр болатын, — деп есіне алады Н. А. Семашко. — Ұйықтар алдында ертеңгі тамақты не қыларыңды білмейсің. Бізде өзара жәрдем қассасы болушы еді. Владимир Ильич соған қолынан келгенше көмектесетін. Кейде одан жоқшылық көрген жолдастарға көмек беру үшін ақылы баяндама жасап беруді өтінуші едік. Адам төзгісіз жұмыстан — газетті редакциялаудан, мақала жазудан, жиналыстарда сөз сөйлеуден, Россиямен хат жазысып тұрудан әбден қалжырап жүрсе де, Владимир Ильич ешуақытта бас тартпайтын және үлкен аудитория алдында кең де тиянақты жазылған баяндама жасайтын. Егер жолдастарының бірін жоқшылық титықтағанын көзі шалып қалса, ол дереу көмек көрсетуге ұмтылатын, жұмыс тауып беретін, — нақ осылайша маған да сан рет көмектесті».

Ленин Парижге келгеннен кейін көп ұзамай-ақ осында Бүкіл россиялық жалпы партиялық конференция болды, оған ең ірі партия ұйымдарының атынан большевиктер өкіл болып келді. Бұл конференция жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы күрес жүргізу ұранымен өтті. Ленин конференцияда негізгі баяндамашы болды. Лениннің баяндамасы рухында қаулылар қабылданып, реакция жылдарында бұл қаулыларды партия басшылыққа алып отырды. Лениннің ұсынысы бойынша конференция жойымпаздықты қатты айыптады, партия ұйымдарын бұған қарсы бітіспес, батыл күрес жүргізуге шақырды.

Ленин «Жолға» деген мақалада былай деп жазды: бұл конференция революция жеңгеннен кейін Россияның жұмысшы қозғалысының дамуындағы бетбұрыс кезең болды және большевиктердің ірі жеңіске жеткендігін көрсетті. «...Ашық революция тұсында өзінің тап партиясы екендігін дәлелдеген, миллиондарды 1905 жылы стачкаға да, көтеріліс жасауға да, 1906—

1907 жылдары сайлауға да бастай білген социал-демократия қазірде де таптың партиясы, бұқараның партиясы болып қала алады, ең ауыр уақыттарда да бүкіл армиядан қол үзбейтін авангард болып, сол армияның бұл ауыр уақыттарды жеңіп шығуына жәрдем бере алады, оның қатарын тағы біріктіріп, талай-талай жаңа күрескерлерді даярлайды».

Ленин партияның практикалық жұмысын оның теориялық негіздерінің идеялық кіршіксіз тазалығы жолындағы, Маркс — Энгельстің іліміне адал болу жолындағы күреспен тығыз байланыстырып отырды. Марксизмнің философиялық негіздерін қайта қарау әрекеттеріне қарсы, социализмді діннің бір жаңа түрі етіп көрсету әрекеттеріне қарсы Ленин күшырлана, аяусыз күрес жүргізді. Ал бұл сияқты қайта қараумен кейбір социал-демократтар, соның ішінде идеялық жағынан тұрлаусыз жекелеген большевиктер шұғылданды. Мұның өзі ревизионистердің жаңадан жасап отырған залымдық, бұл жолы марксизм философиясы саласындағы залымдық әрекеті еді.

Философия мәселелерінде ревизионистік көзқарастарды тарату партия мен жұмысшы табы үшін үлкен қауіп болды. Бұл көзқарастарды тарату патшалық Россияда орын тепкен реакциялық тәртіппен, буржуазиялық идеологиямен келісуге, революциялық күрестен бас тартуға әкеліп соғушы еді. Ревизионистерге бағыл тойтарыс беру керек болды. Ленин осы істі қолға алды. Ол әрқашан да марксизм философиясын насихаттап, дамытуға зор көңіл бөлетін. Маркстік философияны қорғау қажеттігі әсіресе қатты қойылған реакция жылдарында Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітап жазды (кітап 1909 жылы майда жарыққа шықты). Осы шығармасында ол маркстік философияның дұшпандарын әшкереледі. Ленин философия мен саясаттың арасында тығыз байланыс бар, марксизм дегеніміз — ғылыми теория мен революциялық практиканың біте қайнасқан бірлігі деп көрсетті. Ол буржуазияшыл философтардың (Мах пен Авенариустың) және марксизм философиясынан қол үзген кейбір социал-демократтардың реакциялық көзқарастарын өлтіре сынады. Философия саласында марксизмнен іргесін аулақ салған осы социал-демократтар (А. А. Богданов және басқалар) саясатта да теріс бағыт ұстады. «Материализм және эмпириокритицизм» кітабы маркстік философияны қорғап, дамытуда, партия кадрларын теориямен қаруландыруда өте көрнекті роль атқарды. Бұл еңбек бүгінгі таңда да қазіргі заманғы буржуазиялық идеалистік философияға қарсы, қандай да болсын барлық ревизионистерге қарсы күресте партияның идеялық өткір қаруы болып табылады.

Лениннің Россиядағы шақырымпаздарға қарсы жүргізген күресін В. В. Воровский, И. А. Теодорович, Я. Э. Рудзутак, Н. А. Скрыпник және көптеген большевик жұмысшылар қызу қолдады. Көптеген естеліктерде атап көрсетілгендей, Лениннің кітабы жұрттың бәріне зор әсер қалдырды. Лениннің ұстаған бағытын шетелде философиялық айтыстардың кезінде «Пролетарий» газеті редакциясының мүшесі И. Ф. Дубровинский белсене жақтап шыққан. 1908 жылдың май айында Женевада болған айтыстардың бірінде ол Богдановтың идеалистік көзқарастарына қарсы сөз сөйлеген. Сөз тезистерін Владимир Ильич жасап берген болатын.

Партия жолындағы, оның идея жағынан кіршіксіз тазалығы жолындағы, шын маркстік саясат жолындағы күресте Ленин ымыраға келмеді. Ол идеялық былыққа, тура және ашық күрестен бұлтаруға төзбеді, партия мүддесін бәрінен де жоғары бағалады да, әлгіндей жайларды партия үшін өте мөте зиянды деп есептеді. Марксизмнен, жұмысшы партиясының революциялық жолынан жалтарған адам, бұрынғы сіңірген еңбектері мейлі қандай болса да, Лениннің қатаал сынынан құтыла алмады. «Егер партияның адамы белгілібір уағыздың мейлінше теріс және зиянды екендігіне көзі жеткен болса, ол осы уағызға қарсы шығуға міндетті; мұны сіз, әрине, түсінуге тиістісіз және түсінесіз де», — деп жазды В. И. Ленин А. М. Горькийге 1908 жылы март айында.

жиналыстар мен митингілерде сөз сөйлеп, баяндамалар жасады. Ленин бірінші орыс революциясының орасан зор халықаралық маңызы бар екендігін айқындап берді. Бірінші орыс революциясы Европада революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуіне негіз салды және Азия халықтарының ұлт-азаттық күресінің өрістеуіне орасан күшті әсерін тигізді. Кейін бірде Ленин былай деп атап көрсетті: «1905 жылғы «ұлы репетиция» болмаса, 1917 жылғы революциялар — буржуазиялық февраль революциясы да, пролетарлық Октябрь революциясы да мүмкін болмас еді».

Реакция жылдарында Владимир Ильич аграрлық мәселемен, яғни Россиядағы жер қатнастары туралы мәселемен көп шұғылданды. Жер помещиктер мен капиталистердікі болуға тиіс емес деп түсіндірді ол. Патша өкіметі құлатылғаннан кейін жер шаруалардың тегін пайдалануы үшін мемлекетке берілуге тиіс. Лениннің осы дәуірде жазған еңбектерінің ішінде «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегі ерекше орын алады.

Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге қарсы күресті басқарды, революциялық күштерді ұйымдастырып, топтастыру жөнінде көп жұмыс істеді. Ол II Интернационалдың — социалистік партиялардың халықаралық бірлестігінің — конгрестеріне (съездеріне) белсене қатысты, халықаралық жұмысшы қозғалысы туралы мақалалар жазып, баяндамалар жасап отырды.

1910 жылдың күзінде Ленин үш жыл бойы көрмеген анасымен жолығу үшін Стокгольмге барып қайтты. Ол анасына шын жүректен көңіл бөліп, үлкен қамқорлық жасайтын. Мария Александровна ұлының жұрт алдында сөйлеген сөзін Стокгольмде, большевиктер тобының жиналысында бірінші рет есітті. Анасы елге қайтатын күні Владимир Ильич оны пристаньға дейін шығарып салды, бірақ пароходқа кіре алмады, өйткені бұл орыс бірлестігінің пароходы болғандықтан оны тұтқынға алуы мүмкін еді. «Анасын ақырғы рет көрген жолы осы еді, — деп жазады Н. К. Крупская, — ол мұны іштей сезіп, кетіп бара жатқан пароходты мұңлы жүзбен ұзатып салып еді. 1917 жылы — жеті жыл өткеннен кейін — өзі Россияға қайтып келген кезде, анасы қайтыс болған екен». (Владимир Ильичтің анасы 1916 жылы қайтыс болған еді).

Сентябрьдің аяғында Владимир Ильич Парижге қайтып оралды.

Лениннің сіңірген аса ұлы еңбегі мынада еді: партия мен жұмысшы табы өмірінің осы аса бір қиын-қыстау кезеңінде — патша реакциясының қара түнегі басқан кезде — ол ілгері баратын алдағы жолды дұрыс көрсетіп берді. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, большевиктер партияны нығайта берді, самодержавиеге қарсы жаңа аттанысқа шығу үшін жұмысшы табын топтастыра берді. Россияда жаңа революцияның болмай қоймайтындығына, бұл революцияның еңбекшілерді жеңіске жеткізетіндігіне большевиктердің сенімі күшейе түсті.

ӨРЕЛІ МІНДЕТ, ӨСКЕЛЕҢ ТАЛАП

Ауыл шаруашылығын онан әрi өрге бастыру жөнiндегi бүкiл халықтық iске Советтiк Қазақстан елеулi үлес қосуға тиiс. Ол бiрсыпыра ауыл шаруашылық өнiмдерiн өндiру мен дайындауда. Одақ бойынша көрнектi орын алады. Совхоздар мен колхоздарымыз мемлекетке астықты, еттi, сүттi, жүндi, ауыл шаруашылығының басқа өнiмдерiн барған сайын еселеп мол беруi керек. Халықтың азық-түлiк, өнеркәсiптiң шикiзат жөнiндегi өскелең қажетiн толық өтеп отыру мүддесi осыны талап етедi. Мiне сондықтан да республикамыздың колхозшылары мен совхоз жұмысшыларына, ауыл-село механизаторлары мен мамандарына, күллi коммунистерiне жүктелер мiндет те, қойылар талап та зор. Мұны олар кәмiл түсiнедi. Ауыл шаруашылық өндiрiсiнiң дәрежесiн мықтап көтере түсу жолындағы күрес Қазақстан Компартиясының бiрiншi кезектегi мiндетi болып келе жатқандығы да осыдан. Мұны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетiнiң жақында өткен X пленумы тағы да паш еттi.

Пленум КПСС Орталық Комитетi Саяси бюросының мүшелiгiне кандидат, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетiнiң бiрiншi секретары Д. А. Қонаев жолдастың «Республика партия ұйымдарының, совет және ауыл шаруашылық органдарының, совхоздары мен колхоздарының 1969 жылы астық, ет және ауыл шаруашылығының басқа да өнiмдерiн өндiрудi арттыру жөнiндегi мiндеттерi туралы» баяндамасын талқылап, тиiстi қаулы қабылдады. Пленум документтерiнде совхоз, колхоз өндiрiсiн дамытудың резервтерi атап көрсетiлдi, ұйымдық-партиялық және экономикалық жұмыс тәжiрибесi қорытылып, ортаға салынды, партияның XXIII съезi мен КПСС Орталық Комитетiнiң Пленумдары ауыл шаруашылығы саласында алға қойған мiндеттердi жүзеге асырудың жолдары белгiлендi.

Пленум бесжылдықтың алғашқы үш жылында республика ауыл шаруашылығын өркендетудiң кейбiр қорытындысын шығарды. Өткен үш жыл iшiнде совхоздар мен колхоздарымыз 60 миллион тоннаға жуық астық өндiрдi, оның 46 миллион тоннадан астамы бидай. Мемлекетке астық сатудың үш жылдық жоспары едәуiр артығымен орындалды. Ал 56 аудан, 523 шаруашылық бесжылдық жоспарды қазiрдiң өзiнде аяқтап шықты. 1966—1968 жылдары республиканы тұтас алғанда дәндi дақылдардың шығымдылығы гектарына 3 центнердей артты.

Астық өндiрудегi елеулi табыстары үшiн Солтүстiк Қазақстан, Қостанай облыстарына, Қостанай облысының Федоров, Ақтөбе облысының Ленин, Орал облысының Теректi, Қөкшетау облысының Володарский аудандарына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетiнiң, республика Министрлер Советiнiң және Қазақстан кәсiподақтары Советiнiң ауыспалы Қызыл тулары берiлдi. Күрiш, тары, жүгерi өндiрудегi жетiстiктерi үшiн бiрсыпыра аудандар осындай құрметке ие болды.

Соңғы жылдарда қант қызылшасының, шитті мақтаның, күнбағыстың, сол тәрізді овоцтың, жемістің, жүзімнің өнімі мен жалпы түсімі молайды. Мал шаруашылығын өрге бастыру жөнінде партия белгілеген шараларды іске асыру оның өнімдерін молайтуға мүмкіндік берді.

Әлбетте, бұл табыстар өздігінен келген жоқ. Ол — алдымен өнім сатып алудың тиянақты жоспарларын қолдану, ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алудың мемлекеттік бағасын арттыру, материалдық және рухани ынталандыруды дұрыс ұштастыру, колхоз, совхоз өндірісін басқарудың экономикалық әдістері мен ролін күшейту жөнінде партия белгілеп, жүзеге асырған шаралардың тікелей нәтижесі. Бұл табыстар — партия ұйымдарының ауыл-село жұртшылығы арасында жүргізген сан қилы ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмыстарының қорытындысы. Дикандардың бұл ірі жетістігі, егінші механизаторлардың, колхоз-совхоз басшыларының, мамандарының қажырлы еңбегінің жемісі бұл.

Сонымен қатар бұл табыстар елімізде социалистік ауыл шаруашылығының үздіксіз өркендеп келе жатқанын айқын көрсетеді. Ал мұның өзі ауыл шаруашылығы саласында партиямыздың ұстап отырған бағытының өмірге әбден жанасымды, бірден-бір дұрыс бағыт екенін толық дәлелдейді.

Ауыл шаруашылығын өркендетудің қорытындыларын және болашағын талқылай отырып, пленумға қатысушылар бұл саладағы істің жайына егжей-тегжейлі талдау жасап шықты. Пленумда атап көрсетілгеніндей, егіншілік пен мал шаруашылығындағы мол резервтер әлі де жеткіліксіз пайдаланылып келеді. Астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің қол жеткен дәрежесі партияның XXIII съезі талаптарына әлі де сай келмейді.

Кемшіліктердің негізгілері мыналар: егін шығымдылығы жөнінде әлі де ала-құлалық күшті. Өндірістік жағдайы, мүмкіндігі бірдей, жер жағдайы бірдей көршілес отырған шаруашылықтарда өнім түрліше алынады. Олар бір ауданда бірдей жағдайда болса да егіннің шығымдылығы жағынан бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Егіншілік мәдениетінің төмендігі, тұқым шаруашылығындағы шалағайлық, топырақ өңдеудің озық әдістеріне мән бермеушілік, ауыспалы егістің баяу игерілуі, жерді ұқыпсыз пайдалану, тапсырылған іске жауапсыз, салдыр-салақ қарау, шаруашылыққа басшылық етудің нашарлығы — қазіргі елеулі кемшіліктер міне осылар. Соңғы үш жылда Қарағанды облысының шаруашылықтарында егіннің шығымдылығы гектарына орта есеппен жоспардағы 7,1 центнер орнына небәрі 5,1 центнер, Целиноград облысында жоспардағы 8,7 центнер орнына 6,9 центнер болғаны, ал былтыр республикадағы 41,9 шаруашылықтың әр гектардан астықты 4 центнерден де кем жинағаны өте қынжыларлық нәрсе.

Мал шаруашылығы саласындағы кемшіліктер дабыл қағарлықтай. Жемшөл базасын нығайту, жайылымдарды суландыру, жақсарту, фермаларды механикаландыру проблемалары әлі толық шешімін тапқан жоқ. Бірсыпыра шаруашылықтар биыл малды көп шығынға ұшыратты. Ауыл шаруашылығы саласында көптеген ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысы бүгінгі өскелең талапқа сай емес. Бұлардың совхоз, колхоз өндірісімен байланысы нашар.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы осы кемшіліктердің болу себептерін мұқият аша отырып, оны жою жолдарын мезгеді.

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа жаппай қосылған республика колхозшылары, совхоз жұмысшылары бұрын алған міндеттемелерін қайтадан қарап, жаңадан көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Олар 1969 жылы астықтың жалпы түсімін 23,3 миллион тоннаға жеткізуді өздерінің алдына негізгі мақсат етіп қойды. Мұның өзі мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын биылғы жылдың өзінде-ақ орын-

дауға мүмкіндік береді. Республиканың шаруашылықтары бұл негізгі міндетті ойдағыдай жүзеге асыру мақсатымен биыл жоспардан тыс екі миллионнан аса гектар дәнді дақылдар егіп, бұл дақылдардың жалпы егіс көлемін 24,4 миллион гектарға, оның ішінде бидайдың егіс көлемін 19 миллион гектарға жеткізуге ұйғарды.

Республика бойынша тұтас алынған міндеттемелерге тың өңіріндегі облыстарымыздың қосар үлесі мол болғалы отыр. Мысалы, Қостанай облысы 5 миллион тонна, Целиноград облысы 4 120 мың тонна, Көкшетау облысы 2 700 мың тонна, Солтүстік Қазақстан облысы 2 200 мың тонна астық өндіруге ұйғарды. Сол сияқты басқа облыстарымыздың егіншілері де биыл астықты мейлінше көп өндіруге серт етті.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы астық өндіруді және оны сатуды арттыру жөніндегі жарыста алынған социалистік міндеттемелерді орындауға партия ұйымдарының, совет, ауыл шаруашылық органдарының, совхоз, колхоз басшылары мен мамандарының, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің күш-жігері бағытталуға тиіс деп атап көрсетті. Міндет айқын, мақсат белгілі. Енді мәселе оны іс жүзіне асыруда болып отыр.

Астық өндіруді ұлғайтуға барлық резервтер жалпай пайдаланылуға тиіс. Бұл арада әңгіме алдымен егіншілік мәдениетін ғылыми негізде жоғары сатыға көтеруде, топырақты өңдеудің прогрестік әдісін кеңінен енгізуде, тыңайтқыштарды тиімді қолдануда болып отыр.

Биыл астық өндіру мен сатудың белгіленген өсімін қамтамасыз ету үшін егіс көлемін едәуір ұлғайтумен қатар дәнді дақылдардың шығымдылығын барынша арттырудың шешуші маңызы бар. Демек, берекелі гектар жолындағы жорықты бүкіл халықтық қозғалысқа айналдыру керек. Бұл үшін барлық шаруашылықтарда жерді пайдалану ісінде берік тәртіп орнатып, әр гектар жерден өнімді неғұрлым мол алатын болу керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы республика бойынша дәнді дақылдардың шығымдылығын орта есеппен кемінде 10—11 центнерге жеткізу міндетін алға қойды. Мұны орындауға әбден болады. Озаттардың қол жеткен табыстары мен жинақтаған тәжірибесі бұған мүмкіндіктің мол екенін сипаттайды. Бізде егіннен гектар басы 12—15 центнерден тұрақты өнім алып келе жатқан аудандар көп. Ал былтыр Орал облысының Теректі, Бөрлі, Қостанай облысының Комсомол сияқты астықты аудандары гектар сайын 20 центнерден астам өнім жинады. Кейбір суармалы учаскеде бидайдың гектарынан 50—60, тіпті 80 центнерге дейін өнім алып келе жатқан шаруашылықтар бар.

Егін шығымдылығы жөнінен барлық шаруашылықтарды таңдаулылар дәрежесіне тенеу, сөйтіп астықтың және басқа да дақылдардың жалпы түсімін молайту — жергілікті партия ұйымдарының, колхоз, совхоз басшылары мен мамандарының жауынгерлік міндеті. Бұл ретте озаттар тәжірибесі мен ғылым жетістігін мұқият жинақтау, қорыту, тарату, оны дүйім көпшіліктің игілігіне айналдыру зор маңыз алады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің X пленумы дәнді және басқа дақылдардан мол өнім алуға бағытталған бірсыпыра ұйымдастырушылық және агротехникалық шаралар белгілеп, бұларды мүлтіксіз жүзеге асыруды партия, совет және ауыл шаруашылық органдарына міндеттеді. Мұны орындауда ауыл-село мамандарының, әсіресе егіс даласының технологтары — агрономдардың атқаратын ролі айрықша. Олар жоғары егіншілік мәдениетінің шың мәнісіндегі күрескерлері бола білуі керек.

Сондай-ақ суармалы жерді пайдалануды мықтап жақсарту арқылы бидайдың, күріштің, жүгерінің, қант қызылшасының, мақтаның және басқа дақылдардың шығымдылығын еселеп арттыру бағытында дәйекті шаралар қолдану керек болып отыр. Бұған әсіресе суармалы егіншілігі басым оңтүстік облыстардың дикандары мықтап назар аударуға

тиіс. Суармалы жер — байлық көзі. Оны дұрыс та тиімді пайдалана білген абзал.

Биыл көктемнің кеш шығуына байланысты егіс жұмыстарын неғұрлым қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізудің маңызы ерекше. Қазір солтүстік-шығыс облыстарда бұл жұмыс қызу жүргізіліп жатыр. Тракторларды, топырақ өңдейтін, тұқым себетін машина, құрал-сайманды толық және тиімді пайдалана отырып, егісті жедел әрі сапалы аяқтауға барлық күшті жұмылдыру керек. Биылғы көктемнің кеш шыққан жағдайында дәнді дақылдардан мол өнім алу үшін мұның шешуші маңызы болмақ. Мәселеге осы тұрғыдан қарай отырып, қазір әрбір күнді, әрбір сағатты жақсылап пайдалануға жұртшылықтың көңілін баса аудару керек. Егісті ұзаққа созу — талай өнімнен айрылу деген сөз, оған ешбір жол беруге болмайды. Механизаторлардың жұмысты өнімді істеуіне мәдени-тұрмыстық жағынан барлық жағдай жасау керек. Механизаторлар армиясының қатарына биыл қосылған жастардың, қыз-келіншектердің техниканы шебер игеруіне шынайы қамқорлық етіп, көмектесіп отыру керек болады.

Мал шаруашылығын өркендету жөніндегі міндеттер де зор. Бұл салада қыста болған мал шығынының орнын толтырып қана қоймай, сонымен бірге малдың санын, өнімділігін онан әрі көбейтуде жаңа кадам жасауға тиістіміз. Бұл үшін мал қыстатуда кездескен қиыншылықтардың зардабын жою жөнінде көп жұмыс істеуге тура келеді. Кейбір жерде мал шаруашылығын жүргізу практикасында өтірік ақпар беру, көз бояушылық жасау, бос сөзге салынып, құрғақ уәде беру, кемшілікті бүркемелеу сияқты фактілердің жойылмай отырғанын айтпай кетуге болмайды. Мұндай фактілер пленумда келтіріліп, қатты сынға алынды. Мысалы, Шымкент облысындағы Шардара ауданының басшылары жөнінде осыны айтуға болады. Олардың қоғамдық мал үшін бір жарым жылдық жемшөп қоры жасалды деп берген ақпары кейіннен өтірік болып шықты. Соның салдарынан мұнда мал қыстату өте қиын жағдайда өтті. Көз бояушылық аудан шаруашылықтары үшін өте қымбатқа түсіп, фермаларға үлкен нұқсан келтірді.

Жемшөп базасын мейлінше нығайту — мал шаруашылығын үрдіс өркендетудің, оның өнімділігін еселеп арттырудың негізгі тұғыры, маңызды шарты. Бұл проблеманы шешуді мықтап қолға алу керек. Онысы қоғамдық мал шаруашылығын бүгінгі күннің талабына сай өркендету мүмкін емес. Әрбір совхоз бен колхозда жемшөп базасының жайын жан-жақты зерттеу керек. Шөп егіп өсіру, жүгеріні, басқа да жемдік дақылдарды өсіруді шұғыл жақсарту, шабындықтар мен жайылымдарды дұрыс пайдалану — міне жемшөп өндіруді молайтудың негізгі көздері осылар. Жемшөп базасын нығайту ісінде шаруашылық басшыларының жауапкершілігін күшейту керек. Пішен дайындауға осы бастан жан-жақты әзірлік жасаған абзал.

Социалистік жарыстың жаңа биік межелеріне жету, оның зор асуларын алу партия ұйымдарының ұйымдастыру-партиялық және идеологиялық жұмыстарының дәрежесін арттыруға байланысты. Пленум қаулысына сәйкес қазір облыстық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының шешімдерін ойдағыдай орындауға бағытталған ұйымдастыру-партиялық және партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде нақты шаралар белгілеп, жүзеге асыруға тиіс.

Алда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау тағдырын кадрлар шешеді. Міне сондықтан ауыл-селода кадрларды таңсырылған іске асқан жауапкершілікпен қарау рухында тәрбиелеуге, олардың іскерлігін, ұйымшылдығын, табандылығын арттыруға баса көңіл бөлу керек. Кадрларды партиялық, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеудің маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Партия ұйымдары колхозшылар, совхоз жұмысшылары, механизаторлар мен мамандары

арасындағы жұмысты мейлінше жақсартулары, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне алынған міндеттемелерді ойдағыдай орындауға оларды жаппай жұмылдыруы керек.

Елімізде өндірістің тиімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлініп отырған қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығы саласында экономика мәселелерінің маңызы өлшеусіз өсе түсуде. Мұны ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің көпшілігі жақсы біледі. Бізде жекелеген партия ұйымдары бұл мәселеге қатты зер салып та отырады. Қостанай облысындағы Федоров аудандық партия комитетінің жұмысы осы жағынан басқаларға өнеге боларлықтай. Мұнда экономикалық жұмыстарды жетілдіруде көп іс тындырылуда. Аудандық комитет совхоздардың түгелдей шаруашылық есепке көшіріліп, олардың нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отыр. Кадрлардың экономикалық оқуы жақсы ұйымдастырылған, экономикалық талдау советтері мен бюролары жұмыс істейді. Бұл игілікті іске 700-дей маман мен жұмысшы қатысады. Мұның өзі аудан экономикасының қарыштап алға басуына көп пайдасын тигізуде: соңғы жылдары совхоздардың рентабельділігі күшейіп, табыстары күрт өсті.

Дегенмен экономикалық жұмыс әлі де кең өріс ала алмай отыр. Түрлі кеңестерде, жиналыстарда бұл мәселенің төңірегінде әңгіме көп болып, жиі-жиі айтылады. Бірақ нақты іс шамалы. Партия ұйымдарының кейбіреулері бұл маңызды мәселені ұмыт қалдырып қояды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық саласының рентабельділігін көтеру, еңбек өнімділігін барынша арттыру, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, колхоз, совхоз өндірісінің мәдениетін көтеру, өндіріс технологиясын жетілдіру, шаруашылық есепті енгізу, шаруашылық салаларын интенсификациялау сияқты экономикалық жұмыстар партия ұйымдарының ұдайы назарында болып, олар бұл мәселелермен әрдайым дәйектілікпен, терең шұғылдануға тиіс.

Партияның XXIII съезі, КПСС Орталық Комитетінің Пленумдары мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IX, X пленумдары ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойған жауапты міндеттерді және социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді ойдағыдай орындау мүддесі ауыл-селодағы әрбір коммунистің, әрбір еңбеккердің жұмысты қажырлылықпен істеуін, ынта-жігер көрсетуін керек етеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің X пленумы партия ұйымдарын, коммунистер мен комсомолецтерді, колхозшыларды, совхоз жұмысшыларын, мамандарды, селоньң барлық еңбеккерлерін, өнеркәсіп орындарының, құрылыс ұйымдарының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлерін ауыл шаруашылығын одан әрі өрге бастыру жөнінде КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумы белгілеген шараларды нақты іс жүзіне асыру жолындағы күресті белсене өрістетуге, сөйтіп, астық, ет, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді және мемлекетке сатуды биылдың өзінде-ақ едәуір молайтуды қамтамасыз етуге шақырды.

1969 жылы Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбеккерлері астық өндірудің және оны мемлекетке сатудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға бел байлап отыр. Мұның өзі қазақстандықтар үшін үлкен сын. Бұл сыннан мүдірмей өтіп, социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде келелі табысқа жету, сөйтіп В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу — республиканың барша еңбекшілерінің, күллі коммунистерінің абыройлы ісі.

ЕГІННЕН МОЛ ӨНІМ АЛУ ЖОЛЫНДА

В. ДЕМИДЕНКО,

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Кешіксе де көктем келіп жетті. Қауырт науқан басталды. Сонау қоңыр күзден бері тракторын жөндеп, тұқымын сайлап, қыс бойы тыным таппай тың төсінде қалың қар тоқтатып жүрген механизаторлар, енді міне егіс даласына аттанды. Қызу еңбек дабыл қақты. Шабытты жарыс күлаш жайды. Жұрттың жұмыла көздеген мақсаты егісті агротехника талаптарына сай ең қолайлы мерзімде аяқтау, сөйтіп мол өнімнің негізін қалау болып отыр. Өйткені облыс партия ұйымдары, бүкіл дикандар қауымы биыл — ұлы көсеміміз В. И. Лениннің мүшелді мерекесі қарсаңында Отан қоймасына барынша мол астық кұюды көздеуде. Бұл — айбынды да абыройлы міндет.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметі партия ұйымдары мен бүкіл облыс еңбекшілерінің жұмысын жоғары бағалады. 1968 жылы астық өндіруді арттырғаны үшін облысқа жақында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан кәсіподақтары советінің ауыспалы Қызыл Туы мен 20 мың сом сыйлық тапсырылды. Мемлекет тарапынан көрсетілген материалдық-техникалық үлкен көмектің арқасында өткен жылы облыстың колхоздары мен совхоздары бітік егін өсіргені белгілі. Былтыр ауа райының қолайсыз болуына қарамастан, әр гектардан 12,6 центнерден өнім жиналды. Мемлекетке 73 миллион пұт астық тапсырылды. Бұл жоспардағыдан 21 миллион пұт артық, оның үстіне әрбір шаруашылық өзіне қажетті тұқым қорын, малдың жем-азығын қамбасына кұйып алды.

Облыс колхоздары мен совхоздары мұндай елеулі табысқа ішкі резервтерді іске қосып, түрлі экономикалық шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде ие болды. КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейін астық өндіру шұғыл артты. Үш жыл ішінде мемлекетке ширек миллиард пұтқа жуық астық сатылды. Колхоздар мен совхоздардың экономикасы нығайды. Бұл мерзім ішінде совхоздар 103 миллион сом пайда келтірді. Ал колхоздардың ақшалай табысы екі есе артты. Мұның өзі шаруашылықты кеңейтуге, еңбек озаттарына сыйлықтар беруге, құрылыс жұмыстарына, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеуге қажетті қаржы бөлуге мүмкіндік жасады. Мәселен, 1966—1968 жылдарда совхоз жұмысшыларына сыйлыққа, қосымша еңбек ақысына 42 миллион сом бөлінді.

Партияның ауыл шаруашылығы жөніндегі жаңа саясаты өздерінің мүддесіне сай келетініне көздері әбден жеткен дикандар мен малшылар, механизаторлар мен басқа да мамандар колхоздар мен совхоздардың алдына қойылған келелі міндеттерді орындауға бұрынғыдан да кұлшына ат салыса бастады.

Биылғы март айында трактор-егіс бригадасы бригадирлерінің облыстық кеңесі өткізілген болатын. Сонда егіншіліктің сырына қанық санлақтар: бұл өңірде бұрын гектарына жүз пұттан өнім алу диканға алыстағы арман сияқты еді, енді көп жерлерде дақылдың әр гектарынан

25—30 центнерден, тіпті 40—50 центнерден өнім жиналып жүр, десті. Шынында солай!

Соколов ауданының дикандары былтыр бітік егін өсірді — әр гектардан 20 центнерден өнім жинады. Булаевтықтардың көрсеткіші — 18,8 центнер, Бескөл, Мамлют аудандарының еңбеккерлері де елеулі табысқа ие болды. «Суворовский» совхозында егіннің әр гектарынан 23 центнерден өнім жиналса, «Налобинский» мен «Петропавловский» совхоздарында гектар басы 22,5 центнерден айналды. Мен сол кенесте Давыл Александрович Штоль, Николай Владимирович Топоров, Леонид Яковлевич Белоглазов сияқты бригадирлердің сөзін тындадым. Сонда осы өңірдің өткендегі бейнесі көз алдыма келді. Бұл өңірге, «қарғыс атқан қиянға» ғасырлар бойы астық сонау Орталық Россиядан тасылып әкеліпті. «Қазына егістігінен де» нәтиже шықпаған: апшыны қуырған аңызак дикан еңбегін еш еткен. XX ғасырдың басында Петропавл уезіндегі егістіктің көлемі 74 мың десятина, ал онан жиналған барлық өнім 1,5 миллион пұт болған екен. Мұны қазіргі кезде бір ғана совхоз өндіреді!

Владимир Ильич Сибирьге айдауға кетіп бара жатып осы тұстан өткенде, құлазыған даладан көңілі қалып: мен жаңа ғана өткен Батыс-Сибирь жолының бойы... сұмдық сүренсіз. Құлазыған, меніреу шөл. Ел де жоқ, қала да жоқ, деревнялар да сирек, оқта-текте орман көрінеді, онан әрі мидай дала... деп жазған екен.

Соқадан басқа құралы жоқ жеке шаруа ол кезде табиғат тауқыметіне қайдан қарсы тұрсын. Қолына ілінгеніне риза болды. Азаттық таын әкелген Октябрь революциясы ғана Қазақстанның кең жазира даласында қазіргідей қуатты егін шаруашылығын ұйымдастыруға жардай жасады. Ғасырлар бойы тусырап жатқан тың дала игерілді, шөл төсіне қала орнады, құла жонда жайқалып егін өсті, бау-бақша шешек атты. Бір ғана дәнді дақыл егісінің көлемі 1,7 миллион гектарға жетті, ал мемлекетке астық тапсыру мөлшері бұрынғыдан ондаған есе артты.

Солтүстік Қазақстан өлкесінің қысы қатал, жазы құрғақ келеді. Түсетін ылғалдың орташа жылдық мөлшері 290—320 миллиметрден аспайды. Көктемі кеш шығады, құбылмалы келеді, күзі ерте түседі, әрі жауын-шашынды болады, жазы да жайсыз — аптабы мен аңызакты апшыны қуырады, қысы да тым қытымыр — кейде қылаң қар түскені болмаса, көбіне қақаған қара суықтан жер де қатқайып кетеді. Міне осының бәрі егіншіден ерекше шеберлікті, ерен еңбекті талап етеді. Неге десеніз, ертерек ексеңіз, бой көтерген бидай июндегі аңызакқа тап болады, кешірек сепсеніз, жер кеуіп кетеді де, тұқым дұрыс өнбей қалады, әрі егін орағы күзгі боз қырауға, жауын-шашынға ұрынады. Өткен жылы ерте түскен күздің суығы егін жинауға едәуір кесірін тигізді. Ал 1964 жылы, 1967 жылы дәнге қара күйе түсті. Әйтсе де біздің өңірдегі ең үлкен қырсық — қуаншылық. 1963 және 1965 жылдарда жазғы аптапты аңызак егіншілердің жыл бойғы жарғақ құлағы жастыққа тамей еткен еңбегінің толық өтелмегені тың тұрғындарының әлі есінде.

Табиғатының мұншалықты қатал болуы бұл өңірде егіншіліктің ерекше жүйесін қолдануды талап етеді. Ғалымдар мен дикандардың берік ынтымақтаса жұмыс істеуінің нәтижесінде мұндай жүйе жасалды да. Оның өзі тірнектеп жинадық десек те болады. Әсіресе оған Бүкіл одақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты айрықша үлес қосты.

Тыңда қалыптасқан егіншілік жүйесі еліміздегі ең бір астықты аймақ болып отырған осы өлкенің өзіне тән ерекшеліктерін айғақтайды. Соның бір белгісі — ауыспалы егіс. Оған көбіне парға жыртылған жер пайдаланылады. Мұның өзі егістікке ылғалды молырақ жинауға, әрі арамшөптерді жоюға көмектеседі. Сондай-ақ жер қайырмасыз плугпен жыртылады. Өйткені бұл әдіс — жердің құнарлы қыртысын желге ұшырмайтын әрі қарды қалың тоқтатуға көмектесетін аңызды сақтап

калады. Егіс мерзімі, тұқым сорты, жерді тыңайту әдістері де табиғат жағдайына тығыз байланысты.

Егіншілік шараларын белгілеумен іс бітпейді. Оны жүзеге асыра да білу керек. Облыс партия ұйымдарының алдына қойылған басты міндеттердің бірі міне осы болды. Егіншіліктің жаңа жүйесін жүзеге асыру сан салада жүргізілді.

Аудандық партия комитеттері мен барлық коммунистер қолға алған екінші бір күрделі мәселе — егіншілік мәдениетін көтеру, озаттар тәжірибесін кеңінен тарату жолындағы жарысты ұйымдастыру болды. Соңғы кезде бұл жарыс кең құлаш жайып отыр. Егіншілік мәдениетін көтере түсу, егіс эстетикасы үшін күрестің инициаторы болған «Пресновский» совхозының партия ұйымы...

Аудандық партия комитеттері, бастауыш партия, кәсіподақ ұйымдары бұл бастаманы іле қолдады. Егіншілік мәдениеті ең жоғары аудан, совхоз, колхоз, бөлімше, бригада деген атак үшін дикандар арасындағы жарысты кеңінен өрістетті. Жарыс шарттары облыстық партия комитетінің бюросында, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқару комитетінде, облыстық кәсіподақтары советінде бекітілді. Құрметті атакқа ие болу үшін аудан бес жыл бойы егіннің әр гектарынан кемінде 12 центнерден, ал совхоздар мен колхоздар, бригадалар мен бөлімшелер — 14 центнерден өнім алуға тиіс. Сондай-ақ астық дайындау жоспары барлық дақыл түрлері бойынша орындалатын болуы керек.

Жарыс қорытындылары шығарылған кезде егіске шығымдылығы жоғары аудандастырылған тұқым себуге көшу, жерді қайырмасыз плугпен өңдеу әдісін өндіріске енгізу, тыңайтқыштар қолдану, арам шөпке, зиянкес жәндіктерге қарсы күрес шараларын орындау, машина-трактор паркін тиімді пайдалану, өнімнің өзіндік құнын кеміту сияқты маңызды көрсеткіштер де ескерілетін болды.

Әділін айтсақ, жарыс шарттары біздің аймақ үшін онша жеңіл де емес. Ендеше осындай жағдайда егіншілік мәдениеті жоғары коллектив деген атақты жеңіп алудың өзі асқан абырой емес пе? 1967 жылдың өзінде бұл құрметті атақты 7 бригада мен бөлімше жеңіп алды. Солардың ішінде «Восход» совхозының Г. Р. Вишнягов басқаратын бригадасы, Тимирязев ауданының «Мичуринский» совхозының О. А. Баландин мен М. П. Подгора басқаратын бірінші және бесінші бригадасы, «Мамлютский» мал тұқымын асылдандыру заводының В. И. Ролер мен Н. Ф. Соколов басқаратын екінші және үшінші бригадасы бар.

Облыстық партия комитетінің бюросы, облыстық Совет атқару комитеті мен облыстық кәсіподақтар советі өткен жылғы жарыс қорытындысын шығарды, соған сәйкес «Мамлютский» мал тұқымын асылдандыру заводының коллективі, «Чистовский» совхозының бірінші бөлімшесі, «Суворовский» совхозының бірінші, үшінші және төртінші бөлімшелері құрметті атакқа ие болды. Бұл бригадалар бесжылдықтың алғашқы жылынан бастап-ақ егістің әр гектарынан орташа есеппен 14 центнерден өнім жинап, астық өндіру жоспарын асыра орындауда.

Облыста кең өріс жайып отырған егіншілік мәдениетін көтеру жолындағы жарыс топырақты өңдеудің ғылымға негізделген әдістері мен тәсілдерін енгізуге, агротехника дәрежесін көтеруге көмектесті. Қазір барлық шаруашылықтар егіншіліктің жаңа жүйесіне толық көшті.

Өткен үш жылдың ішінде егіс құрылымын жақсартуда, әсіресе ауыспалы егіс танаптарын енгізуде едәуір жұмыстар істелді. Қазір жыртылатын жерге толығынан ғылымға негізделген ауыспалы егіс әдісі енгізілді, ал оның 65 проценті ойдағыдай игеріліп отыр. Ауыспалы егісті толық игеріп келе жатқан «Чистовский», «Приишимский» совхоздары осының есесінен ғана жыл сайын жүздеген тонна астықты артық өндіруде.

Ауыспалы егіс жүйесінде таза парға елеулі орын беріледі. Жауыншашыны кем Есіл өңірінде әзірге таза пар егіншілік мәдениетін көте-

рудің маңызды шарты, бітік егін өсірудің, мол астық жинаудың басты құралы, әдісі екенін озат шаруашылықтардың тәжірибесі дәлелдеп отыр. Парға жыртылған жердегі егіннің әр гектарынан 20—30 центнер өнім жиналуда.

Облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы мен озат шаруашылықтар пар жыртылған алқапқа биік ықтырма егудің тиімді екенін көрсетуде. Қыста ол қарға тосқауыл болады, демек егістікке ылғал мол жиналады, ал бұл — болашақ өнімнің кепілі. Ықтырмалы алқапқа егілген дақылдан өзгелерге қарағанда гектарына 2—3 центнер өнім артық жиналады. Биыл пар жыртылған жерге түгелдей ықтырма қыша егу көзделіп отыр.

Жаңа ауыспалы егіс жүйесімен бірге облыс шаруашылықтары топырақты жаңаша, қайырмасыз өңдеу әдісін өндіріске енгізді. Тыңдағы егіншілік бұл жүйенің екі бірдей тиімді жағын байқатып отыр. Біріншіден, егістік алқаптағы дақылдың анызы қыста қарға тосқауыл болады, екінші жағынан, ол жер қыртысын эрозиядан сақтайды. Мұның үлкен маңызы бар. Өйткені облыс бойынша эрозияға бейім 700 мың гектарға жуық жер бар.

Облыстық тәжірибе станциясының деректеріне қарағанда жерді жаңаша өңдеу әдісі егістің әр гектарынан қосымша 1,5—2 центнер өнім алуға мүмкіндік береді. Мұны озат шаруашылықтардың тәжірибесі дәлелдеп отыр. Бесжылдықтың төртінші жылында облыс шаруашылықтары егістіктің 70 проценттен астамын осындай жаңа әдіспен өңдеп, тұқым себуде.

Облыстың егіс даласында қолданылып жүрген агротехникалық шаралардың бәрін бірдей тізіп айтып шығу мүмкін емес. Олар сан алуан. Өйткені тың егіншілігі творчестволық еңбекті, үнемі ізденуді талап етеді. Партия ұйымдары диқандар мен механизаторларды осыған баулып отыр.

Егер егістік алқапқа сапалы тұқым себілмесе, жерді қалай өңдегенінмен, онан мол өнім жинай алмайсың. Бұл — табиғат заңы. Сондықтан колхоз-совхоздар тұқым шаруашылығына ерекше көңіл бөледі. Бұрын облыста көбіне «Искра», «Мильтурум-553» сияқты тұқымдар себіліп жүретін. Тәжірибе олардың төгілгіш келетінін, өнімі де онша емес екенін көрсетті. Тіпті шаруашылықтар пайдаланып келген өзге 16 тұқым сорты да сол шамадан аса алмайтын. Осыдан келіп, тұқым сорттарын сұрыптау ісі қолға алынды. Қазір облыста бидайдың үш сорты егіледі. Бұлар — «Саратовская-29», «Безенчукская-98», «Харьковская-46». Бізде тек аудандастырылған бидай тұқымы себіледі. Мұның өзі дақылдың шығымдылығын арттырды. Үш жылдың ішінде шаруашылықтар қатты да әлді бидай өсірудің өзінен ғана 40 миллион сомдай пайда келтірді.

Тұқым өсірудің резерві мол. Өткен жылы июльде облыстық партия комитетінің бюросы мен облыстың Совет атқару комитеті тұқым шаруашылығын онан әрі жақсарту беру жөнінде арнаулы мәселе қарады. Онда таяудағы бір екі жылда дәнді дақылдардың сортты тұқымдарын ғана егу жөнінде нақты шаралар белгіленді.

Егіншілік мәдениетін көтеру жолындағы жорықты бастай отырып, партия ұйымдары егіншіліктің жаңа жүйесін комплексті түрде енгізуге қамқорлық жасады. Соңғы жылдардың тәжірибесі көрсеткеніндей егіншіліктің жекелеген әдістері емес, ғылымға негізделген шараларды комплексті түрде қолданған жерлерде ғана елеулі табысқа қол жеткенін аңғарамыз. Мәселен, гектарынан 50 центнерден өнім жинаған «Петропавловский» совхозының егіс даласын алайық. Топырақ тың жерге арналған жүйеге сай өңделген, пар жыртылған, бидайдың «Саратовская-29» деген сортты тұқымы себілген. Егістікке органикалық және минералдық тыңайтқыштар төгілген. Міне осының нәтижесінде дақыл бітік өскен де егіннен мол өнім жиналған.

Өткен күз дауылды-бұрқасынды, қыс қарлы да боранды болды. Мұның өзі егіншілерге де, малшыларға да аса ауыр тиді. Әсіресе еліміздің астықты аудандары едәуір шығынға ұшырады — көп жерлерде күздік үсіп кетті. Егіс көлемі жылдағыдан кеміп қалды. Осындай қиын жағдай ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алдына айрықша күрделі міндет қойып отыр. Әрбір колхоз, әрбір совхоз, аудан, облыс асқан ұйымшылдық көрсетіп, қолдағы барлық мүмкіншілікті сарқа пайдаланып, қалай да бітік егін өсіруге күш салуға тиіс. Қайткен күнде де Отан қоймасына жылдары мөлшерден астықты артық болмаса, кем құюға болмайды. Өйткені бұл — мемлекеттік мәні бар үлкен іс. Партия ұйымдарының еңбеккерлер арасындағы саяси-тәрбие, көпшілік-ұйымдастыру жұмысының негізгі өзегі қазір осы болып отыр.

Колхоздар мен совхоздарда өткізілген партия жиналыстарында бұрын қабылданған социалистік міндеттемелер қайта қаралды. Облыс еңбеккерлері биыл егіс көлемін 100—110 мың гектар ұлғайту, егінді бітік өсіру негізінде 1969 жылы жоспардағы 54 миллион пұт орнына 75—80 миллион пұт астық жинауды көздеп отыр. Сөйтіп бұл күндері облыс партия ұйымы, барлық ауыл шаруашылығы еңбеккерлері бесжылдықтың төртінші жылында Отанға былтырғыдан да мол астық, ет, сүт, басқа да өнімдер тапсыруды қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етуде.

КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы октябрь Пленумының шешімдеріне сәйкес облыс еңбеккерлері дақылдың әр гектарынан орташа 14,3 центнерден өнім жинауға ұйғарды. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне астық өндірудің және оны дайындаудың бес жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, Отан қоймасына бес жылдық жоспардан тыс 98 миллион пұт астық құюға уәде берді.

Бұл жоспардың орындалатынына біз кәміл сенеміз. Өйткені егіншілік мәдениеті көтеріліп, дикандар мен механизаторлардың тәжірибесі артты. Бізде қажетті резервтер де жеткілікті. Қазір селода бес мыннан астам ауыл шаруашылығы мамандары жұмыс істейді. Механизатор кадрларының проблемасы да негізінен шешілді — бізде жиырма мыңға тарта механизаторлар бар. Бұлардың бәрі де тәжірибелі егіншілер, көпшілігі ордендермен, медальдармен наградталғандар, солардың жиырмадан астамы Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа ие болған нағыз еңбек ардагерлері. Өткен жылы ғана ауыл шаруашылығы өндірісінде қол жеткен зор табысы үшін бір мыннан астам озаттар СССР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысуға право алды.

КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) Пленумынан кейін колхоздар мен совхоздар техникалық жағынан бұрынғыдан да жақсы жарақтала түсті. Ауыл шаруашылығындағы жұмыс толық механикаландырылды. Онбес аттың күшімен есептегенде облыстың егіс даласында қазір отыз мыңға тарта трактор, жеті мыннан астам комбайн, басқа да мыңдаған машиналар жұмыс істейді. Соңғы екі жыл ішінде ғана шаруашылықтар 2 400 трактор алды.

Егіншілік шеберлігінің шыңдалып, шаруашылықтардың техникалық жабдықталуы жақсарғандықтан да егіс жұмысының сапасы артып, оның мерзімі қысқарды. Бұрын көктем егісі бір айға созылып келсе, енді бүкіл облыс бойынша он-онбес күнде аяқталады. Биыл ұйымшылдық онан да күшті. Тұқым көктемнің ең қолайлы шағында себілуде.

Алда тұрған айбынды міндеттер тың алқабындағы егіншілікті өркендетуде аса маңызды бірқатар мәселелерді жедел шешуді талап етеді. Ең алдымен әлгіме егістікті өңдейтін құрал-саймандар жайлы болып отыр. Кәдімгі плугтың қайырмасын алып тастап жыртқанмен жер қазіргі агротехникалық талаптарға сай өнделмейді, өйткені топырақ жентектелген күйінде копарылады да, паяның біразын басып қалады. Эрозияға жол бермейтін және басқа құрал-жабдық та қажет-ақ. Бірақ

амал қанша, өнеркәсіп орындары біздің қажетімізді ғана емес, берген азын-аулақ заявқамызды да өтей алмай отыр.

Соңғы жылдарда облыста бидайдың тұқым сорты жақсарды дедік. Рас қазіргі сорттардың тәуір жақтары көп. Әйтсе де солардың өзі біздің өлкенің жағдайына сай келе бермейді. Айталық, «Саратовская-29», «Безенчукская-98» сорттары қуаншылыққа төзімді-ақ, әйтсе де кей жылдары оларды қара күйе басып кетеді. Бұл өнімге зиянын тигізеді.

Бізге қара күйеге шалдықпайтын, ерте пісетін бидай сорттары қажет. «Саратовская-29», «Безенчукская-98», «Харьковская-46» сорттары 82—100 күнде піседі. Ал бізде кей жылдары 71—96 күннен кейін тез қырау түсіп кетеді де дақылдың өніміне, астықтың сапасына зиянын тигізеді. Мәселен, былтыр суық 22 августан басталды. Көптеген шаруашылықтағы парға себілген бидай суыққа ұрынды.

Әдетте біз егін орағын августың аяғында бастаймыз. Ал сентябрьде жауын-шашын жиі болады. Бұл да іске кесірін тигізеді. Міне сондықтан да ерте пісетін бидай сорты қажет бізге.

Басқа да дақылдардың тәуір сорттарына зәруміз. Әсіресе жүгері тұқымы қажет-ақ.

Солтүстік Қазақстанның жері әртүрлі фосфорлы қосындыларға кедей. Сондықтан суперфосфат енгізілген алқаптың дақылды да бітік өседі. Бұл тәжірибеден аян. Егер бидай парға жыртылып, гектарына 2—3 центнер суперфосфат енгізілген жерге себілсе, оның өнімі әдеттегіден 2,5—4 центнер артық болады. Биыл мемлекет бізге үлкен жәрдем көрсетіп отыр — 40 мың тонна минералдық тыңайтқыш бөлді.

Тағы бір айтарымыз, егін жинайтын техника ойдағыдай болмай жүр. Қазіргі «СК-4» астық комбайнының еңбек өнімділігі төмен, әрі дәнді көп ысырап етеді. Астық шығынын азайту үшін механизаторлар заводтан жаңа шыққан комбайнның өзін шеберханада қайтадан жабдықтауға мәжбүр болып жүр. Егіншілер жаңадан шығарылып жатқан «Сибиряк», «Нива», «Колос» сияқты астық комбайндарына үлкен үміт артуда. Бірақ оның қашан қолға тиері белгісіз.

Астықты бөлектеп орып, жинау әдісінің тиімділігіне қазір көпшіліктің көзі жетті. ЖВН-6 жаткасы жақсы-ақ. Әттен, ол тек астық комбайнына ғана тіркеледі. Бұл комбайндарды бұрынғыдан екі есе көбейтуді талап етіп отыр. Бірақ егін орағы кезінде дөңгелекті тракторлар бос тұрады ғой. Ендеше жаткаларды сондай тракторларға да, өздігінен жүрегін шассилерге де тіркеуге болатын етіп неге жасамасқа?

Міне осындай шараларды жүзеге асыру, әрине егілген дақылдың бітік өсуіне, онан мол өнім жиналуына мүмкіндік жасайтыны сөзсіз.

Көктем күшіне енді. «Әр күн — жылға азық!» дегеніміз осы кез. Дикандар да, механизаторлар да мұны жақсы түсінеді. Сондықтан да олар лениндік вахтаға тұрып, жұмыла еңбек етуде. Мұның өзі — болашақ мол өнімнің кепілі, алдағы даңқты мерекелерді татымды тартулармен қарсы алудың негізі.



ЗЫҒЫР — БАҒАЛЫ ДАҚЫЛ

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1965 жылғы март Пленумы ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрін түгел егіп, одан мол өнім алуды міндет етіп қойды. Пленум әсіресе майлы дақылдарды өсіруге ерекше көңіл бөлді.

Майлы дақылдарды, оның ішінде зығырды еліміздің шығыс аудандарында, яғни Сибирь мен Уралда, Қазақстанда мол өсіру мүмкіндігі Пленум шешімдерінде атап көрсетілді. Майлы дақылдарды өндіруде біздің республикамыздың үлесі де едәуір. Қазақстанда зығыр егісінің көлемі еліміздің барлық шығыс аудандарындағы зығыр егісі көлемінің жартысына тең.

Зығыр — аса бағалы да пайдалы дақыл. Зығыр көктемгі суыққа төзімді, қуаңшылыққа көнбіс әрі ерте піседі. Сондықтан оны республикамыздың солтүстік облыстарында өсіруге әбден болады. Зығырдың халық шаруашылығына тигізер пайдасы зор. Құрамында иод мол болғандықтан оның майы сапалы келеді. Ол — лак және литографиялық бояу және эмаль өндіруде таптырмайтын шикізат. Ал бұлар самолет, автомобиль, трактор және кеме жасайтын, металл өңдейтін кәсіпорындарда кеңінен қолданылады. Зығыр майы резина бұйымдарын өндіруге қажет болса, оның дәлі медицинада дәрі-дәрмек жасау үшін пайдаланылады.

Зығырдан бағалы мал азығы — күнжара алынады. Зығыр күнжарасы өзінің құнарлылығы мен сінімділігі жағынан күнбағыс күнжарасынан кем түспейді. Ал шөре зығырдың сабағынан талшық алынады, одан арқан есіледі, кенеп бұйымдары тоқылады.

Соңғы жылдары жүргізілген селекциялық жұмыстардың нәтижесінде зығырдың суыққа неғұрлым төзімді, тез пісетін және мол өнім беретін тұқымы пайда болды. Қазіргі кезде Қазақстанда шөре зығыр көп егіледі. Шөре зығыр 70—80 күнде, яғни жаздық бидаймен бір мезгілде піседі. Шөре зығыр 4 градусқа дейінгі қатқалқа үсімейді.

Соңғы алты жыл ішінде елімізде зығыр майының жылдық өнімі орта есеппен 34 мың тоннадан асқан емес. Ал мұның өзі зығыр майына деген сұранысты қанағаттандыра алмайтыны түсінікті. Қазіргі кезде халық шаруашылығының зығыр майына деген мұқтажы шамамен 95 мың тоннадай. Мұның барған сайын көбірек қажет бола берері сөзсіз. Сондықтан да оның егіс көлемін ұлғайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстанда зығырды өсіруге қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар бар.

Жұмсалатын еңбек мөлшері жағынан зығыр масақты дақылдарға жақын. Оны өңдеудің агротехникасы да қиын емес. Республикамыздың зығыр еккен совхоздары жыл сайын одан мол пайда тауып келеді. 1967 жылы республика бойынша зығыр өндіруші совхоздардың одан түсірген барлық пайдасы 2 миллион 635 мың сом болды.

Шортандыдағы Бүкіл одақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мәліметі бойынша 1956—1961 жылдардың аралығында Қостанай облысында зығырдың әр гектарынан алынған таза кіріс 14 сом, Солтүстік Қазақстан облысында 54,7 сом, Қөкшетау облысында 45 сом, Целиноград облысында 37 сом болды.

Алайда бізде зығыр егуге жеткілікті мән берілмейтінін айта кеткен жөн. Шаруашылықтарда зығырдың егіс көлемі баяу ұлғайтылуда. Сапасыз тұқымды еге салу жиі кездеседі. Зығыр егілген жердің арам шөбі кезінде оталмайды. Келер жылға арналған тұқым дұрыс кептірілмейді де, көбінесе бүлініп кетеді. Сөйтіп оның шығымдылығы төмендейді.

Зығырды дұрыс баптап-күте білген шаруашылықтарда оның түсімі жоғары болып жүр. Мысалы, Қостанай облысындағы «Майкөл» совхозы 1967 жылы 1100 гектар жерге егілген зығырдың әр гектарынан 13,3 центнерден өнім жинап, 237 мың сом кіріс алды. Қазақстанның солтүстік облыстарындағы шаруашылықтар 1961—1964 жылдары зығырдың әр гектарынан орта есеппен 70,3 сомнан таза пайда тапты.

Алдағы уақытта зығырдың өнімін молайтып, оған жұмсалатын еңбекті жеңілдетіп, тұқымның өзіндік құнын арзандату үшін оның егіс көлемін дәл анықтап, оны көптеп егетін шаруашылықтарды, бөлімшелерді және бригадаларды мамандандыру қажет.

Аса бағалы дақыл зығырдан алынатын өнімді арттырып, оның өзіндік құнын кеміту үшін агротехникалық тәсілдерді (ауыспалы егісті дұрыс пайдалану, тұқым себудің қолайлы кезеңін таңдап алу, арамшөпті химиялық жолмен отау) кеңінен қолдану қажет. Әсіресе тұқымның аудандастырылған, жоғары өнімді сорттарын себуге көшу керек.

Жоспар бойынша бесжылдықтың аяғында Қазақстан мемлекетке 130 мың тонна майлы дақыл, оның ішінде 80 мың тонна зығыр өткізуге тиіс. Бұл аса жауапты міндет. Осы міндетті ойдағыдай орындап шығу — зығыр өсіретін шаруашылықтардың еңбеккерлеріне елеулі сын екенін естен шығармау шарт.

Ә. МҰРАТОВ,
агроном.

САЯСИ ХАБАРДЫ ЖЕТІЛДІРЕ БЕРЕЙІК

А. ПЛОТНИКОВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті насихат және үгіт
бөлімінің меңгерушісі*

Қазір елімізде экономика мен мәдениетті онан әрі өркендетуге, өндірістік қатынастарды жетілдіре түсуге бағытталған аса маңызды шаралар жүзеге асырылып отыр, коммунистік құрылыс кең өріс алуда. Империализм мен қазіргі оппортунизмге қарсы күрес шиеленісіп, коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігін нығайту жолындағы күрес өрістей түсуде. Міне осындай күрделі кезеңде партия ішіндегі және еңбекшілер бұқарасы арасындағы хабардың маңызы ерекше артып отыр.

Тиянақты жүргізілген саяси хабар партиялық басшылық дәрежесін онан әрі арттырып, оның түрлері мен әдістерін жетілдіре түсуге, партияның бұқарамен байланысын нығайта беруге көмектеседі. Сонымен қатар еңбекшілер арасындағы идеялық-тәрбие жұмысын жақсартып, оларды мемлекет ісін басқаруға неғұрлым белсене қатыстыруда да саяси хабар маңызды роль атқарады. Қоғам пікірін қалыптастырып, оны дұрыс арнаға бағыттауда саяси хабардың ерекше орын алатыны баршаға аян. Бұған қоса елдің ішкі тіршілігі мен халықаралық жағдай туралы совет адамдарына уақытында хабарлап отырудың зор маңызы бар екенін атап айту қажет. Мұның өзі еңбекшілер бұқарасының партия мен үкімет шешіп отырған мәселелерді дұрыс та терең ұғынуына, өздерінің күшжігерін коммунистік құрылыстың маңызды міндеттерін жүзеге асыру жолына бағыттап отыруына көмектеседі.

Саяси хабардың екінші бір маңызды қыры мынадай. Бұқараның саяси және еңбек өрлеуі үздіксіз өсуде, осыған орай партия ұйымдарына төменнен келіп түсетін хабардың көлемі де артуда. Ал мұның өзі халықтың түрлі топтарының талап-тілегі мен көңіл-күйін неғұрлым жан-жақты ескеруге, сөйтіп бұқара арасындағы жұмысты дәйекті ұйымдастырып, пәрменді жүргізуге мүмкіндік береді.

Сүйікті партиямыз халық бұқарасын бүгінгі күн тынысы жөнінде барынша кең хабардар етуге әрдайым баса назар аударуда. Бұл ретте ол В. И. Лениннің «бұқара бәрін біліп отырса, бәрі туралы өз пікірін айтып отырса және барлық іске саналылықпен кірісетін болса, мемлекет сонда күшті» деген нұсқауын берік басшылыққа алып отырады (Шығармалар, 26-том, 246-бет).

Партия ұйымдарының назарын саяси хабарды жақсартта түсуге аудара келіп, КПСС XXIII съезі былай деп атап көрсетті: «бүкіл саяси үгіт еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өмірі мен халықаралық жағ-

дай туралы халыққа кеңінен және үнемі хабар беріп отыру негізінде жүргізілуге тиіс».

Міне осы талаптарды басшылыққа ала отырып, республика партия ұйымдары саяси хабар жөніндегі жұмысын біршама жетілдіре түсті. Қазір ішкі және халықаралық өмірдің маңызды мәселелері жайлы, партия мен совет, қоғам ұйымдарының қызметі туралы коммунистер мен партияда жоқтар арасында әңгімелер үзбей өткізіледі, бұл жұмыстың мазмұны да жақсара түсті.

Бірсыпыра партия ұйымдары саяси хабарды ұйымдастыру жөнінде бағалы тәжірибе жинақтады. Қазіргі кезде барлық партия ұйымдарында саяси хабаршылар тобы құрылған. Бұлардың қатарына саяси әзірлігі бар жолдастар тартылған. Бұл күнде республикамызда 60 мыңнан аса саяси хабаршы жұмыс істеуде, бұлардың бәрінің дерлік жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар. Осылардың 50 мыңға жуығы — кәсіпорын мен шаруашылық басшылары, халық шаруашылығының мамандары.

Өскемендегі Октябрьдің 50 жылдығы атындағы титан-магний комбинаты партия ұйымы саяси хабаршыларының үлгілі жұмысы назар аударарлық. Мұнда құрылған 11 саяси хабаршылар тобында 143 адам жұмыс істейді. Бұлардың әрқайсысы осы саяси жұмыстың белгілі саласына мамандануда. Мысалы, кейбірі ішкі саяси, экономикалық мәселелер жайлы әңгіме өткізсе, екіншілері халықаралық жағдай саласынан әңгіме өткізеді. Саяси хабар әр 10 күнде бір рет үзбей өткізіліп тұрады. Саяси хабар комбинатта жұмысшылар мен қызметшілер арасындағы идеялық-саяси жұмыстың маңызды түріне айналған. Әсіресе магний цехының электролит бөліміндегі Г. Огнев жолдастың мазмұнды саяси хабарларын жұрт ұйып тындайды. Ал мұндай шебер саяси хабаршылар қатары көбейіп келеді. Комбинат парткомы хабарды ұйымдастыруға баса көңіл бөледі. Ол саяси хабардың барысын әрдайым бақылап қана қоймай, сонымен қатар бұл істі ұйымдастырудың озат әдістерін барлық топтарға таратады, оларға қажетті материалды тауып беріп, нақты көмек көрсетеді, саяси хабаршыларды үзбей оқытып отырады.

Сондай-ақ Алматы қаласындағы Ю. Гагарин атындағы тігін фирмасында, республиканың басқа да кәсіпорындарында саяси хабаршылардың жұмысы жақсы ұйымдастырылған. Қостанай қалалық партия комитеті мен кейбір партия комитеттері де саяси хабарды өрістетуге назар аударып отыр. Партия ұйымдары саяси хабаршылар мен үгітшілер, баяндамашылар қатарына соны күшті қосып, идеология жұмысының осы кадрларын оқытуға, олардың теориялық білімі мен іс тәжірибесін арттыра беруге күш салуда. Саяси хабаршылардың методикалық және теориялық конференцияларын өткізу дәстүрге айнала бастады. Таяуда Семей, Целиноград, Қызылорда облыстық партия комитеттері осындай облыстық конференциялар өткізді. Кейбір партия комитеттері саяси хабаршылардың партия, совет, шаруашылық қызметкерлерімен, ғалымдармен, мәдениет қайраткерлерімен бас қосқан кездесулерін өткізеді. Осы ретте Алматы, Қарағанды қалаларында және басқа облыс орталықтарында жақсы бастама жасалды.

Республиканың газеттері мен журналдары, радиосы мен телевизиясы саяси хабар ісін жетілдіріп келеді. Газет беттерінде партия ұйымдары мен еңбекшілер депутаттары Советтерінің, министрліктер мен ведомстволардың жұмысы туралы ресми хабар беріп тұратын арнаулы бөлімдер ашылды. «Үгітші блокнотында», бірсыпыра газеттерде саяси хабаршы мен баяндамашыға көмек ретінде арнаулы материалдар жарияланып тұратын болды.

Партия ұйымдарына төменнен хабарлар көптеп түсе бастады. Соның нәтижесінде партия комитеттері жер-жердегі істің барысын тереңде жан-жақты зерттейтін болды, партия ұйымдары мен еңбекшілер кол-

лективтерінің өміріндегі жекелеген жағдайлардан кезінде тиісті қорытынды шығара бастады. Партия ұйымдары жиналыстарының, пленумдар мен активтердің протоколдары, хабарлары кезінде зерттеліп, мұқият талдау жасалатын болды, коммунистердің жиналыстарда, пленумдар мен конференцияларда айтқан сын ескертпелері мен ұсыныстары қорытылып, олардың орындалуы қатаң бақылауға алынады. Қабылданған шешімдердің орындалуы туралы, партия комитеттерінің белгілі мерзімдегі жұмысы жайлы коммунистерге әрдайым хабарлап отыру жақсы әдетке айналуда. Бұл жөнінде Целиноград, Семей, Шығыс Қазақстан облыстық комитеттерінің, кейбір қалалық, аудандық партия комитеттерінің жұмыстарын үлгі-өнеге етіп ұсынуға болады. Мысалы, Қостанай қалалық партия ұйымы соңғы уақытта 34 аймақтық партия жиналыстарын өткізіп, онда қалалық партия комитетінің былтырғы жұмысы туралы есеп берді.

Партиялық-саяси хабарды жақсарту мәселелері партия комитеттерінің мәжілістерінде жиі қарала бастады. Жуырда Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті партиялық саяси хабардың ұйымдастырушылық және идеялық-тәрбиелік маңызын арттыру жөнінде Булаев аудандық партия комитетінің жұмысын қарап, талқылады.

Алайда партия комитеттеріндегі, баспасөздегі, радио мен телевизиядағы хабар жұмысының дәрежесі әлі де болса бүгінгі күн талабына сай болмай келеді. Кейбір партия ұйымдары идеялық-тәрбие жұмысы мен саяси хабардың түрлері мен әдістерін жетілдіру жолында шынайы қамқорлық жасамай отыр. Соның салдарынан елдің ішкі тіршілігі мен партия саясатының көкейтесті мәселелері туралы, басшы органдардың қызметі, халықаралық жағдай жайында партия активі мен коммунистердер кезінде әрі жан-жақты хабарлар бола алмайды. Кейде саяси-бұқаралық хабар жұмысында совет адамының өскелең талап-тілегі ескеріліп отырмайды. Республикада қазір әрбір мың адам 1 200 дана газет пен журнал жаздырып алады. Еңбекшілердің үйлерінде 2 миллионнан аса радио нүктесі, 1 миллионнан аса телевизор бар. Бірақ осындай идеялық пәрменді құралдар әлі де жеткілікті пайдаланылмай келеді.

Республиканың бірсыпыра аудандарында саяси хабарлар әлі кең өрістетілмей отыр. Ақтөбе, Гурьев, Павлодар облыстарының кейбір аудандарында хабарды ұйымдастыру ісінде елеулі олқылықтар бар. Осыған орай партия ішіндегі, сондай-ақ еңбекшілер бұқарасы арасындағы хабар жұмысын түбегейлі жақсарту жөнінде партия ұйымдарының алдына жауапты міндеттер қойылып отыр. Әңгіме экономика, саясат, мәдениет және халықаралық мәселелерді жан-жақты қамтитын пәрменді хабар жұмысын ұйымдастыру жөнінде болып отыр. Хабарды шартты түрде екіге бөлуге болар еді. Бірі — барлық еңбекшілерге арналған хабар. Бұл баспасөз, радио, телевизия арқылы және саяси хабаршылар мен үгітшілер, баяндамашылар мен лекторлар көмегімен таратылады. Екіншісі — партия ұйымдарына, лекторлар мен баяндамашыларға, саяси хабаршылар мен үгітшілерге арналған хабар. Бұл ретте саяси хабар, біріншіден, еңбекшілерге идеялық-тәрбие берудің, оларды коммунистік құрылысқа белсене қатыстырудың пәрменді құралы, екінші жағынан, жергілікті жерден түсіп жататын хабарлар белгілі бір мәселелер жөнінде нақты шешімдер қабылдауға негіз болады.

Осы тұрғыдан алатын болсақ, шаруашылық және мәдени құрылыстың алуан саласындағы жағдай туралы, партия ұйымдарының жұмысы жайлы толық хабар алып отырудың әрбір партия комитеті үшін ерекше зор маңызы бар. Сонымен бірге жұмыстың бағыт-бағдарын анықтал, дер кезінде қажетті шара қолдану үшін жергілікті жағдайды, еңбекшілердің мұқтажы мен көңіл-күйін жақсы білу қажет. Амал қанша, партия комитеттерінің қолында жергілікті жерден жиналған нақты хабарлардың болмай қалатын реттері де кездеседі. Бұған жол берілетін себебі, өздерінің қызметі туралы жоғары органдарға әрдайым хабарлап

отыру жөніндегі КПСС Уставының талабын партия ұйымдарының бәрі бірдей мұқият орындап отырмайды. Оның үстіне төменнен түсетін хабардың дені шалағай, атүсті жазылады да, оларда өмір фактілері мен оқиғаларға терең талдау жасалмайды, тіпті істің барысын бұрмалап, кемшілікті бұрқемелеп көрсету сияқты теріс әдеттер де бой көрсетеді. Мұның өзі хабардың бұқараны ұйымдастыру мен тәрбиелеудегі пәрменді ролін төмендетеді.

Партия ұйымдары хабардың мазмұны мен ықпалын арттырып, идеялық-саяси бағытының айқын болуына ерекше назар аударуға тиіс. Партиялық-саяси хабарымызды жедел де нақтылы, нанымды да өткіретуге ерекше қамқорлық жасау қажет. Капитализм мен социализм арасындағы идеялық күрес шиеленісіп отырған қазіргі жағдайда хабарға қойылатын талап та арта түсуде. Ол әсерлі де пәрменді болуға тиіс. Совет адамын қоғам өміріндегі оқиғаларға таптық тұрғыдан қарауға баулу, оларды буржуазиялық идеологияға коммунистік идеялықты, табандылық пен ымырасыздықты қарсы қоя білуге үйрету, патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу ісінде партияға үлкен септігін тигізетін де осы саяси хабар. Саяси хабар еңбекшілер бұқарасының түрлі тобының көңіл-күйі мен мұқтажына, совет адамының көкейтесті мүддесіне сай жүргізілсе ғана өтімді болмақ.

Жасыратыны жоқ, республика партия ұйымдарының кейбіреуінде саяси хабаршылардың жұмысын қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Өнеркәсіп орындары мен мекемелерде екінші бірінде бұлардың жасайтын хабарлары сүренсіз, тартымсыз, жаттанды болып шығады. Бұқара арасындағы идеялық-тәрбие жұмысын жүргізуде саяси хабаршылар елеулі роль атқарып отыр. Солай бола тұрса да кейбір партия ұйымдары саяси хабаршылардың жұмысын ұйымдастыруға үстірт қарап келеді. Олар бұрынғы үгітшілерге енді саяси хабаршылар деп ат қойды да, саяси хабаршылар тобына әзірлігі, тәжірибесі мол адамдарды іріктеп алуға, оларға нақтылы көмек көрсетуге жете мән бермей отыр. Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай облыстарының бірсыпыра партия ұйымдары саяси хабаршыларды мамандыққа баулуды ескермеген.

Саяси хабар ісіне басшы кадрлардың белсене қатысуы оның беделі мен пәрменділігін арттыра түседі. Республикада көптеген жетекші партия, совет, шаруашылық қызметкерлері еңбекшілер алдында елдің ішкі және халықаралық жағдайы туралы баяндама жасайды, лениндік жұмалықтарға белсене қатысады. Қостанай қалалық партия комитеті лениндік жұмалықтарды жақсы ұйымдастырып келеді. Қалалық және облыстық партия комитеттерінің секретарьлары мен бюро мүшелері еңбекшілер алдында үзбей баяндама және хабар жасап отырады. Алайда кейбір партия ұйымдары әрбір басшыға еңбекшілер алдында сөз сөйлеу жөнінде қатаң талап қоймайды.

Сонымен қатар министрліктер мен ведомстволар, колхоздар мен совхоздар, кәсіпорындар басшыларының коллектив жиналыстарында сөз сөйлеп, кәсіпорындар мен шаруашылықтардың жұмысы, алда тұрған міндеттер туралы және халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін қандай шаралар қолданылып жатқаны жайында айтып беруін дәстүрге айналдыру қажет. Мұның пайдасы өте зор.

Саяси хабар таратудың бұқаралық әдістері мен құралдарын пайдалану біршама тәуірлене бастады. Дегенмен газет, журнал беттерінде, радио мен телевизия программаларында шала-шарпы жазылған материалдар, кездейсоқ хабарлар бой көрсетіп қалады. Кейбір газеттер партия комитеттері мен еңбекшілер депутаттары Советі атқару комитеттерінің, олардың бөлімдері мен басқармаларының, қоғам ұйымдары мен ведомстволардың жұмысы туралы ресми хабарлайтын арнаулы бөлімді әлі күнге дейін ұйымдастырмаған. Газет, журналдар саясат пен экономиканың, халықаралық жағдайдың сан алуан мәселелері жөнінде саяси хабаршылар мен баяндамашыларға көмек боларлық материалды аз

жарылап келеді. Осы кемшіліктерден қорытынды шығару қажет. Халықаралық мәселе жайындағы мақалаларда капитализмнің реакциялық мәнін, оның барлық мерездерін аяусыз да терең әшкерелеп, буржуазиялық насихаттың жаласына батыл тойтарыс беріп отыру керек.

Бірсыпыра партия комитеттері қоғамдық саяси өмірдің толғағы жеткен мәселелері жөнінде баспасөз конференцияларын өткізіп жүр. Баспасөз, радио, телевизия қызметкерлері үшін мұндай бас қосудың үлкен пайдасы бар. Тек мұны үзбей өткізіп отырған жөн. Алматы қалалық, Шымкент пен басқа да кейбір облыстық партия комитеттері мұндай баспасөз конференцияларын үнемі өткізіп келеді.

Жұртқа мәлім, саяси хабардың нәтижелілігі мен пәрменділігі ең алдымен саяси хабаршылар мен баяндамашылардың, лекторлар мен үгітшілердің құрамына, осы кадрларды оқытып, тәрбиелеуге, олардың материалмен қамтамасыз етілуіне, бұларға партия ұйымдарының басшылық дәрежесіне байланысты. Алайда хабаршыларды оқыту және баулу ісінде елеулі кемшіліктер барлығын мойындау керек. Рас, облыстық, көптеген аудандық және қалалық партия комитеттері оларды жинап, семинар, нұсқау-кеңес өткізіп тұрады. Бірақ осы сияқты маңызды шаралар жүйесіз және үздік-создық жүргізіледі. Саяси хабаршыларды оқытып, олардың жұмысына әрдайым бағыт сілтеп отыруда партия комитеттерінің саяси оқу үйлері мен кабинеттері үлкен жұмыс атқаруға тиісті.

Партия комитеттері жергілікті жерден түсетін хабарға мұқият қарап, ерекше қамқорлық жасауға тиісті. Бұл хабар ақпараттарын жинақтап, қорыту, талдап іріктеу, пайдалану жұмысын түбегейлі жақсарту қажет. Партия қызметкері мен активистің көріп-білгендері, еңбекшілер хаттары, баяндамашылар мен лекторларға берілген сұрақтар, жергілікті және көп тиражды газеттер сияқты хабардың алуан түрлі көздерін партия комитеттері назардан тыс қалдырмауға тиісті. Партиялық хабардың шынайы да тұжырымды болуына, өмірдің өндірістік, әлеуметтік және рухани саласының, партия ұйымдары қызметінің ең басты, неғұрлым көкейтесті жағын қамтып, бейнелеуіне ерекше назар аударған мақұл. Республиканың бірсыпыра партия комитеттерінде аппарат қызметкерлерінің хабардың жеделдігі мен сапасына жауапкершілігі төмендетілген.

Партия комитеттері хабардың пәрменділігін арттырудың жаңа жолдарын іздестіруде. Мысалы, кейбір облыстық партия комитеттерінде жетекші бөлімдердің өкілдерінен арнаулы хабар топтары құрылған. Бұл топтар хабарларды жинап, іріктеп, қорытады да, облыстық партия комитетінің басшылары мен бөлімдеріне беріп отырады. Ал жекелеген аудандық, қалалық партия комитеттері қоғамдық негізде жұмыс істейтін хабар секторларын ұйымдастыруда. Бастауыш партия ұйымдарында хабар жұмысымен партбюро секретарының орынбасары немесе актив шұғылданып жүр. Партия ұйымдары хабар жұмысын жоспарлай бастады, мұның пайда келтіреті күмәнсіз. Қазір күн тәртібіне хабар материалдарын іріктеп, талдау ісінде ғылыми әдістерді, техниканы кең қолдану, хабар жұмысына басшылықты жақсарту мәселесі қойылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті партиялық ғылыми және оқу орындарының назарын партияның хабар саласындағы жұмысының теориялық және методикалық проблемаларын қарап, талдап шешуге аударуда. Бұл іске Алматы Жоғары партия мектебі де өз үлесін қосуға тиісті.

Саяси хабарды одан әрі жетілдіріп, жоғары сатыға көтеру, оны ұйымдастыру және идеялық-тәрбие жұмысына, совет адамының саналығы мен белсенділігін арттыруға, қоғам тіршілігінің барлық саласына партиялық басшылықты жақсартуға үлкен септігін тигізетіндей дәрежеге көтеру қажет. Партия ұйымдарының алдына бүгінгі таңда қойылып отырған жауапты міндеттердің бірі осындай.

СЫН МЕН ӨЗАРА СЫН— ПАРТИЯНЫҢ ӨТКІР ҚАРУЫ

Коммунистік партияның негізін салушы әрі көсемі В. И. Ленин партия тұрмысының нормалары мен принциптерін ғылыми тұрғыдан негіздеп берді. Сол нормалар мен принциптердің ішінде сын мен өзара сын айрықша маңызды орын алады. Владимир Ильич партияның идеологиялық және ұйымдық негіздерін белгілеген алғашқы күндердің өзінде-ақ ешкімнің бет-жүзіне карамайтын, әділ, адал, жолдастық, принциптік сын партияны үздіксіз ілгері дамытып, оның жауынгерлік қабілетін күшейтудің маңызды шарты екенін данышпандықпен көріп білді. «Қатені ашықтан-ашық мойындау, оның себептерін ашу, қатені туғызған жағдайды талдау, қатені түзету шараларын көңіл қойып талқылау, — деп жазды ол, — міне бұл байсалды партияның белгісі, міне бұл оның өз міндеттерін атқарғандығы, міне бұл — тапты, онан соң бұқараны да тәрбиелегендігі, үйреткендігі...» (Шығармалар, 31-том, 43-бет).

Кейінірек, В. И. Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысының күрес тәжірибесін терең зерттей келіп, мынадай қорытынды жасады: «Осы уақытқа дейін мерт болып келген революцияшыл партиялардың бәрінің де түбіне жеткен нәрсе — олар дандайсып кетті, сөйтіп өз күштерінің неде екенін көре білмеді, өз әлсіздіктерін айтудан қорықты. Ал біз мерт болмаймыз, себебі біз өз әлсіздіктеріміз туралы айтудан қорықпаймыз, бұл әлсіздіктерді жеңуді үйренеміз» (Шығармалар, 33-том, 308-бет).

Біздің партия өзінің бүкіл тарихында сын мен өзара сын жөніндегі лениндік нұсқауды бұлжытпай басшылыққа алып, дәйектілікпен жүзеге асырып келеді. Ол сын мен өзара сынды бүкіл қоғам өміріне, шаруашылық пен мәдениет құрылысына басшылық стилін жетілдірудің, мақтаншақтыққа, даңғазалыққа, табысқа басы айналып дандайсушылыққа, бюрократизмге қарсы күресудің, партия қатарын кездейсоқ, лайықсыз элементтерден таза ұстаудың, коммунистердің өз ұйымындағы және бүкіл партиядағы істің жайына жауапкершілігін арттырудың пәрменді құралы ретінде пайдаланады.

Партиялық позициядан ашық жүргізілген сын мен өзара сын еңбекшілердің қалың бұқарасын мемлекетті басқару, коммунистік құрылыс ісіне белсенді қатыстыруға, адамдардың талантын, қабілетін ашуға, дамытуға мүмкіндік береді. Партия сын арқылы өз кадрларын жоғары идеялылық пен принциптілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, жаңашылдыққа, қарапайымдылыққа, еңбек адамын құрметтеуге, кемшіліктерге төзбеуге тәрбиелейді, бұқарадан қол үзген, өмірден артта қалған кадрларды дер кезінде байқап, тиісті ұйымдық қорытынды жасап отырады.

Нағыз партиялық, принциптік, іскерлік сын мен өзара сынның үлгісін КПСС Орталық Комитетінің қызметінен айқын көруге болады. Мәселен, Орталық Комитеттің 1964 жылғы октябрь, ноябрь Пленумдары аса маңызды саяси және экономикалық проблемаларды маркстік партияға

тән байсалдылықпен, лениндік батылдықпен шешкені бәрімізге мәлім. Бұл Пленумдар мемлекеттік және қоғамдық өмірге басшылықтары субъективизм мен жалаң әкімгершілікті, ғылым мен практиканың жетістіктерімен санаспаушылықты үзілді-кесілді айыптады, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптегі жағдайды сын тұрғысынан талдап, қателіктер мен кемшіліктерді жоюдың пәрменді шараларын белгіледі. КПСС XXIII съезі мен Орталық Комитеттің одан кейінгі Пленумдары партияның қоғам өміріне басшылықта лениндік нормалар мен принциптерден айнымайтынын, Лениннің өз жұмысымызға сын көзімен қарау жөніндегі нұсқауларын берік қолданатынын дәлелдеді.

Еліміздегі коммунистік құрылыстың зәру қажеттерінен туған проблемаларды коллективтік ақыл-оймен, ғылыми негізде, байсалды шешу, істелген іске объективті баға беріп, алдағы міндеттерді дәл белгілеу, сын мен өзара сын туын үнемі жоғары ұстау жөнінде КПСС Орталық Комитетінің көрсетіп отырған үлгі-өнегесі партияның барлық буындарына ықпал етіп, олардың жұмыс стилі мен әдістерін жетілдіруге көмектесіп келеді. Мұны Қазақстан партия ұйымының өмірінен де айқын көруге болады.

Соңғы жылдары облыстық, қалалық, аудандық партия конференциялары мен партия комитеттерінің пленумдары, бастауыш ұйымдардың жиналыстары толғағы жеткен мәселелерді шешудің нағыз коллективтік органдарына айналды. Оларда азын-аулақ табыстардың төңірегінде даурығып, өзін өзі мақтаушылық, салтанатты сылдыр сөздермен жұрттың көңлін аулап, онды-солды құрғақ уәде берушілік сияқты бір кезде жиі кездесетін жарамсыз көріністер мейлінше азайды. Конференция делегаттары мен пленум мүшелері, коммунистер күн тәртібіндегі мәселелерді байыпты талқылайды, партия органдарының, басшы қызметкерлердің жұмысындағы кемшіліктерді іркілмей сынайды, істі жақсартуға бағытталған бағалы пікірлер айтады, ұсыныстар жасайды, ұйымдастыру-партия жұмысының тәжірибесін қорытады. Қуанарлық нәрсе — артта қалған шаруашылықтарда ғана емес, өндірістік жоспарларын үнемі жақсы орындап, елеулі табыстарға жетіп жүрген коллективтердің өзінде де партия жиналыстары сын мен өзара сын жағдайында өтеді, коммунистердің басты назары әлі де шешілмеген проблемаларға аударылады.

Партия сын мен өзара сынды оқта-текте сергітіп отыратын науқан емес, өз тіршілігінің тұрақты заны, күнделікті өмірден туған барлық мәселелерді шешудің өткір құралы деп қарайды. Коммунистік құрылыстың алып міндеттері бүкіл ұйымдастыру-партия, саяси-тәрбие жұмысының дәрежесін, коммунистердің, барлық еңбекшілердің творчестволық белсенділігін арттыра түсуді талап етеді. Коммунистік партияның совет қоғамына басшылық ролі ішкі және сыртқы саясатты, шаруашылық пен мәдениет құрылысының міндеттерін дұрыс белгілеумен ғана шектелмейді. Партия басшылығының күші сол міндеттердің орындалуын іс жүзінде ұйымдастыра білуде, әрбір коллективтің, әрбір адамның талантын, білімін, қабілетін творчестволық еңбекке жұмылдыра білуде. Ал партия ұйымдары бұған барлық еңбекшілердің бұқаралық тәжірибесін тынбастап зерттеу, іскерлік, принциптік сын мен өзара сынды өрістету, кемшіліктерді батыл ашып, дер кезінде жойып отыру, коммунистердің сын ескертпелеріне, ұсыныстары мен пікірлеріне мұқият құлақ асу арқылы ғана жете алады. Анығырақ айтқанда, партия ұйымдары сын мен өзара сынды жәй ғана өрістетіп қоймай, сол сыннан туатын бағалы пікірлердің, ұсыныстардың жүзеге асуын практикалық ұйымдастыру шараларымен қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

Бұл тұрғыда республика партия ұйымдары құптауға лайық тәжірибе жинақтады. Мәселен, көптеген облыстық, аудандық партия комитеттері коммунистердің конференцияларда, пленумдарда, жиналыстарда айтқан сын пікірлері мен ұсыныстарын тіркейтін кітап ашқан. Олар

тіркелген ұсыныстар мен сын ескертпелердің орындалуын қатаң бақылауға алып, ол жөнінде пленумдарда, бюро мәжілістерінде арнайы мәселе қарайды, коммунистердің алдында оқтын-оқтын есеп беріп тұрады. Мұндай практиканың коммунистер белсенділігін арттыруға, жұмыстағы сылбырлықпен, қырсыздықпен және басқа кемшіліктермен күресті күшейтуге көмектесетіні күмәнсіз.

Кемшіліктерге төзбеу, сын мен өзара сынды өрістету — әрбір коммунистің уставтық борышы. КПСС Уставында: «Партия мүшесі сын мен өзара сынды өрістетуге, кемшіліктерді батыл ашып, оларды қайткенде де жоюға, даңғазалыққа, дандайсушылыққа, токмейілсушілікке, жерлестікке қарсы күрес жүргізуге, сынға қысым жасаудың барлық әрекеттеріне батыл тойтарыс беруге, партия мен мемлекетке нұқсан келтіретін әрекеттердің қандайына болса да қарсы шығуға және ол жөнінде партия органдарына, тіпті КПСС Орталық Комитетіне дейін хабарлап отыруға міндетті» деп атап көрсетілген.

Алайда Уставта жазылғаннан кейін сын мен өзара сын өзінен өзі өрістей қалады деп ойлау қате болар еді. Сын мен өзара сынды өрістету үшін әрбір коллективте жағдай туғызу керек, аса өткір бұл қаруды пайдалануға коммунистерді баулып тәрбиелеу керек. Мұның мәнісі барлық жерде партиялық ішкі демократия принциптерін бұлжытпай сақтау керек деген сөз. Әрбір коммунист өз пікірін, ойын әрқашан ешбір жалтақсыз, ашық айтумен бірге сол пікірінің аяқсыз, ескерусіз, қалмайтынына, партия ұйымының, басшылардың оған сергек карап, ашылған кемшілікті жоятынына, бағалы ұсынысының қабылданатынына кәміл сенетін болуға тиіс. Тек осындай жағдай туғызғанда ғана сын мен өзара сын көздеген нысанаға дәл тиіп, партиялық жұмысты жетілдірудің пәрменді әдісі бола алады.

Принциптік, шын жолдастық сын — коллективтік басшылықтың сөзсіз шарты. Өз ойларын бүкпесіз ашық айтып, еркін пікір алысу арқылы партия бюросының мүшелері, басшы қызметкерлер бірін бірі қателіктерден сақтандырады, бір жақты, үстірт шешімдердің қабылдануына жол бермейді, бүкіл коллективтің күш-жігерін мақсатты арнаға дұрыс бағыттап отырады. Ал сын мен өзара сын болмаған жерде кейбір басшылардың партиялық бақылаудан тыс қалып, жалаң әкімгершілікке, менмендікке, өркөкіректікке салынуы, жұрттың бәрін баса-көктеп, өзінен басқаның пікірімен санаспауы сияқты жарамсыз құбылыстар бой көрсете бастайды. Ал мұның өзі коллективте берекесіздік туғызып, коммунистердің белсенділігін бәсеңсітуге, кейде тіпті жұмысты ақсатуға соқтыруы ықтимал.

Сын мен өзара сынның алуан түрлі формасы бар. Соның бірі — еңбекшілердің партия, совет, баспасөз органдарына жолдайтын хаттары, арыздары мен шағымдары. Ондай хаттарда еңбекшілер партия, совет, шаруашылық ұйымдарының жұмысын жақсартуға бағытталған аса маңызды мәселелер көтереді, пайдаланылмай жатқан ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді ашады, социалистік заңдылықты бұзу, шаруашылықтағы иесіздік, бюрократизм мен қағазбастылық фактілерін сынайды. Демек, партия, совет органдары еңбекші дабылдарына мейлінше сергек карап, арыз жазуға итермелеген себептерді зерттеп, талдап, ашылған кемшіліктерді жоюға батыл шаралар қолданып отыруға тиіс. Еңбекшілердің бірде-бір дабылы, арызы мен шағымы аяқсыз қалмайтындай жағдай туғызу керек. Владимир Ильич Ленин еңбекшілердің арыз-шағымдарына немкетті қарайтындарды, бюрократизмге, қағазбастылыққа жол беретіндерді аяусыз әшкерелеп, қатал жазалап отыруды талап еткен болатын. Партия ұйымдары көсемнің бұл нұсқауын бір минут естен шығармай, кадрларды еңбекші дабылдарына шынайы қамқорлықпен, сергек карауға дағдыландырулары керек.

Мұндай талаптың аса қажет болатын себебі, бізде еңбекші дабылына, төменнен көтерілген сынға құлақ аспайтын жекелеген қызметкер-

лер әлі де жоқ емес. Мысалға бір ғана факт келтірейік. Ақтөбе облысындағы Алға ауданының XXII партсъезд атындағы совхозының ферма менгерушісі М. Медведев осы шаруашылықтың бұрынғы директоры И. Черниченконың жарамсыз істері жайлы жиналыстарда талай рет дабыл көтерді. Бірақ И. Черниченко коммунистің жанашырлық сын ескертпесін беделімді түсіргендік деп теріс түсінді, одан тиісті қорытынды шығарудың орнына бұрынғыдан бетер асқына түсті. Кемшіліктерін сынаған адамды ашық қудалай бастады. Коммунист Медведевтің дабылына жергілікті партия ұйымдары да уақтылы мән бермеді. Ақыр-соңында ешбір қысу көрмеген И. Черниченко қылмыс жасауға дейін барды. Тек содан кейін ғана ол партия қатарынан шығарылып, жауапқа тартылды. Егер партия ұйымы коммунист дабылына ә дегеннен назар аударып, істің жайын байыппен тексерген болса, жағдай мұншалық асқынбаған болар еді.

Бізде сын мен өзара сын коммунистік құрылыс мүдделеріне қызмет етеді, қол жеткенге тоқмейілісіп тоқырап қалмай, үнемі ілгері дамуымызға көмектеседі. Бұл тұрғыдан алғанда сын мен өзара сынның социалистік жарыс сияқты формасының орасан зор маңызы бар. Жарыс — жұмыстағы олқылықтарды іспен сынау деген сөз. Жарыс міндеттемелерінің орындалу барысын қорыту, талдау, жарысушы облыстардың, аудандардың, коллективтердің өзара тексерісуі кезінде өндіріс резервтері, қайсыбір жұмыс буынындағы кемшіліктер ашылады, шаруашылық істерді бірлесіп жақсартуға бағытталған ақыл-кеңестер, ұсыныстар айтылады. Сын мен өзара сынның бұл формасы техникалық прогресті шапшандатуға, жана техниканы, еңбектің озат тәсілдерін өндіріске батылырақ енгізуге, бүкіл экономикамызды жылдамырақ өркендетуге көмектеседі. Сондықтан социалистік жарысты творчестволықпен өрістету, оның жариялылығын, пәрменділігін қамтамасыз ету — партия ұйымдарының ең басты міндеттерінің бірі.

Партия сын мен өзара сынның әрқашан ашық, адал, әділ болуын талап етеді. Адамның жеке басын кемсіту, қорлау, жер-жебіріне жетіп, еңсесін көтертпей тастау емес, қайта оның кемшіліктерден, жарамсыз қылықтардан тезірек арылуына шын жолдастық қамқорлық жасау, еңбекте, тұрмыста, қоғамдық өмірде өнегелі болуға тәрбиелеу — міне партиялық сынның мақсаты осы. Партия ұйымдары осындай принциптік сын мен өзара сынды мейлінше кең өрістетіп, оған қысым жасау атаулының бәріне қарсы аяусыз күрес жүргізіп отыруға тиіс. «Сынға қысым жасағаны және сынадың деп біреуді қудалағаны үшін кінәлі адамдар, — делінген партия Уставында, — КПСС қатарынан шығаруға дейін партиялық қатаң жауапқа тартылуға тиіс».

Сонымен бірге партия сын мен өзара сынның аса өткір қару екенін, оны пайдалануға мейлінше сақтықпен, жауаптылық сезіммен қарау қажет екенін үнемі ескертіп келеді. Сын атын жамылып партияның, Совет өкіметінің беделін түсіруге, кадрларды нахақ қаралауға тырысқан дұшпандық ниеттерге үзілді-кесілді тойтарыс беріп отыру керек. Бұл — партияның ұзақ жылғы практикалық тәжірибесінен туған талап. Мысалы, Совет өкіметінің алғашқы жылдарын, индустрияландыру мен коллективтендіру дәуірін еске түсіріңіздерші. Ол кезде партия ішіндегі жау элементтер халықаралық реакция күштерімен ауыз жаласып, біздің партияға, оның лениндік Орталық Комитетіне шабуыл жасады. Антипартиялық элементтер, топтар, жікшілдер біртұтас троцкистік-зиновьевтік блокқа бірікті. Олар «сын бостандығы», «қимыл бостандығы» деген ұранды жамылып, СССР-де социализмнің толық және түпкілікті жетуін қамтамасыз етуді көздеген лениндік сара бағытқа ашықтан-ашық қарсы шықты. Троцкистер, зиновьевшілер елімізді социализм жолынан бұрып әкету үшін партияға жала жабудан, ленинизмді ревизиялаудан тайынған жоқ. Партия халықаралық империализм алдында тізе бүгіп, жұмысшы табы-

на, социализм ісіне опасыздық жасаған троцкийшіл-зиновьевшіл элементтерді өз қатарынан дер кезінде аластай білді.

Сын қаруын теріс пайдаланған жағдайда оның қаншалықты қатерге ұшырататыны Мао Цзэ-дун мен оның тобының антимарксистік, авантюристік позициясынан айқын көрініп отыр. Соңғы жылдары Қытай компартиясының басшылары сын бостандығын желеу етіп, социалистік елдердің коммунистік партияларына қарсы ашық шабуылға шықты, марксизм-ленинизмді ревизиялауға, сол арқылы халықаралық коммунистік қозғалыстың қатарында жікшілдік туғызуға кірісті. Ал Қытайдың өз ішінде Мао Цзэ-дун мен оның жақтастары Қытай компартиясының идеялық негіздерін де, ұйымдық негіздерін де оңды-солды қиратты, демократиялық централизм принциптерін лақтырып тастап, партияның беделі мен маңызын аяққа басты.

Қазіргі кезде Қытай компартиясында сын мен өзара сынға тыйым салынған. Анығырағы, онда тек жоғарыдан жасалатын сын, марксизм-ленинизмді, партия тұрмысының лениндік нормаларын жақтаған коммунистерді қудалап, талқандап, Мао Цзэ-дун «идеясын» мадақтайтын сын бостандығы ғана бар.

Сондай-ақ біз туысқан Чехословакияда да контрреволюцияшыл күштердің «сөз бостандығы», «демократиялық социализм» деген жалған ұранмен чехословак еңбекшілерін идеялық жағынан қарусыздандыруға өршелене әрекет жасағанын жақсы білеміз. Бір кезде Чехословакияда орын алған, коммунистік партияның өзі ашып, айыптаған қателіктерді контрреволюция бүкіл социалистік системаны қаралау үшін пайдаланды. Олар демократияны «кеңейту» деген желеумен Чехословакия коммунистік партиясын, социалистік құрылысты жоюға, сөйтіп капиталистік құрылысты қайта орнатуға тырысты. Сол мақсатпен өкіметті басып алуға дайындық жасады. Тек Совет Одағының және туысқан социалистік елдердің қырағылығы мен батыл көмегі ғана Чехословакияны қатерлі апаттан сақтап қалды.

Міне партия барлық коммунистерден жау элементтердің сын мен өзара сынды осындай арам мақсаттарға пайдалануына ешбір жол бермей, әрқашан қырағы болуды талап етеді. Коммунист қандай мәселені болса да талқылау үстінде өз пікірін ашық айтуға, ұсыныс жасауға ерікті, бірақ соның бәрінде де ол мәселеге партиялық позициядан, коммунистік идеология тұрғысынан қарауға тиіс. Бұл жөнінде В. И. Ленин «Партия ұйымы және партия әдебиеті» деген мақаласында былай деп айқын ескерткен болатын: «Әрбір адам ешбір тежеусіз не тілесе соны жазуға, айтуға ерікті. Бірақ әрбір ерікті одақ (оның ішінде партия) антипартиялық көзқарастарды уағыздау үшін партияның фирмасын пайдаланатын мүшелерді қуып шығуға да ерікті... Партия дегеніміз ерікті одақ, егер ол одақ антипартиялық көзқарастарды уағыздайтын мүшелерден өзін тазартпаса, ол әуелі идея жағынан, ал сонсоң материалдық жағынан сөзсіз азғындаған болар еді» (Шығармалар, 10-том, 32—33-беттер).

Владимир Ильич өте-мөте жаңа қоғам құрылысына қатысты мәселелерде сынға бола сынаудың зиянды екенін атап көрсетіп, іс жүзінде партияға көмектесудің орнына бөгет жасайтын даурықпа сыншыларға қарсы аяусыз күрес жүргізуге шақырды. Ол партия ұйымдары, коммунистер шын принциптік, іске жанашырлық сынды даурықпа сыншылықтан ажырата білуге тиіс, дәлелді, орынды сын ескертпелер мен ұсыныстарды барынша қолдай отырып, жалаң айқайға, өсек-аянға, біреуді пахқан қаралау әрекеттеріне батыл соққы беріп отыру керек деп үйретті. «Сіздер, — деп сақтандырды ол, — осындай сынды, мазмұнсыз сынды, сынға бола сынаушылықты есіткенде, саяк болыңыздар, мүмкін, бірер нәрсе сынаушы жолдастың намысына тиген болар, мүмкін, оның өзі бір нәрсеге шамданған немесе ызаланған болар, сол жағын қарап көріңіздер» (Шығармалар, 31-том, 448-бет).

Сын бостандығын жеке бастың мүддесіне, біреуден өш алуға, қате көзқарастар мен өтірік лақаптар тарату мақсатына пайдалану әрекеттеріне ешбір жағдайда жол беруге болмайды. Бұл мәселеге ерекше тоқталып отырған себебіміз, бізде «төменнен көтерілген сын» жалауын жамылып, жеке қызметкерлерді, көбінесе басшы кадрларды негізсіз қаралауға тырысатын мұттәйім элементтер бірлі-жарым болса да әлі бар. Ондайлар біздің партияның еңбекші хаттарына сергек қарайтынын пайдаланып, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген мақсатпен партия, совет органдарына домалақ арыздарды қардай боратады. Ал ол арыздарды тексеру үшін қаншама комиссиялар құрылып, қаншама мекемелер, қызмет адамдары әуре-сарсаң болады, қаншама коллективтің өндірістік жұмысына нұқсан келеді.

Сынның өткірлігі оның қатты айтылғанында, күшті сөздердің көп қолданылғанында емес, ішкі мазмұнында, дәлелділігінде, көтерілген мәселенің маңыздылығында. Коммунист қателіктерді, кемшіліктерді сынаумен ғана тынбай, істің жағдайын түзетуге бағытталған нақты ұсыныстар жасауға, кемшіліктерді жоюға өзі де белсенді ат салысуға міндетті. Тек осындай сын ғана іске пайда келтіреді.

Әрбір партия ұйымында жоғарыдан көтерілген сынды да, төменнен, қалың бұқарадан шыққан сынды да жан-жақты өрістетуге қажет. Бұл істе алдымен партия, совет, шаруашылық органдарының басшы қызметкерлері өнеге көрсетуге тиіс. Еркін пікір алысу, өзіне де, өзгеге де жоғары талап қою, өз атына айтылған сынды дұрыс қабылдау басшының қадірін қетірмейді, қайта оның бұқара арасындағы беделін көтереді. Коммунистер соларға қарап принципті, әділ, адал болуды, сын мен өзара сын қаруын орнымен пайдалануды үйренеді.

Тәжірибе қай жерде партиялық ішкі демократия өз дәрежесінде болып, басшылықтың лениндік стилі берік орнықса, сол жерде сын мен өзара сынның кең өрістейтінін дәлелдеп келеді. Бұл тұрғыда партия жиналыстары үлкен роль атқарады. Уставтық мерзімінде ұқыпты әзірлікпен шақырылған партия жиналыстары — коммунистерді тәрбиелеудің, оларды кемшіліктерді сынап білуге, ұйым өміріне белсенді қатысуға үйретудің тамаша мектебі. Сондай-ақ жергілікті партия органдарының өз жұмысы жайлы бастауыш ұйымдар алдында жиі-жиі есеп беруі, коммунистермен тығыз байланыс жасап, олармен ақылдасып, кеңесіп отыруы сияқты әдістер де сын мен өзара сынды өрістетуге ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, сын мен өзара сын — партия тұрмысының бұлжымас заңы, КПСС-ті идеялық және ұйымдық жағынан нығайтудың, партиялық жұмысты жетілдіріп, әрбір коммунисті саяси және өндірістік белсенділікке, іскерлікке тәрбиелеудің пәрменді құралы. Сын мен өзара сын КПСС Программасы мен Уставын бұлжытпай жүзеге асыруға, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтуға, коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындауға көмектеседі. Сондықтан сын мен өзара сынды мейлінше өрістетуге, әрбір коммунистің өндірісте өнеге көрсетумен бірге өзіне де, жолдасына да талапшыл, кемшілікке төзбейтін, партия мен халық алдындағы жауапкершілігін терең сезінетін белсенді күрескер болуын қамтамасыз ету — партия ұйымдарының абзал борышы.

А. ПАРФЕНОВ,

тарих ғылымының кандидаты

ЖАРЫС ЖАҢА ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

Т. ҚҰРГАНСКИЙ,

Іле аудандық партия комитетінің бірінші секретары.

Биылғы көктем айтарлықтай табысты болды. Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне еңбек вахтасына тұрған ауданның дикандары мен механизаторлары жұмыла жұмыс істеп, егісті межелеген мерзімнен бұрын, агротехникалық талаптарға сай аяқтады да жоспардан тыс 17 мың гектар жерге дәнді дақыл сеуіп үлгірді. Әрине, сол шабытты еңбек, жалынды жарыс егіс даласында әлі де толастаған жоқ.

Биыл ғана емес, жалпы соңғы жылдарда ауыл шаруашылығы саласында ауданда едәуір жұмыстар тындырылды. Коммунистік партияның камкорлығы аркасында, КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1968), Пленумы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IX пленумының колхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шешімдерінің мүлтіксіз жүзеге асырылуының нәтижесінде елеулі табыстарға қол жетті. Әсіресе егіншілік мәдениеті көтерілді. Жаңадан суландыру жүйелері салынып, суармалы егіс көлемі артты. Колхоздар мен совхоздарға минералдық тыңайтқыштар мол бөлінетін болды. Мұның өзі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін молайтты.

Оған өткен жылдың қорытындысы дәлел. Былтыр ауа райы аса қолайсыз болғаны белгілі. Соған қарамастан ауданда дәнді дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 7,8 центнерден өнім жиналды. Ал суармалы жерге егілген 6,7 мың гектар егіннің әр гектарынан жиналған дән 28,6 центнерден айналды. Аудан шаруашылықтары Отан қоймасына 32 700 тонна астық кұйды, яғни жоспар 152,8 процент орындалды. «Алматы» колхозы, «Рассвет», «Жетіген» совхоздары мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын орындап шықты.

«Күте білсен, жер жомарт», — дейді халық. Жерді баптап күте білу дегеніңіздің өзі — егіншілік мәдениетін көтеру бой. Ендеше егіншілік мәдениетін шұғыл жақсартқан шаруашылықтың бірі — «Алматы» колхозындағы Б. Танабаев басқарған озат звено. Бұл звено күзде жақсы өнделген алқапқа тұқым сепкен еді. Көктемде дақылды ерте күтімге алды, дер кезінде үстеп қоректендірді. Егін орағын да асқан ұйымшылықпен, ұқыпты жүргізді. Сол қыруар еңбек зая кеткен жоқ. Звено егіннің әр гектарынан 78—81 центнерден ақ бидай жинады. Сөйтіп олар егіншілік мәдениетін көтерудің не беретінін іс жүзінде көрсетті.

Қызылша — ауданда егіншіліктің негізгі саласының бірі. Өйткені оны өсіруге қолайлы жер, су бізде жеткілікті. Сол мүмкіншілікті қызылшашылар өткен жылы дұрыс пайдалана білді. Ауданда 3 240 гектар жерге қызылша егілді. Күзде соның әр гектарынан 418 центнерден тәтті тамыр жиналды. Қант заводтарына жоспардан тыс 25 мың тонна өнім өткізілді. Бұл салада да өз ісінің шын мәніндегі шеберлері аз емес. Әсіресе «Қазақ ССР-нің 40 жылдығы» колхозындағы Р. Стоякинаның, Н. Бондаренконың, О. Гребневаның, «Рассвет» совхозындағы А. Майер мен Р. Кимнің звеноларын аудан еңбеккерлері орынды мақтан етеді. Бұл коллективтер қызылшадан мол өнім алудың сырына әбден қанық. Былтыр олар әр гектардан 500—550 центнерден қызылша жинап, ауданда үздік табысқа ие болды.

Әйтсе де аудан еңбекшілерінің ерекше бір міндеті бар. Ол — астана тұрғындарын овощпен, сүтпен, мал шаруашылығының басқа да өнімдерімен қамтамасыз ету. Бұл, әрине, келелі міндет. Өйткені қала халқы жылдан-жылға көбейіп барады. Соған орай оның овощ, сүт, басқа да мал өнімдері жөніндегі мұқтажы да арта түсуде. Бұл біздің колхоз-совхоздарымыздан овощ дақылдары егісінің көлемін ұлғайтумен қатар, оның шығымдылығын да арттыруды талап етуде. Аудан шаруашылықтары былтыр бұл саладағы міндеттерін абыроймен орындады. Қала тұрғындары овощпен толық қамтамасыз етілді. Мемлекетке 7 848 тонна картоп сатылды. Жоспар 103 процент орындалды.

Мал шаруашылығында да тәуір табысқа қол жетті. Бесжылдықтың үшінші жылында әр сауын сиырдан 2 810 килограмнан сүт сауылды. Мемлекетке 22 180 тонна сүт сатылды. Озат шаруашылықтарда көрсеткіш мұнан да жоғары. «Алматы» колхозында әр сиырдан сауылған сүт 3 834 килограмм болды.

Бұл жетістіктердің сыры неде? Ең алдымен оның сыры еңбекшілер бұқарасының творчестволық еңбекке деген ынта-жігерінің артуында. Ал сол творчестволық жасампаз еңбекке, шабытты жарысқа ұйтқы, жаңалыққа жаршы болған колхоз-совхоз партия ұйымдары. Жаңалықтың жақтаушысы, жарыстың қолдаушысы бар жерде әр кез табыс та мол!

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ В. И. Ленин жарысты ұйымдастырудың негізгі принциптерін белгілеп берген болатын. Жарыс жариялы болуға тиіс. Шаруашылық жұмыстарының барысын еңбекшілер бағдарлап отыратын болуы керек. Сондықтан жарыс қорытындыларын, кімнің озып, кімнің артта қалғанын үнемі хабарлап отырған жөн. Мұның өзі озаттар тәжірибесін өзгелердің игілігіне айналдыруға да көмектеседі. Ал озаттарды моральдық, материалдық жағынан көтермелеп, қолдап отыру — жарыстың негізгі шарттарының бірі. Аудан партия ұйымы еңбекшілер арасындағы жарысты ұйымдастыруда үнемі осы принциптерді басшылыққа алады.

Әдетте ауданда жарыс алынған міндеттемені көпшілік талқысына салудан басталады. Аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқару комитеті, ауыл шаруашылық басқармасы бірлесіп жыл басында қызылшашылардың, овощ өсірушілердің, малшылардың, механизаторлардың, бағбандардың аудандық кеңесін өткізеді. Ондағы мақсат — еңбекшілерді өткен жылдың қорытындысымен, алда тұрған міндеттермен таныстыру, сөйтіп олардың жасампаз еңбекке деген ынта-ықыласын арттыру. Әрине, келелі міндет сөз болған соң оны жүзеге асыру жөніндегі пікірлер мен ұсыныстар ортаға салынады. Оны партия ұйымдары, колхоз-совхоз басшылары өз ісіне өзек етеді.

Рас, міндеттеме қабылдау — істің басы ғана. Ал оны жүзеге асыруға коллективті жұмылдыра білу керек. Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары саяси-тәрбие, мәдени-көпшілік жұмыстарын негізінен осыған, колхозшылар мен жұмысшылардың еңбектегі белсенділігін көтеруге бағыттайды. Ал коммунистер болса, әр кез жұмыстың жауапты саласында, жарыстың алдыңғы сапында жүреді. Солардың бірі «Алматы» колхозының бригадирі коммунист Әжібала Исаев. Оның бригадасында еңбек тәртібі қатаң сақталады. Әрбір бригада мүшесі еңбек озаты. Былтыр осы бригада 800 гектар жерге дәнді дақыл сепкен еді, дақылды агротехникалық талаптарға сай күтіп-баптады, егін орағын ойдағыдай жүргізді, сөйтіп әр гектардан 47 центнерден өнім жинады. Ал осы колхоздың сауыншысы Гуля Байрамова әр сиырдан 5 тоннадан сүт сауды. «Іле» совхозының аға шопаны Исағали Беделбаев өткен жылы әр 100 саулықтан 126 қозы өсірді, әр қойдан 4 килограмнан жүн қырықты.

Еңбекшілерді жасампаз еңбекке жұмылдыра отырып, партия ұйымдары жарысқа нақты басшылық етуге ұмтылады. Олар әрдайым көпшілік пікіріне құлақ түріп отырады. Жалт еткен жаңалықты байқаса, соны іле қолдауға әзір. Әсіресе коллективтің келелі пікірін білдіретін

жұмысшылар мен колхозшылардың жалпы жиналысына, экономика советтеріне, өндірістік советтерге ерекше көңіл бөлінеді. Алдағы міндеттер мен оны орындаудың барысы, озаттар тәжірибесі, істегі кемшіліктер ең алдымен соларда талқыланады, қажетті шаралар соларда белгіленеді.

Өзара жарысушы шаруашылықтар, бөлімше, бригада, фермалар бірін бірі дүркін-дүркін тексеріп отырады. Тексеру қорытындылары қабырға газеттерінде, аудандық радиотораптары арқылы көпшілікке жарияланып отырады. Мұның өзі жарыстың әсерің, оның өндірісті өрге бастыруға ықпалын күшейте түседі.

Жарыс озаттарына әркез айрықша құрмет көрсетіледі. Соның бір белгісі — ауыспалы Қызыл ту. Аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқару комитеті мен ауыл шаруашылық қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитеті жарыс озаттарына арнап сегіз ауыспалы Қызыл ту белгіледі. Оның үстіне әр шаруашылықта ауыспалы Қызыл тулар мен Қызыл жалаулар бар. Ай сайын, апта сайын олар озат бригада қосында, үздік агрегатта желбіреді. Біз жарыс озаттарын моральдық жағынан көтермелеуді де ұмытпаймыз. Жарыста жүлде алғандарға «Үздік механизатор», «Үздік сауыншы», «Үздік шопан» деген құрметті атақпен қоса ақшалай, бағалы заттай сыйлық беріледі.

Социализм адамдардың еңбекке деген көзқарасын бүтіндей өзгертті. Совет қоғамында әрбір адам өз еңбегінің жемісті болуын көздейді, өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін енгізуге ұмтылады. Партия ұйымдары әрбір еңбек адамының осы игі ниетін жүзеге асыруына, оның озаттар тәжірибесі мен жаңа техниканы меңгеруіне көмектесуде. Бұл ретте аудан шаруашылықтарында ұйымдастырылған «озаттар мектебі» үлкен роль атқарады. Олардың сабағы тікелей озат шаруашылықта, өндіріс орнында өткізіледі. Озат тәжірибенің артықшылығы неде екенін жұрт өз көзімен көреді. Сондай-ақ озат шаруашылықтар артта қалған коллективтерді қамқорлықтарына алып олардың алдыңғыларға тенеуіне көмектесуде. Аудандық комитет жанынан ұйымдастырылған экономикалық білім көтеру курстары, «Алматы» колхозының ферма меңгерушісі Ш. Бастанов басқаратын товарлы сүт фермалары қызметкерлерінің аудандық советі міне осы мақсатты көздейді.

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңындағы шабытты жарысқа қосылып, жүлделі орынға ие болғандарды тіркеп отыру үшін ауданда «Еңбек даңқы кітабын» ашу белгіленді. Бұған таңдаулылардың таңдаулысы, көсемнің мүшелді мерекесіне сүбелі сый әзірлеген озаттардың озаты ғана жазылатын болады.

Алдағы қос мереке — Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Қазақстанның 50 жылдығы құрметіне социалистік жарысты өрістете отырып, аудан еңбеккерлері биыл, бесжылдықтың төртінші жылында өздеріне көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Биыл егістің әр гектарынан орта есеппен 11,5 центнерден, ал суармалы алқаптың әр гектарынан 35 центнерден өнім жинаймыз. Жүгерінің әр гектарынан 50 центнер дән алмақлыз. Жалпы аудан бойынша 120 мың тонна астық жинауды көздеп отырмыз. Қант қызылшасының әр гектарынан жиналатын өнімді 450 центнерге, овоцтан — 250 центнерге, картоптан — 150 центнерге жеткіземіз. Қоғамдық мал азығы үшін 120 мың тонна сүрлем әзірлейміз.

Ауданның партия ұйымдары мен совет, шаруашылық органдары, барлық еңбекшілер қауымы осы міндеттемелерді абыроймен орындау жолында бар күш-жігерін жұмылдыруда.

Маоизмнің реакциялық мәні

С. БӘЙІШЕВ,
профессор

Тарихқа да, барша әлемге де қазір әбден мәлім, марксизм-ленинизм өз дамуында нағыз дәйекті түрде жеңістен-жеңіске жетіп келеді, барша прогресшіл адамзаттың прогресс жолымен ылғи өрлеуіне бейнебір жарық жұлдыздай жол сілтеуде. Бұл кездейсоқ нәрсе емес. Мұның негізінде белгілі объективтік заңдылықтар жатыр. Бұлардың бастылары алдымен мынада: марксизм-ленинизм өз жаратылысына біткен қасиеттер арқылы еңбек адамдарының түбірлі мүдделерін терең түсінді, қоғамдық даму заңдарын жетік білді, адам баласын көздеген мұратына жеткізу үшін қоғамды қандай бағытта дамытудың жолдарын асқан даналықпен болжады.

Сондықтан да марксизм-ленинизм қазіргі заманда дүние жүзіндегі сан миллион жұмысшы, еңбекші адамдардың, маркстік-лениндік партиялар қатарына кіріп, ұйымдасқан ондаған миллион коммунист-жауынгерлердің игілігі болып, нағыз материалдық күшке айналды. Осы жағдайдың сырын аша келіп, В. И. Ленин кезінде былай деген еді: «Егер сіздер: Маркстің ілімі ең революцияшыл таптың миллиондаран, он миллиондаған жүрегін қалайша меңгеріп алды деген сұрақ қойсаңыздар, сіздер мынадай бір-ақ жауап аласыздар: ... Маркс адамзат қоғамының даму заңдарын әбден зерттеп, капитализмнің коммунизмге апаратын дамуының сөзсіз болатындығын ұқты және — ең бастысы осы — ол мұны дәлелдегенде, осы капиталистік қоғамды барынша дәл, барынша толық, барынша терең зерттеу негізінде ғана, бұрынғы ғылым табыстарының бәрін толық ұғып алу арқасында ғана дәлелдеп берді» (Шығармалар, 31-том, 287—288-беттер)

Марксизм-ленинизм өз дамуында осындай дәрежеге оңайшылықпен жете қойған жоқ. Бұл жолда ол талай тартыстарды, ашықтан-ашық буржуазиялық идеологияның шабуылын былай қойғанда, оннан да, солдан да тиіскен түрлі түсті оппортунистік, ревизионистік ағымдардың қарсылығына талай рет кездесті, оларды бүкіл қоғамдық жұртшылық алдында әшкерелеп отырды. Мұндай ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық, авантюристік көзқарастар мен әрекеттер бұрын да, Маркс пен Лениннің тірі кезінде, кейін де болған болатын. Бірақ бұлардың бірде-бірі алдыңғы қатарлы марксизм-ленинизм іліміне төтеп бере алған жоқ, тарихи дамудың әрбір елеулі кезеңінде шұрыл өзгерістер тұсында көзқарастарының терістігі салдарынан өмірге ілесе алмай күйреп отырды.

Алайда әлі де әртүрлі таптар, ала-құла әлсуметтік топтар, таптық қоғамдар, алдымен капитализм өмір сүріп тұрғанда идеологиялық күрес, түрлі реакцияшыл ағымдар құрымайды, марксизм-ленинизмге қарсы күресін тоқтатпайды. Бұлардың бастылары — дәл қазіргі заманда атышулы антикоммунизм, ревизионизм және басқа сол тәрізді түрлі реакцияшыл ағымдар. Солардың бірі — қазіргі кезде аса зиянды, марксизм-ленинизм принциптеріне мүлдем жат, дүние жүзілік жұмысшы және коммунистік қозғалыстың бірлігіне іртікі салып жүрген Қытай Коммунистік партиясы қатарындағы Мао Цзэ-дун тобы, яғни атышулы маоизм.

I.

Марксизм-ленинизм өз дамуының тарихында Қытай елінің, қытай халқының қоғамдық прогресс жолымен өрлеуіне де, мұнда Коммунистік партияның құрылып,

қалыптасуына да тарихта теңдесі жоқ зор көмек көрсетті. Бұл көмек, аса зор идеялық ықпал әсіресе Ұлы Октябрь социалистік революциясынан соң айрықша ұлғая түсті, қанатын кең жайды. Марксизм-ленинизм теориялық қаридаларын басшылыққа ала отырып, оның жеңімпаз туы астында Қытай коммунистері, олардың арасындағы шын марксист-лениншілдері біздің елде болған Октябрь революциясынан бергі жерде өз елінде талай саяси, әлеуметтік-экономикалық табыстарға жетті. 1921 жылдан бері өмір сүре бастаған Қытай Коммунистік партиясы біздің елде іс жүзіне асқан Октябрь социалистік революциясының жеңісіне, Совет Одағының социализм орнату жолындағы тыннан салған мол тәжірибесіне, біздің лениндік Коммунистік партияның қисапсыз көп жәрдеміне сүйене отырып, Коммунистік Интернационалдың тікелей басшылығымен 20—40-шы жылдардың аралығында өз елінде ұлт-азаттық қозғалысын күшейтті, Қытай жұмысшылары мен еңбекші шаруаларын реакцияшыл гоминдан тәртібіне қарсы, помещиктер мен компрадорлық буржуазияға қарсы, шетелдік империалистік шапқыншылықтарға қарсы күреске аттандырды. Қытай халқының бұл азаттық жолындағы күресінің бұрынғыдан да төрі өрістей түсуіне біздің Совет Армиясының 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы тұсында неміс фашизмі мен жапон соғысқұмарларын жермен-жексен етіп қиратуы айрықша зор әсер етті. Осылардың барлығының нәтижесінде Қытайда 1949 жылы халық революциясы іс жүзіне асты, қытай помещиктері мен компрадорларының (шетелдік буржуазия мен ел ішіндегі буржуазия арасында делдалдық жасаушы реакцияшыл ірі буржуазияның), империалистер атаулының фашистік үстемдігі жойылды, ел тарихында тұңғыш рет Қытай Халық Республикасы құрылды.

Қытай халқы тарихындағы бұл жеңістің мәні мен маңызы мейлінше зор еді. Миллиондаған халқы бар Қытай елі ғасырлар бойы тұншықтырып келген отарлық кіріптарлықтан, әлеуметтік қанау мен ұлттық езгіден құтылды, капиталистік системаның азапты жолынан арылып, социалистік лагерь қатарына, социализм орнатушы елдердің тобына келіп қосылды. Қытай халқы мен Коммунистік партиясының бұл жолдағы, яғни социалистік өзгерістер жасау жолындағы істеріне де біздің еліміз, Совет Одағы, біздің Коммунистік партиямыз ұшан-теңіз материалдық та, моральдық та жәрдем етіп келді. Мұны бүкіл дүние жүзі біледі, бұған тарих куә. Мұның бәрі Қытай Халық Республикасының талай ресми документтерінде, баспасөзінде тайға таңба басқандай айқын жазылған болатын. Бұл жағдайларды, атап айтқанда: Қытай еліне, қытай халқына Совет Одағының, совет адамдарының көрсеткен сансыз көп көмегін Қытай Халық Республикасының, Қытай Коммунистік партиясының барлық дерлік басшылары, солардың ішінде Мао Цзэ-дунның өзі де, сан рет мәлімдеген болатын. Бұлардың бәрін енді ар-ұяттап жұрдай болып айрылған екіжүзді адамдар ғана бекер дей алады.

Қытайдағы, қытай халқының өміріндегі бұл жеңістердің бәрі — марксизм-ленинизм жеңімпаз идеяларының, социализмге тұңғыш рет тыннан жол салған Совет Одағының, барлық социалистік елдердің тікелей қолғабыс-көмегінің игі нәтижелері. Мұның өзі өмірде, тарихта өшпес із қалдырған мың да бір ақиқат шындық. Бұл бір. Екінші жағынан, қытай халқының өмірінде бұрын болып көрмеген іргелі өзгерістер мен елеулі жеңістер қытай басшыларының, ең алдымен Мао Цзэ-дунның ел ішінде шектен тыс даңққа бөленуіне себепкер болды. Арзан абырой мен жалған даңққа ие болу жолында олардың өздері де қолдарынан келгенін істеп бақты. Қытай Коммунистік партиясының қатарындағы Мао Цзэ-дун тобы өз әрекеттерінің алғашқы кезеңінде ылғи дерлік марксизм-ленинизмді, оның революциялық идеялары мен теориясын бетке ұстап отырды, марксизм-ленинизм туын жамылып жүрді, өздерін бірден-бір таза, турашыл марксист-лениншіл адамдармыз деп жар салып жүрді. Бұған, жасыратыны жоқ, Қытай жұртшылығының едәуір бөлегі, мұның ішінде коммунистер де шынмен-ақ сеніп, панып келді.

Ал енді өмір, практика, Мао Цзэ-дун бастаған атышулы Қытай басшыларының соңғы он шақты жылдың жүзінде жүргізген жұмыстарының нәтижелері олардың марксизм-ленинизм идеяларынан мүлдем аулақ екенін, оны тек алдамыш жамылғы ретінде пайдаланып жүргенін байқатты. Сырттан қарағанда ақылға қонбайтын нәрсе, бірақ бұл факт, нағыз өмір шындығы.

II.

Соңғы жылдары түрлі саяси, әлеуметтік-экономикалық, публицистикалық әдебиеттерде және сонымен қатар күнделікті баспасөзде жарияланып жүрген материалдар мен деректерге қарағанда, Мао Цзэ-дун Қытай Коммунистік партиясының қатарына кірген кезден бастап-ақ барлық істерде партиялық, әскери, мемлекеттік және басқа жұмыстарда өз басының беделін арттыруға барынша тырысып отырған. Тек осы мақсаттар үшін ғана жеке басының қамы үшін ол ылғи марксизм-ленинизмді

бетке ұстап келген. Халық арасында данышпандық ғылыми теориясымен де, тек еңбекші адамзат мүдделерін көздеген, өмірге үйлесімді сан алуан нақты істерімен де даңқы кең тараған марксизм-ленинизм туы астында, оны құрғақ жел сөздермен белгілі бір қолайлы кезеңде дәріптеу арқылы өз атағын шығарып қалуды көздеген.

Қытайда қазір өріс алып келе жатқан, үстем болып отырған қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар тұрғысынан алып қарағанда Мао Цзэ-дун түрлі қулық-айла арқылы өзінің даңройлық, мансапқорлық, авантюристтік ниеттерін, яғни марксизм-ленинизм принциптерімен ешбір үйлеспейтін әрекеттерін іс жүзіне асыруға мүмкіндік алды.

Қоғам тарихында, жұртқа мәлім, дарынды қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, әдебиет пен өнердің майталмандары, халықтың, түрлі прогресшіл саяси партиялардың бастаушысы, көсемдері ретінде ел, халық, жұртшылық арасына есімдері де, даңқтары да кең тараған жеке адамдар болады. Бірақ бұлар өз дәуірінде атқарған өнегелі істерімен, тарихта қалдырған өшпес іздерімен орынды беделге, зор құрметке, шексіз сүйіспеншілікке ие болады. Мұның нақты мысалдары әрбір халықтың әртүрлі кезеңдердегі тарихынан табылады.

Ал Мао Цзэ-дунды алатын болсақ, оны жаңағы жоғарыда баяндалып өткен шарттар негізінде пайда болып, аты шыққан адамдардың қатарына қосуға болмайды. Бұл сияқты ардақты адамдардың тобына Мао Цзэ-дунды жатқызуға ешбір болмайтын себебі — оның идеялық көзқарастарында, теориялық концепцияларында, практикалық істерінде жалпы адамзат жаратылысы мен мүдделеріне тән, оны қоғамдық прогресс жолымен ілгері бастыратын әділетті нәрсе атымен жоқ.

Марксизм-ленинизм туы астында, Қытай Коммунистік партиясы мен халықтың қолы жеткен жеңістері арқасында Мао Цзэ-дун өзін асыра мадақтап, мейлінше дәріптеді, бүкіл партия мен халық табыстарын өзіне теліді, мемлекет пен партия қарауындағы барлық насихат құралдарын өз басының «даналығы» мен «асыл қасиеттерін» насихаттауға жұмсады, сөйтіп бүкіл ел ішінде миллиондаған мүшелері бар партия қатарында Мао Цзэ-дунның жеке басына табынушылық тәртібі орнады. Мао Цзэ-дун өзінің практикалық жұмысында, өзінің күнделікті өмірінде, адамдармен, тіпті коммунистермен қарым-қатынастарында, ең ақырында, мемлекет арасындағы ресми қарым-қатынастарда да Қытай тарихында бұрын болған патшалар мен императорлардың, помещиктер мен феодалдардың, компрадорлық буржуазия мен гоминданшылардың нағыз реакцияшыл, нағыз оңбаған, адамшылық қасиеттерге жатпайтын әдет-ғұрыптарын қолдануда; өзін әммеден пәк «әулиеге» тенеуде. Жалпы мәдени дәрежесі әлі де төмен, дүниеге ғылыми-материалистік көзқарасы қалыптасып жетпеген адамдар, өз елінде болып жатқан өрескел істердің байыбына барып, түсініп жетпеген коммунистер де Мао Цзэ-дун мен оның сыбайластарының айтқандарына нанып, мықтап адасуда. Сондықтан да олар Мао Цзэ-дунның жеке басына көзсіз табынып отыр.

Ал осылардың бәрін ғылыми тұрғыдан талдайтын болсақ мұнда маркстік-лениндік идеялардан, көзқарастардан дәнене де жоқ екенін, тіпті жай адамшылық, прогресшілдік, ізгілік қасиеттерден иененің жасуынлай да нышан жоқ екенін көреміз.

Мао Цзэ-дунның өзінің және оның жақтастарының жазған еңбектерінде, сөйлеген сөздерінде нағыз сұмпайы анархистік, ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық идеялар уағыздалып келеді. Қазіргі кезде маошылар өздерінің жер жүзінде үстемдік орнату, дүниені қытайлық үлгі бойынша қайта құру ниетін көздейтінін ашықтан-ашық жариялап отыр.

Сондықтан да Мао Цзэ-дунның қазіргі саясаты — барып тұрған реакцияшылдық саясат, ал оның идеяларында, теориялық концепцияларында ешқандай ғылыми негіз жоқ. Сондықтан да маоизм барлық жағынан бірдей марксизм-ленинизмге мүлде жат ағым, нағыз барып тұрған зиянды құбылыс болып отыр.

III.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларында да маоизмнің нағыз зиянды ағым екенін Қытайдың қазіргі өз жағдайы да, халықаралық жағдай да айқын көрсетіп отыр. Марксизм-ленинизм идеяларынан, социалистік интернационализм принциптерінен, халықтар достығын нығайта беру мүдделерінен мүлдем қол үзген маоизм жылдан жылға, күннен күнге реакцияшылдық мәнін ашып, бүкіл прогресшіл адамзат алдында да, тарих алдында да ешбір кешірілмейтін қылмысты істерді үдетіп келеді.

Қытайдағы Мао Цзэ-дун бастаған қылмысты топ бұдан бірнеше жыл бұрын «пролетарлық мәдени революциясы» деген жалған ұран көтеріп, бүкіл елді, бүкіл қытай халқын бүліншілікке душар етті. Бұл атышулы «мәдени революцияда» ешқандай ізгі тілек, қайырымды іс жоқ еді. Маошылар қытай жастарын алдап, олардан «қызыл жасақшылар», «көтерілісшілер» деген атпен түрлі отрядтар құрды, оларды сайланып қойылған және демократиялық негізде әрекет етуші партия органдарын, кәсіподақ,

коммунистік жастар ұйымдарын, барлық жергілікті үкімет мекемелерін талқандау үшін пайдаланды. Бұл ұйымдар мен мекемелердің орнына елдің барлық жерінде де қарудың күшімен «революциялық комитеттер» орнатылды.

Әрине, Мао Цзэ-дун бастаған бұл топтың сойқанды істері Қытай Халық Республикасының ішкі, сыртқы жағдайын мейлінше нашарлатып жіберді. Бұл арада мынадай бір-екі елеулі фактілерді атап өтсек те жетіп жатыр.

Біріншіден, қытай қоғамының өмірінде Коммунистік партияның жетекші ролі әбден әлсіреді, аяққа басылды, халық алдында партияның қадірі, беделі түсірілді. Бар тізгінді «Мао Цзэ-дунның пролетарлық штабы» деп аталатын атышулы топ, яғни Мао Цзэ-дунның жақтастары өз қолына алды. Көрес кезге заңсыз түрде, партиялық норманы бұзу негізінде құрылған бұл бүлікшілер тобы қазіргі кезде бүкіл партияның, бүкіл армияның, бүкіл елдің бірден-бір бастаушы органы деп есептеледі. Бұл топ соңғы екі-үш жылдың жүзінде Қытай Коммунистік партиясын қатты шығынға ұшыратты. Коммунистік партияның ондаған мың ардагерлері, қарт мүшелері, Мао Цзэ-дунның марксизм-ленинизмге жат зиянды көзқарастарын жақтамағандар адам ақылына қонбайтын қорлыққа, қуғынға түсті, барлық жұмыс атаулыдан босатылды, партия қатарынан шығарылды. Солардың ішінде барлық өмірін түгелдей революция істеріне арнаған нағыз марксист-лениншілдер аз емес.

Қытай Коммунистік партиясында қазіргі кезде ешқандай демократиялық принциптер қалмаған, сайлау тәртіптері әбден жойылған. Мұны күні кеше, осы жылдың апрель айында болып өткен Қытай Коммунистік партиясының ІХ съезі деп аталған жиынысмақтың сипатынан айқын аңғаруға болады. Мұның делегаттары — ешбір партия конференцияларында сайланбаған, тек Мао Цзэ-дун тобының өз жақтастарынан, Мао Цзэ-дун «идеяларын» бұлжытпай жүргізушілерден тізім бойынша шақырылған адамдар. Бұдан асқан масқаралықты, партия құрылысының принциптері мен ережелерін бұзуда бұдан асқан сорақылықты ойлап табу өте қиын.

Екіншіден, партия өмірімен қатар мемлекеттік істерді де аяққа басқан Мао Цзэ-дун тобы өздерінің сойқанды әрекеттерімен елдің экономикасына, экономикалық өміріне ірткі салды, елдің байлығын талан-таражға түсірді, халықтың материалдық әл-ауқатын көтеруді көздейтін ұлы социалистік принципті әжуа етті; экономиканы оркендету арқылы халық тұрмысын көтеруге барытталған шаралардың бәріне «экономизм» деген құбыжық ат тақты, бұларды ревизионистік, баюға тырысушылық, империализмге жәрдем етушілік деп бағалады. Бұлардың орнына Мао Цзэ-дун тобы барлық күшті, қаржыны түгелдей дерлік әскери экономиканы күшейтуге, соғыс қару-жарақтарын, алдымен ядролық қаруды көптеп өндіруге жұмсауда. Қазіргі кезде де бұл топ экономика саласында осы реакциялық саясатты жанталаса жүргізуде. Мұның «нәтижелері» жұртқа белгілі. Жалпы алғанда өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да құлдырап томендеуде. Мұның салдарынан алдымен халықтың материалдық әл-ауқаты нашарлауда, деревнядағы шаруалар көпшілігі нағыз жоқшылық пен аштыққа душар болып отыр. Сайып келгенде, бұл да маоизм «ұлы идеяларының» содырлы нәтижесі.

Үшіншіден, заңды түрде, демократиялық негізде құрылған партиялық, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар атаулының бәрін талқандап, қуғынға салып, Мао Цзэ-дун және оның жақтастары Қытайдағы барлық істерде өздерінің үстемдігін барынша нығайтуды көздеп отыр. Олар бұл пасық ниеттерін қазірдің өзінде-ақ елдің көп жерінде іс жүзіне асырды деуге болады.

Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, Мао Цзэ-дун тобының бұл қылықтары мен әрекеттерінде иненің жасуындай да халықтық, прогресшілдік сипат жоқ. Бұл — Мао Цзэ-дунның жеке басына табынудан туған, оның жеке-дара өктемдігін орнатуға барытталған жексұрын әрекет. Маоизмнің жүргізіп отырған бұл саясаты қытай жұмысшы табының, барлық еңбекшілерінің көкейтесті мүдделеріне, пролетарлық интернационализм принциптеріне мүлде қайшы келеді. Мұның өзі Мао Цзэ-дун тобы мен оның сыбайластарының маркстік-лениндік идеялардан, коммунизмнің аса ардақты мақсат-мұратынан біржолата қол үзгенін көрсетеді.

IV.

Мао Цзэ-дунның, оның сыбайластарының сойқанды істері халықаралық қатынас мәселелеріне де зардабын тигізе бастады. Өздерінің нағыз шовинистік, сонымен қатар барып тұрған авантюристік саясатын ең жоғарғы принципке айналдырып, маоизм соңғы оншақты жылдың өнбойында халықаралық майданда да талай-талай ірткішілдік әрекеттер жасап келеді. Осындай жауыздық істерімен Мао Цзэ-дун тобы бейбітшілік пен демократия жолында, ұлт азаттығы мен социализм жолында империализмге қарсы күресуші күштердің бірлігі мен ынтымағына нұқсан келтіруде, түрлі халықаралық жиындар мен конгрестерде, кеңестер мен мәжілістерде және баспасөз бетінде

шынайы марксист-лениншіл партияларға, социалистік елдерге, ең алдымен Совет Одағына қарсы қаскүнемдікпен өтірік-өсек, жалған лақаптар таратуда, оларға неше түрлі жала жабуға.

Бірақ өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам. Маошылдардың өтіріктері мен жалалары бүкіл әлем алдында әшкереленді. Халықаралық прогресшіл жұртшылықтың бәрі маоизмнен іргесін аулақ сала бастады. Ақырында, олар халықаралық қоғамдық жұртшылықтан, дүние жүзінің көптеген елдерінен оқшауланып қалды. Бұл солай болуға тиіс те еді. Өйткені озат идеяларға сүйенбеген, халықтың ізгі тілек-мүдделерімен санаспаған жеке адам да, белгілі ағымдар мен топтар да сөзсіз күйреп тынады. Реакцияшыл саясат жүргізуші адамдардың тардыры әуелден осындай.

Мао Цзэ-дун тобы халықаралық қатынастар саласында екі түрлі мақсат көзден отыр. Біріншіден, маошылдар қытай қоғамын, қытай жұртшылығын ғылыми социализм ықпалынан мүлдем айырып алып, «Мао Цзэ-дун идеяларын» дүние жүзінде, ең болмағанда өз елінің көлемінде бірден-бір жетекші догма ретінде орнықтыру, сөйтіп марксизм-ленинизм идеяларын қытай халқының санасынан мүлде аластау ниетін көздейді. Екіншіден, олар социализм системасына, әсіресе Совет Одағына қарсы күресті шиеленістіре отырып, қазіргі оқшау халден құтылу, сөйтіп Қытайды дүние жүзіндегі «үшінші күшке» айналдыру ниетін көздейді. Маошылдар қазіргі кезде социализм дүниесіне қарсы бағытталған осындай опасыздық ниеттері мен әрекеттерін іс жүзіне асыру үшін жанталасуда. Осы пасық мақсаттарына жету үшін олар капиталистік дүние мен социалистік дүние арасындағы қайшылықтарды сұрқиялықпен пайдалануда. Бұл ретте түрлі айла-шарғы қолдану, екі жүзділікке, тиянақсыз жел-сөздерге салыну қазір маошылдар саясатының ең негізгі амалы болып отыр. Оны мынадан айқын көреміз: Мао Цзэ-дунның өзі де, оның сыбайластары да сөз жүзінде империализмді қарғап-сілеген болады, ал іс жүзінде онымен мәмлеге келіп, ауыз жаласып отыр. Осындай екіжүзділік әрекеттерді олар соңғы кезде америка империалистерімен де, Батыс Германияның соғысқұмар топтарымен де жүргізуде.

Маошылдардың мұнда не көздейтіні өзінен өзі түсінікті. Олар социализм елдері мен капитализм елдерін бір-біріне айдап салып, сорыс өртің шығаруды көздейді. Мұның нәтижесінде екі система да әлсірейді, соның арқасында қытай «үшінші күш» ретінде билік айтұшы, содан соң бүкіл дүниені билеуші, үстемдік етуші мемлекет болады деп дәмеленеді олар.

Оның үстіне маошылдар ежелден сорысты жақтайды, соғыста талай-талай миллиондардың сөзсіз қырғынға ұшырайтынына олар нысқырып та қарамайды. Бұған Мао Цзэ-дунның 1957 жылы айтқан мына сөздері де әбден дәлел: «Болашақ сорыс қанша адамның өмірін жалмап кететінін кім білсін? Мүмкін, шығын ауыр да болар, адамзаттың үштен бірі, 2 700 миллион адамның 900 миллионы қырылып та кетер. Менің ойымша, бұл онша көп емес. Егер атом сорысы басталып, адамзаттың тіпті тең жартысы қырылып кетсе де, екінші жартысы қалады».

Бұл — коммунистің аузынан шығатын сөз бе? Жоқ, мұндай сөз коммунистің, адал ниетті адамның аузынан шығатын сөз емес. Мұндай сорақы сөзді нағыз реакционерлер ғана, адамға адамша қараудан қалған азғындар ғана айта алады.

Ал мұндай пікірді маошылдар қазірде екінші бірінде өршелене айтады, мұны бейнебір ерлік деп баралайды. Сондықтан да олар күні кеше, 1969 жылдың март айында совет шекарасында, Уссури өзеніндегі Даман аралында әлденеше рет қарулы арандатушылық әрекет жасады. Мұның салдарынан екі жақтан да бірталай адамның қаны төгілді. Бұдан асқан қылмыс бола ма?

Енді олар шындықты рабайсыз бұрмалап, Совет Одағына барынша жала жауып, қытай халқын совет халқына, біздің Коммунистік партияға өшіктіргелі отыр. Мұның өзі халық достығына, социализм ісіне, Қытай мен Совет Одағы арасындағы қатынастарға опасыздық жасау екендігі айтпаса да түсінікті. Біздің партия, біздің еліміз маошылдардың бұл қылмысты істерін әшкерелеп, адамзат алдында барлық шындықты айтып отыр. Әрине, Мао Цзэ-дун тобы мен қытай халқы бір емес. Түбінде қытай халқының бар шындықты көріп-білетіндігінде, маошылдардың сойқанды саясатынан біржолата безіп, совет халқымен шынайы достық қатынасты қайта орнататындығында ешбір күмән жоқ.

* * *

Қорыта айтқанда, маоизмнің шын мәні осындай. Ол — марксизм-ленинизмге мүлдем жат, нағыз реакциялық ағым. Сондықтан маоизмге қарсы аяусыз күрес жүргізу, оның зиянды әрекеттерін тынбастан әшкерелеп отыру — біздің шұғыл міндеттеріміз, борышымыз.

Облыстық комитет және аудандық газеттер

Коммунистік партия совет баспасөзіне ұдайы қамқорлық жасап, оның жұмыс әдістерін жетілдіріп отырады. Бұған КПСС Орталық Комитетінің былтырғы сентябрьде қабылдаған «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» қаулысы кепіл. Бұл қаулыда жергілікті партия комитеттері, атап айтқанда облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері аудандық баспасөзге басшылықты жақсартып, олардың идеялық дәрежесін көтеруге, коммунистік құрылыс міндеттерін орындаудағы, еңбекшілерді тәрбиелеудегі ұйымдастырушылық ролін арттыруға тиіс деп көрсетілді. Партия комитеттері аудандық газеттердің саяси бағытына күнделікті бақылау жасап, олардың мазмұнды болып шығуын әрдайым қадағалап отыруы керек, жарияланған материалдардың пәрменділігі үшін күресте редакцияларға тиісінше көмек көрсетуі керек.

Аудандық газеттерге идеялық-саяси, ұйымдастыру басшылығын жетілдіруде Қостанай облыстық партия комитетінің бірқатар тәжірибесі бар. КПСС Орталық Комитетінің жоғарыда аталған қаулысы шығысымен-ақ облыстық комитет аудандық баспасөзге басшылықты одан әрі жақсартуға, оның шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін жүзеге асырудағы ұйымдастыру қызметін күшейтуге бағытталған нақты шаралар белгіледі. Біз ең алдымен жергілікті журналист кадрларының идеялық-теориялық дәрежесін көтеруге, профессионалдық шеберлігін жетілдіруге, тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруға баса көңіл бөліп отырмыз.

Аудандық газет редакторларының семинар-кеңесін өткізу дағдыға айналды. Өткен жылдың өзінде облыстық партия комитеті екі рет аудандық газет редакторларының семинар-кеңесін өткізді. Оның біреуінде КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» қаулысынан туатын міндеттер кең сарапқа салынды. Сонымен бірге мұнда Рудный қалалық «Рудненский рабочий», Федоров аудандық «Знамя Октября» газеттерінің экономикалық реформа мәселелерін жазу тәжірибесі талқыланды. Аудандық газеттердің бесжылдық жоспар тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс барысын күнделікті байыпты жазып отыруы тәңірегінде редакторлар келелі әңгіме қозғады.

1968 жылдың аяқ шенінде өткізілген екінші семинар-кеңес негізінен журналистік шеберлікті шыңдауға арналды. Москвада, Жоғары партия мектебінің жанында өткізілген журналистердің бір айлық курсы жайлы облыстық газеттердің редакторлары Н. Дегтярев пен Б. Жангисин әңгімелеп берді. Сол сияқты бұл семинар-кеңеске жиналғандар аудандық газет редакторларының бүкіл одақтық семинарына қатысқан. Жітіқара аудандық газетінің редакторы Ф. Иващенко жолдастың әңгімесін қызы-

ға тыңдады. Ол әсіресе еліміздегі бірқатар редакциялардың жұмыс ерекшеліктерінен, тақырыптық, перспективалық жоспарлар жасаудағы жаңалықтарынан көптеген мысал келтірді.

Облыстық партия комитеті, аудандық партия комитеттері төменгі баспасөз қызметкерлерін партия, совет органдарының қаулы-қарарларымен, алда тұрған саяси-шаруашылық міндеттермен таныстырып отырады. Кейінгі уақытта аудандық комитеттердің бюро мәжілістерінде редакциялардың жұмыс жоспарлары үзбей қаралып, редакторлардың есептері жиі-жиі тыңдалатын болды.

Жақында облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде Октябрь аудандық партия комитетінің өз газетіне басшылығы туралы мәселе талқыланды. Октябрь аудандық партия комитеті өзінің баспасөз органы — «Новь» газетіне басшылықты біраз жақсартқан. Дегенмен аудандық газетке басшылықта елеулі кемшіліктер орын тепкен. Сол кемшіліктерді атап көрсете келіп, обком бюросы еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде, бесжылдық жоспар тапсырмаларын орындауда аудандық газеттің ролін арттыра түсуді Октябрь аудандық партия комитетіне тапсырды. Облыстық комитеттің осы қаулысы барлық аудандық газет редакциялары коммунистерінің жиналыстарында талқыланды. Облыстық партия комитеті көп ұзамай КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» қаулысын Наурызым партия ұйымының қалай орындап жатқаны жөнінде мәселе қарамақшы.

Соңғы кезде бірқатар аудандық партия комитеттерінің өз органдарына басшылық, көмегі бұрынғыдан едәуір күшейді. Бұл жөнінде Семиозер аудандық партия комитетін мысалға келтіруге болады. Семиозер аудандық партия комитеті соңғы бір жарым жыл ішінде «Жеңіс туы» газетінің идеялық мазмұнын жақсартуға байланысты бірнеше рет мәселе қарады. Газеттің аудан өмірін жазудағы елеулі кемшіліктерін түзету мақсатында маңызды шаралар белгілеп, аудандық комитет редакция аппаратын тәжірибелі де іскер журналистермен нығайтты. Қазіргі уақытта «Жеңіс туы» газетінің экономика мен мәдениет, партия тұрмысы мәселелерін жазудағы қадамы тәуір. Сол сияқты аудандық газет В. И. Лениннің теориялық мұрасын насихаттауға арнап бірнеше мазмұнды мақала берді. Семиозер аудандық партия комитетінің секретарьлары баспасөздің идеялық мазмұнына күнбе-күн назар аударып отырады.

Аудандық газеттер өзінің идеялық-саяси дәрежесін баспасөз қызметіне еңбекшілерді, авторлар активі мен ауыл-село тілшілерін кең қатыстырғанда, олармен бұқаралық жұмысты дұрыс жолға қойғанда ойдағыдай көтере алады. Сондықтан да обком аудандық, қалалық партия комитеттеріне жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің, авторлар активінің кеңестерін мезгіл-мезгіл өткізіп тұруды ұсынды. Қазірдің өзінде ауыл-село тілшілерінің слеттері мен кеңестері Семиозер, Ленин, Таран және басқа аудандарда өткізілді. Бұларда аудандық баспасөздің мазмұнын жақсарту міндеттері туралы, ауыл-село тілшілерінің белсенділігін арттыру туралы аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен редакцияның жауапты қызметкерлері баяндамалар жасады. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесіне әзірлік күндерінде экономика мен мәдениеттің түйінді мәселелерін жазуда халық тілшілерінің ролін күшейту мақсатымен жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің облыстық кеңесін өткізу ұйғарылды.

Бұл күндері облысымыздың газеттеріне екі жарым мыңнан астам халық тілшілері ат салысады, сондай-ақ жүзден астам тілшілер посты құрылған. Атап айтқанда Ленин аудандық «Светлый путь» газеті редакциясының авторлармен, ауыл-село тілшілерімен байланысы тәуір. Газеттің совхоздар мен мекемелерде он посты бар. Әсіресе Калинин атындағы, Ершов, Пресногорьков совхоздарындағы тілшілердің аудандық

газетке көмегі зор. Олар күнделікті жаңалықтарды, орын алған кемшіліктерді редакцияға уақтылы хабарлап тұрады. «Светлый путь» газетінің жанында тілшілер мектебі де ұйымдастырылған.

КПСС Орталық Комитеті республикалық, облыстық газеттердің жанында аудандық газет қызметкерлерінің өндірістік практикасын ұйымдастыруды тапсырды. Былтырғы декабрьден бастап аудандық газеттердің бір топ әдеби қызметкерлері облыстық «Ленинский путь», «Коммунизм таңы» газеттерінің редакцияларында он күндік тәжірибеден өтіп, машықтанды. Бұлар — Жанкелдин, Аманкелді, Комсомол, Урицкий, тағы басқа аудандық газеттердің әдеби қызметкерлері. Сол сияқты облыстық партия комитеті жанындағы бір айлық тұрақты курста аудандық газет редакторларының орынбасарлары мен жауапты секретарьлары, бөлім меңгерушілері білімдерін толықтырды. Творчестволық семинар сабақтарына облыстық газеттерден тәжірибелі журналистер шақырылып, аудандық баспасөздің мазмұнын жақсартуға, журналистік шеберлікті жетілдіруге байланысты құнды-құнды ойлар мен ұсыныстар ортаға салынды.

Аудандық газеттерді іскер, білімді кадрлармен нығайту жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Қарасу, Семиозер, Арқалық аудандық газеттерінің редакторлары болып жоғары білімді, өздерін творчестволық қызметте көрсете білген жас журналистер бекітілді. Жоғары партия мектебін бітіргендерден және жергілікті журналистерден аудандық газеттерге 3 редактордың орынбасары, 2 бөлім меңгерушісі, 4 әдеби қызметкер жіберілді. Бірақ бізде журналист кадрлары әлі тапшы. 5 аудандық газетте редактордың орынбасары жоқ, сондай-ақ 5 жауапты секретарь, бірнеше бөлім меңгерушісі мен әдеби қызметкерлер жетіспейді.

Басқа да кейбір партия комитеттерінің тәжірибесі сияқты, біздің обком жанынан да аудандық газеттерді карап, зерттеп отыратын шолушылар тобы құрылды. Шолушылардың қатарында облыстық газеттердің, облыстық баспасөз басқармасының, облыстық партия комитетінің жауапты қызметкерлері бар.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысын басшылыққа ала отырып, көптеген аудандық газет редакциялары экономика мен мәдени өмірді, ауыл-село еңбеккерлерінің бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы қажырлы күресін кеңінен көрсете бастады. Бұлардың беттерінде колхоздар мен совхоздардың егіншілік мәдениетін көтеру, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, социалистік меншікті ұқыпты сақтау туралы материалдар үздіксіз жарияланып келеді. Бұған Федоров аудандық «Знамя Октября» газеті (редакторы С. Бережнев жолдас) мысал бола алады. Бұл газет шаруашылық есептің тиімділігін, оның совхоздар мен бөлімшелерде, бригадалар мен фермаларда қалай қолданылып жатқанын ұдайы насихаттап келеді. «Экономикалық тақырыпқа», «Озаттардан үйренейік», «Жаңа жүйе жағдайында» деген рубрикаларды газеттің әрбір номерінен дерлік кездестіруге болады. Ал шаруашылық есепті енгізу нәтижесінде Федоров ауданында ауыл шаруашылық өндірісі жылма-жыл өрге басып, совхоздардың көпшілігі жоғары рентабельділікке жетіп отырғаны мәлім.

Экономикалық реформа мәселелеріне де аудандық баспасөз ерекше назар аударуда. Айталық, Жітіқара аудандық, қалалық партия комитеттерінің органы — «Авангард» газеті (редакторы Ф. Иващенко жолдас) бұл тақырыпты өз бетінен түсірмейді. Жітіқара қаласының негізгі өнеркәсіп орындары — асбест комбинаты мен ет комбинаты өткен жылы-ақ жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшкен болатын. «Авангард» газеті жаңа жүйені енгізу жайын күнделікті жазып келеді. Жергілікті журналистер шаруашылық реформасын жүзеге асыруда кадрлар даярлаудың, кеншілердің кәсіби шеберлігін арттырудың

маңызы күшті екенін жақсы біледі. Сондықтан да осыған орай оқу комбинатының бастығы Капустин жолдастың материалы басылды. «Авангард» газетінің бетінде мастердің өндірістегі ролі, жаңа қуаттарды тез іске қосып, тиімді пайдалану, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, өнімнің сапасын жақсарту сияқты мәселелерге кең орын беріледі. Кезінде оқушыларға Н. Пархимчиктің еңбек тәртібін нығайтуға арналған «Сенің коллективіңнің абыройы», байыту фабрикасының мастері Г. Стениннің жоспардан тыс асбест жөнелтуді, жабдықтарды тиімді пайдалануды сөз ететін мақалалары ұнады.

Қостанай аудандық «Строитель коммунизма» газеті социалистік жарыс, коммунистік еңбек қозғалысы тақырыбын жақсы жазып келеді. Репортаждар мен суреттемелерде, корреспонденциялар мен хабарларда колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының, құрылыс-транспорт ұйымдары қызметкерлерінің арасында өріс алған социалистік жарыс нақты көрсетілуде. Газет бетінде «Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындайық», «Бесжылдықтың озаттары», «Жақсы адамдар жайлы» деген тұрақты рубрикалар бар. Механизаторлар мен малшылардың өз міндеттемелерін қалай орындап келе жатқаны жөніндегі материалдардың көпшілігі тәуір. Александров, Майкөл совхоздарының жұмыс тәжірибесіне тұтас беттер арналды. Қостанай аудандық газетінің әрбір номерінен жұмысшылардың, совхоз басшыларының, бастауыш партия ұйымы секретарьларының мақалаларын, хат-хабарларын кездестіреміз. Мәселен, «Красный партизан» совхозының сауыншысы Т. Бунакованың «Ильич мерекесін екпінді еңбегіммен атап өтемін», осы совхоз директоры Н. Алимпиевтің «Асуға шығарда», Маяковский атындағы совхоз парткомының секретары С. Төленовтің «Жарыс күші» деген мақалалары мазмұнды әрі тартымды.

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесіне әзірлікті біздің облыстың аудандық газеттері де байыпты жазуға ден қойды. Барлық аудандық газеттің Ленин тақырыбына байланысты жасалған перспективалық жоспарлары бар. Қазір қай газеттен де «Көсем мерекесі алдында», «Лениндік вахтада», «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алайық» деген рубрикалар табылады. Мәселен, Ленин аудандық «Светлый путь» газетін алайық. Бұл газеттің «Лениндік беттері» оқушы ойынан шығып жүр. «Лениндік беттер» ұлы көсемнің идеялық мұрасын насихаттайды, өмірбаян материалдары арқылы В. И. Лениннің революциялық қызметін елестетеді. «Светлый путь» газетінің бір мақаласында Карл Маркс атындағы совхозда лениндік музей-бөлменің қалай ұйымдастырылғаны әңгімеленді. Ал бұл бөлмеде бірінші класс оқушылары октябрияттар қатарына алынып, пионерлердің мойнына салтанатты түрде қызыл галстуктер тағылады, өндіріс озаттарына коммунистік еңбектің екпіндісі деген атақ беріледі. Сол сияқты аудандық газетте «В. И. Ленин мәдениет пен тұрмыс туралы», «В. И. Ленин еңбек өнімділігін арттыру туралы» деген материалдар да жарық көрді. Ленин ауданының Совет өкіметі жылдарында қол жеткен табыстарына газет бетінен көп орын берілуде. Осыған орай бірнеше очерк пен репортаж басылды. Мысалы, «Даладағы жалаулар» деген репортаж егін жинау озаттарының өнегесінен сыр шертті, «Өмір қуанышы» деген очерк бұрынғы майданшы, қазіргі үлгілі жұмысшы Мария Никифоровна Гречкоға арналды. Ал «Көсем атындағы көшенің адамдары» деген репортаж аудан орталығындағы Ленин көшесінде тұратын еңбек адамдарының, ардагерлердің ісі мен тұрмысынан, оқуынан, демалысынан сөз қозғайды.

Бірқатар газеттер еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу, халқымыздың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін насихаттау жөнінде тәуір материалдар беріп жүр.

Алайда облысымыздағы аудандық, қалалық газеттердің барлығы бірдей өз жұмысын КПСС Орталық Комитетінің былтырғы қаулысына сәйкес қайта құрды деп айту қиын. Кейбір газеттер өздерінің мазмұны

жағынан бүгінгі өскелең талаптар дәрежесінде емес, жергілікті өмірді үстірт жазады, оқушылармен, авторлармен байланысы нашар, жұртшылықты толғандыратын өзекті мәселелерді сирек көтереді. Кейде газет беттері облыстық, республикалық газеттердің, ҚазТАГ-тың материалдарымен толтырылады.

Мұндай кемшіліктерді ең алдымен Аманкелді, Жанкелдин, Наурызым аудандық газеттерінен байқаймыз. Мәселен, мерекелік социалистік жарыс тақырыбына Аманкелді аудандық «Тың шұғыласы», Жанкелдин аудандық «Жаңа өмір», Наурызым аудандық «Восход» газеттері тиісінше мән бермей отыр. Социалистік жарыстың маңызды принциптері — бұқаралығы, жариялылығы, озық тәжірибені көпшілік игілігіне айналдыру бұл аудандарда қалай жүзеге асырылып жатқанын аталған газеттердің беттерінен көре алмаймыз. Ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің жарысы үстірт, жадағай баяндалады, жекелеген материалдарда цифрлар мен фактілер көп те, нақты талдау жоқ. Қайсыбір мақалаларда еңбектегі ерлік нормалар мен жоспарларды орындауға келіп тіреледі де, колхоз, совхоз өрендерінің ішкі жан дүниесі, ой-мақсаты, коллектившілдік пен жолдастық қарым-қатынас ескерусіз қалады.

Бүгінгі таңда еңбек тәртібін нығайту — маңызды талаптардың бірі. Мұның өзі еңбекшілердің жалпы және өндірістік мәдениетінің өлшемі ғана емес, сондай-ақ олардың саяси-идеялық дәрежесінің де көрсеткіші екені анық. Амал не, Аманкелді, Октябрь аудандық газеттері бұл мәселені мүлдем қағажу қалдырған.

Партия ұйымдарының идеологиялық жұмысының жазылу жайы да мәз емес. Осы тақырыпқа арналған корреспонденцияларда іске асырылған шаралардың саны, оны өткізген адамдардың аты-жөні ғана көрсетіледі. Идеологиялық жұмыстың әсері, оның өмірмен байланысы сүренсіз баяндалады. Бірқатар редакцияларда идеологиялық және партиялық-ұйымдастыру жұмыс мәселелерін жазудың перспективалық жоспарлары жоқ. Социалистік меншікті талан-таражға салушылармен аудандық баспасөз жеткілікті күрес жүргізбейді. Осы арада айта кететін жәйт, облысымыздың көптеген аудандық газеттерінде өткір сын аз. Міне осының бәрі газеттердің өз оқушыларымен, ауыл-село тілшілерімен байланысы әлсіз екеніне, редакцияларға партия комитеттері тарапынан басшылық, көмектің жеткіліксіз екеніне дәлел.

Облыстық партия комитеті бұл кемшіліктерге қалалық, аудандық комитет секретарьларының, аудандық газет редакторларының назарын аударып, олардан газеттердің идеялық мазмұнын шұғыл жақсартуды, баспасөз бетінде принципті сынды өрістетуді талап етті. КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» қаулысына сәйкес облыстық партия комитетінің, қалалық, аудандық партия комитеттерінің нақты шаралар белгілегенін жоғарыда айттық. Міндет — осы шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру, аудандық баспасөзге партия басшылығын жақсарту беру.

Н. КЕМЕШЕВ,

Қостанай облыстық партия комитеті
насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

ЛЕНИНДІК ТАҚЫРЫП ГАЗЕТ БЕТТЕРІНДЕ

Басты нысанамыз

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесін лайықты еңбек табыстарымен қарсы алу үшін кәсіпорындардың, құрылыс, транспорт ұйымдарының, совхоздар мен колхоздардың коллективтері өздеріне жоғары социалистік міндеттемелер қабылдап, қазір бұларды ойдағыдай орындау үшін күрес жүргізуде. Партия ұйымдары лениндік идеялық мұраны насихаттау жөнінде зор жұмыс атқаруда. «Ленинше өмір сүріп, ленинше жұмыс істейік» деген ұран бұл күнде барлық жерді қамтып отыр.

Ұлы көсемнің мерекесіне әзірлік баспасөз органдарына үлкен міндет жүктейді. Бұл міндетті Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетінің редакциясы қалай орындап отыр дегенге келетін болсақ, бұл жөнінде бірсыпыра істеріміз бар. Ең алдымен айтарымыз, лениндік тақырып — біздің ең басты әрі ең қасиетті тақырыбымыз. КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысы жарыққа шырысымен, редакция осы документті басшылыққа ала отырып, кең көлемді әрі нақты жұмыс жоспарын жасады. Онда ұлы көсемнің өмірі мен революциялық қызметін кеңінен көрсету, оның теориялық мұрасын терең насихаттау, марксизм-ленинизм идеяларын жүзеге асыру жолында Коммунистік партияның жүргізіп отырған күресін көрсету мәселелері қамтылды. Біздің жасаған жоспарымыз облыстық партия комитетінде мақұлданды.

Осы тақырыпқа арналған алғашқы номерімізді «Ленинше жұмыс істеп, ленинше өмір сүрейік» деген жалпы ұранмен ұйымдастырдық. Бұл номер лениндік еңбек вахтасының бір күніне арналды. Бірінші бетте «Қасиетті есім» деп атап, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлікке байланысты бас мақала берілді, еңбек рапорттары, жер-жерден хабарлар жарияланды. Ал газеттің екінші бетіне «Лениннің өсиетімен» деген жалпы тақырып қойылып, еңбек адамдарына — өндіріс озаттарына сөз берілді. Ленин мерекесіне байланысты қабылданған міндеттемелердің орындалуына байланысты аудандар, жеке совхоздар мен кәсіпорындар жөнінде осындай беттер беруді ойластырып отырмыз.

Газет тек мұнымен ғана шектеліп отырған жоқ. Ленин мерекесіне байланысты материалдарымыз номер сайын беріліп тұрады. Бұл материалдар жүйе-жүйеге бөлініп, белгілі рубрикамен, рет-ретімен жарияланады. Газетімізде «Лениндік гвардияның ардагерлеріне сөз береміз», «Олардың есімі мәңгі ұмытылмайды», «Жаңа өмірдің нұры», «Ленин ісі — насихат желісі» деген бірнеше жаңа бөлімдер пайда болды. Есіл өңірінде Совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан ардагерлер, революционерлер туралы, Ленин өсиеттерінің қалай орындалып жатқаны жөнінде мақалалар, естеліктер, очерктер, документтер жиі жарияланбақ.

«Коммунизм нұрының» редакциясы лениндік тақырыпты жазуға жергілікті авторларды неғұрлым көбірек қатыстыруға ерекше назар аударып келеді. Осы мақсатпен редакцияның жанынан тоғыз адамнан арнаулы авторлар советі құрылды. Советті Целиноград педагогикалық институты марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты Б. Сүлейменов жолдас басқарады. Авторлар советінің құрамына Целиноград медициналық институты марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты Б. Сұңқарбеков, инженерлік-құрылыс институтының аға оқытушысы, экономика ғылымының кандидаты А. Қазиев, ауыл шаруашылық институты философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты С. Үсенов, Қазақстан КП облыстық комитеті лекторлар тобының жетекшісі, тарих ғылымының кандидаты Н. Камайданов, жергілікті жазушылар, музей, архив қызметкерлері енді. Авторлар советі де редакцияның насихат бөлімімен бірлесе отырып, нақты жоспар жасады. Совет ұсынған тақырып бойынша жазылған бірнеше мақала жарық көріп те үлгірді.

Мәселенің ең негізгісі де бастысы — бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау, сөйтіп көсем тойына жаңа еңбек табыстарымен бару, мол сыбаға тарту деп білеміз. Сондықтан да газет лениндік еңбек вахтасын көрсетуге ерекше назар аударады. Біздің әрбір номеріміз «Лениндік еңбек вахтасымен» ашылады десек, асырып айтқандық емес. Рас, бұлардың дені хабарлар. Сонымен бірге кәсіпорын, совхоз, колхоз басшыларына, мамандарға, еңбек адамдарының өздеріне жиі-жиі сөз беру дәстүрімізге айналып келеді.

Ленин мерекесіне байланысты облыс еңбекшілерінің көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдағанын жоғарыда айттық. Міне осы міндеттемелердің орындалуын газетіміз үнемі қадағалап отырады. «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай» деген рубрикамен аудан басшыларына, партия, совет органдарының қызметкерлеріне

үнемі сөз беріліп тұрады. Мысалы, Қорғалжын ауданындағы «Кеңбидайық» совхозы партия комитетінің секретары А. Жүнісов, Балқашин ауданындағы «Максимовский» совхозы партия комитетінің секретары М. Хасенов, Вишнев аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ф. Шкурко, еңбекшілер депутаттары Шортанды аудандық Советі атқару комитетінің председателі Ш. Рахымжанов және басқа жолдастар осы тақырыпқа арнап мақалалар жазды, өздерінің ой-пікірлерін, ұсыныстарын ортаға салды. Газет өзінің бұл рубрикасын мерекеге дейін жалғастыра бермек.

В. И. Лениннің идеялық мұрасын, маркстік-лениндік теорияны кеңінен насихаттау — абзал борыш. Газетімізде «Ленин ісі — насихат желісі», «Саяси хабаршылар мен үгітшілерге көмек», «Миллиондардың лениндік мектебі» деген рубрикамен көптеген материалдар жариялап келеміз. Олардың ішінен Ерейментау ауданындағы Фрунзе атындағы совхоз партия комитетінің секретары Т. Сәдуақасовтың «Партия жігерді шындай түсуде», «Білім» қоғамы облыстық бөлімшесінің жауапты секретары М. Шалабаевтың «Ең өзекті тақырып», Целиноград инженерлік-құрылыс институтының аға оқытушысы Л. Борошенконың «Партиялық насихаттың лениндік принциптері», облыстық саяси ағарту үйінің лектор-консультанты Т. Кимнің «В. И. Ленин — насихаттың асқан шебері», философия ғылымының кандидаттары Т. Дәуітов пен Ф. Ақмамбетовтың «Ленин қазақтың ұлттық мемлекетін ұйымдастырушы және орнатушы», тарих ғылымының кандидаты Б. Сүлейменов пен заң ғылымының кандидаты А. Бектібаевтың «Ұлт мәселесінің лениндік программасы» деген және басқа мақалаларды атап айтқан жөн. Редакция жоспарында мұндай мақалалардың тақырыптары мен авторлары нақты белгіленген, сөйтіп бұдан былайғы жерде дәйекті түрде жарияланып тұрмақ. Ал «Миллиондардың лениндік университеті» деген рубрикамен маркстік-лениндік теорияны терең үйрену мәселелеріне арналып берілетін беттер, бөлімдер, мақалалар өз алдына.

В. И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметін неғұрлым толығырақ көрсету де — абыройлы іс. Бұл жөнінде естеліктер жариялаудың, Ленинді көрген революция ардагерлерін сөйлетудің, ұлы көсем болған жерлерден материалдар ұйымдастырудың мәні зор. Осыған орай газетіміз Жаңалық баспасөз агенттігі ұйымдастырып берген Н. К. Крупскаяның «Ленин туралы естеліктерін» аударып басты.

Ұлы көсемнің болған жерлерінен мақалалар, репортаждар, очерктер жарияламақпыз, суреттер баспақпыз. Өзіміздің қызметкерлеріміз де, жергілікті авторлар да Москва, Ленинград сияқты қалаларға барып, Ленин туралы материалдар жазды. Мысалы, целиноградтық журналистер Н. Имамов, Қ. Сұлтанов, тарихшы Қ. Елеуқұлов және басқалар Москва мен Ленинградтың музейлерінен, В. И. Лениннің кабинетінен және көсем болған басқа да тарихи жерлерден жақсы-жақсы мақалалар мен репортаждар берді. «Коммунизм нұрының» редакциясы СССР Журналистер одағының облыстық бөлімшесімен бірлесе отырып, жергілікті журналистерді, авторларды В. И. Ленин болған тарихи жерлерге әлі де болса жіберіп тұрмақшы.

Облыс партия ұйымдары лениндік оқу ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды. Әсіресе Макин, Ерейментау, Алексеев аудандарының партия ұйымдары бұл жөнінде басқаларға өнеге боларлықтай жұмыс істеп отыр. Мысалы, март айының аяқ шенінде Макин аудандық партия комитеті Никольское селосында лениндік оқу өткізді. Оқудың тақырыбы — мәдени революция идеяларының салтанаты. Бұл жайында Қазақстан КП облыстық комитетінің бірінші секретары Николай Ефимович Кручина жолдас баяндама жасап, Совет өкіметі жылдарында осы өңірде болған таңғажайып өзгерістер туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Патшалық Россияның ең артта қалған шет аймағындағы бұрынғы Никольское селосы мен қазіргі Никольскоены мүлде салыстырып болмайды. Революцияға дейін шіркеуден басқа оңған бір үйі жоқ селода қазір еңсесі биік клубта, кең мектепте, мыңдаған том кітаптары бар кітапхана да, аурухана да бар. Тыңның машина сынау станциясы да осы селого орналасқан. Лениндік оқуда Целиноград ауыл шаруашылық институтының ректоры профессор М. Гендельман, селода Совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан И. Белоносков, селолық Советтің председателі М. Демьянова, машина сынау станциясы тәжірибе шаруашылығының үшінші механикаландырылған отрядының бригадирі Ж. Исабеков және басқалары сөйледі. Село тұрғындары лениндік оқуға риза болды. «Коммунизм нұры» осыған орай «Мәдени революция идеясының салтанаты» деген жалпы тақырыппен арнайы бет берді.

Газеттің биылғы 22 апрельдегі номерінің данышпан көсемнің туған күніне арнап жыл сайын шығарылатын номерлерден кейбір ерекшелігі болды. Бұл номерімізде Есіл аудандық партия комитетінің секретары Б. Хасеновтың «Ұлы күнге — үлкен әзірлік» деген мақаласы, журналист жазған публицистика, халықтар достығына арналған теориялық мақала және басқа материалдар берілді. Мұндай материалдар жыл сайын да жарияланатын. Ал жылдағыдан бір ерекшелігіміз, Лениннің жүз жылдық мерекесіне орай редакция Ульяновскіден хаттар сериясын ұйымдастырып, соның алғашқысын бастық. Бұл жұртшылық қызыға оқитын материал болып шықты.

Тағы бір жаңалығымыз — редакция В. И. Ленинге арнап газет оқушыларының хаттары бойынша беттер ұйымдастыруды жоспарлады. Осыған байланысты 22 апрельдегі номерімізде газет оқушыларына анкета ұсындық. Онда қойылған негізгі сұрақтар мынадай: В. И. Лениннің туған күніне еңбек тартуының ең тәуірін не дер едіңіз? Ленинше еңбек етіп, Ленинше өмір сүрудің мәні не деп түсінесіз? В. И. Ленин туралы баспасөзден не оқығыңыз келеді? Осы анкета бойынша редакцияға жер-жерден хаттар

келіп түсе бастады. Бұл хаттар бойынша Ленинге арнап ай сайын бір бет жариялап отырмақпыз.

Әрине, Ленин мерекесіне байланысты біздің редакция істейтін жұмыс тек осы айтылғандармен шектеліп қалмайды. Мерекеге дейін бірсыпыра уақыт бар. Күнделікті жұмыс үстінде жаңа ойлар, творчестволық жоспарлар туындап жатары сөзсіз. Солардың ең тәуірін алып, газетке іріктеп беріп отыру — басты нысапымыз.

Ә. ИПМАҒАМБЕТОВ,
Целиноград облыстық «Коммунизм нұры»
газетінің редакторы.

Лениндік еңбек вахтасы

...Осы бір таң желсіз де борансыз шынылтыр аязбен атты. Күндегі әдеті бойынша Қойшыбай Насыратдинов бүгін де ерте тұрды. Қора жанындары биік төбешікке шықты. Ауа райы бірқалыпты, онша ештеңе сезіле қоймады. Отарды қысқы жайылымға алып шыққысы келген ойын аға шопанға білдіріп еді. Ұсыныс мақұлданды. Таудың ауа райы да бала мінезді қызық қой, түс ауран шақта жел көтерілді де, Мұғаджар тауының басынан қарлы бұлт шыға келді. Жаңағыдай болмай-ақ, тау қойнауын боран иықтап алды. Аппак ақ теңіз боран ішінде комсомолец-шопан Қойшыбай Насыратдинов желмен ығып кете барды. Бұл кезде түннің қою қаранғылығы түсіп кеткен еді. Шопан бағдардан айрылып қалды.

Сол бір көзге түртсе көрінбейтін боранды түнде Қойшыбайдың құлағына талып әйел даусы әрең жетті. Бие сауым уақыт өтпей-ақ аға шопанның әйелі Ақкенжемен кездесті ол. Ананың арқалағаны бар. Ол алты жасар қызы Баян болып шықты. Ана боранның көтерілгенін біліп, отарды қыстаққа қайырысып келуге өріске шығады. Үйде ешкім болмаған соң Баянды жетектеп жүре береді. Міне олар демалыссыз, ас-сусыз табиғат дүлейімен үш тәулік жекпе-жек арпалысты. Ақкенже Баянға екінші күні үстіндегі шолақ тонын шешіп кигізді. Тау қысы адам алдында бас иді. Совхоз отары апаттан аман қалды.

Лениндік еңбек вахтасына тұрған комсомолец жас шопандар Қойшыбай мен Ақкенженің ерлік еңбегіне арнап Шалқар аудандық «Коммунизм таңы» газеті «Адамнан боран тайсалды» деген тақырыппен М. Асанов жолдастың очеркін берді. Газет оқушылары Ақкенже мен Баянның тағдырын сұрап, редакцияға көптеп хат жазды. Себебі, ана мен бала осы оқиғадан кейін ауруханаға алынған-ды. Біз оқушыларымызға ана мен баланың денсаулық жағдайын үзбей газет арқылы баяндап тұрдық. Оларды ауруханадан шығарарда суреттерін, емдеуші дәрігердің интервьюін бастық.

Әрине, біз ұлы көсемнің мүшелді мерекесі қарсаңындағы аудан еңбеккерлерінің еңбек вахтасын газетте кеңінен насихаттау үшін ең алдымен КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысын өз коллективімізде талқыладық. Мұнан кейін Ленин идеяларын, ленинизм салтанатын және бұл мүшелді той құрметіндегі социалистік жарысты насихаттау мақсатында шаралар белгіледік.

Осыдан көп ұзамай аудан совхоздарының, темір жол транспорты, Бұхара — Урал газ желісі коллективтерінің лениндік мереке құрметіне алған социалистік міндеттемелерін жарияладық. Мұнан соң газеттің бетінде «Аудан лениндік еңбек вахтасында», «Ленинше еңбек етіп, өмір сүрейік!», «Бүгін коммунистік еңбек бригадаларында», «Ленин біздің жүрегімізде» деген рубрикалар тұрақты орын алды. Газеттің міндеті, әрине, тек коллективтердің міндеттемелерін жариялап қоюмен бітпек емес. Енді сол міндеттемелер қалай орындалып жатыр, ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстың жайы қандай, міне осыларды жазу талабы тұрды. Бұл үшін «Бүгін жарысушы шаруашылықтарда», «Коммунизм таңы» газетінің озат тәжірибе мектебі», «Маман трибунасы», «Экономика тақырыбына», «Жұмысшы ұсыныс жасайды» деген рубрикалар газет бетіне шықты.

Шалқар ауданы негізінен мал шаруашылығымен, оның ішінде қой өсірумен айналысады. Ауданның алты миллион гектар жерді алып жатқан шөл-шөлейт аймағында осы заманғы техникамен жабдықталған тоғыз совхоз, Бұхара — Урал газ желісінің төрт компрессор станциясы, Қазақ темір жолының отыздан астам елді мекендері орналасқан. Бұл елді мекендердің басым көпшілігі электр қуатын пайдаланады, аудан халқының 70 проценті телевизор көреді. Осы бір өңірде Совет Одағының отыздан астам ұлтының өкілдері еңбек етеді. Міне осындай халықтар достығын, ынтымақты еңбегін, жарасқан тұрмысын, лениндік ұлт саясатының жемісін көрсету — газеттің қасиетті борышы.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысынан кейін «Лениндік еңбек вахтасының бір күнінен ойдағы репортаж» деген рубрикамен газеттің арнаулы номері екі бояумен шығарылды. Номер жергілікті еңбек адамдарының бір күнді қызметіне арналды. Номерде оннан астам еңбек адамының суретін бастық. Сондай-ақ газет жанрлары да мол пай-

даланылды. Газеттің келесі бір номерінде негізінен лениндік идеялардың Шалқар топырағындағы нұр шұғыласы сөз болды. Қаланың байырғы тұрғыны, азамат соғысының ардагері Д. Гражданкин жолдастың «Дәстүр» деген суреттемесі, «Сол бір кезде», «Бүгінгі таңда» деген подборкалар берілді. Бұларда 1918 жылы Шалқар төңірегінде не болды, сол бір кезде аудан жағдайы қалай еді, міне осылар жайлы айтыла келіп, ауданның бүгінгі өмірі, мәдени өрісі кең баяндалды.

«Лениндік идеяның салтанаты», «Ленин және Октябрь», «Ленинше жұмыс істеп...» деген номерлер мен бөлімдер аудан еңбеккерлерінің лениндік вахтасын көрсетуге арналды. Газет оқушылары Қазақстан КП аудандық комитетінің секретары Б. Оразовтың «Ленин мерекесі және партия ұйымдары», «Шетырғыз» совхозы партия комитетінің секретары Қ. Есенқұловтың «Коммунистер лениндік еңбек вахтасында», «Сарыбұлақ» совхозы партия комитетінің секретары Т. Кенжебаевтың «Сарыбұлақтықтардың межесі», аудандық оқу бөлімінің инспекторы Ш. Жолдасбаевтың «Ұстаздар Ленин мерекесі қарсаңында» мақалаларын ұната қабылдады.

«Коммунизм таңы» аудан еңбеккерлерінің лениндік вахтасын насихаттаумен қатар оларды саналы еңбекке тәрбиелеу проблемасын да бір сәт естен шығармайды. «Үстірт, апрель, 1968» деген очеркте Шалқардың Бозой өңіріндегі табиғи газын өндіріске беру үшін шөл далада еңбек етіп жатқан совет жұмысшы табының қаһарман бір отрядының ерлігі баяндалды. Ал «Борсықтағы нұр» деген очеркте шөл-шөлейт аймақта шаңырақ көтерген «Тоғыз» совхозы жұмысшыларының қажырлы күресі суреттелді. Бұл очеркте салыстырмалы деректер де бар. Совхоздың орталық мекені орналасқан Шілікті өңірінде 1901 жылы қазақтың педагог-жазушысы Спандияр Көбеев ұстаздық еткен. Ол кейін жазған «Орындалған арман» атты кітабында бұл өңір жайын сөз ете кеткен. Міне осындай фактілер оқушыларды қызықтырғаны даусыз.

«Аудан лениндік еңбек вахтасында» деген рубрикамен ашылған газеттің бір номерінде «Ленин идеялары — бұқараға» деген бас мақала берілді. Сол сияқты бұл номерде шопанның, ұстаздың, инженердің, жұмысшының, экономистің, дәрігердің Ленин вахтасы құрметіне социалистік жарыста алған міндеттемелерінің қалай орындалып келе жатқанын баяндайтын материалдар бар еді.

КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» қаулысы жарияланғаннан кейін «Бүгінгі сөз газет жанашырларына беріледі» деген рубрикамен арнаулы номер шықты. Мұнда газеттің 33 авторы сөйледі. Сонымен қатар жұмысшы, ауыл-село тілшілерімен, авторлармен байланыс күшейді. «Коммунизм таңы» соңғы үш жылда өз тілшілері мен авторларынан жеті мыңға жуық хат алды. Биылғы жылдың үш айында ғана жеті жүздей хат түсті. Оның 90 проценттейі газетте жарияланды. Мұның бәрі газеттің тиражын өсіруге септігін тигізіп отыр.

Аудандық газет аға ұрпақтың революциялық, жауынгерлік, еңбек дәстүрлерін насихаттау жөнінде бірқатар жұмыс жүргізіп келеді. Шалқар қаласында Әліби Жанкелдиннің аңызға айналған жорығы аяқталғаны мәлім. Ә. Жанкелдиннің міне осы жорығына «Мылтықтар түйе қомында келе жатты» деген тақырыппен очерк берілді. Ауданның қызыл ізшілері мен редакция қызметкерлері В. И. Ленинге Шалқар жұмысшылары жолдаған хаттардың текстін тауып алып, зерттеуде. Шалқардағы алғашқы сенбілікке арналып бөлім ұйымдастырылды. Мұнда В. И. Лениннің «Ұлы бастама» деген данышпан еңбегінің идеялары насихатталды.

«Коммунизм таңының» арнаулы тілшісі Москвада болып, «Көсем еңбек еткен жерлерде» деген очерктер циклін жариялады. Жастарды Ленин идеялары рухында тәрбиелеуге арналған 13 бет берілді. Мұнда азамат соғысына қатысқан, одақтық дербес пенсионер И. Доценко, азамат соғысының ардагері Ж. Мекебаев, Социалистік Еңбек Ерлері А. Тихонов, Ж. Дүйісов, С. Маманов жолдастар мақалалар жазып, аға ұрпақтың ерлік істерін жастарға үлгі етті.

«Коммунизм таңының» редакциясы алдағы уақытта да Ленин идеяларының, лениндік ұлт саясатының Шалқар даласында нұр шашуын кеңінен көрсете бермекші.

Т. ТӨРЕХАНОВ,
Шалқар аудандық «Коммунизм таңы»
газетінің редакторы.

Ақтөбе облысы.

Ізгі мақсат, игі тілек

Ұлы Ленин күніне ең татымды, ең лайықты сый — қалың жұртшылықтың жалындаған жігері мен шалқыған шабытынан туған игілікті еңбек жемісі. 1968 жылы аудандағы 10 колхоздың барлығы мемлекетке астық сату жөніндегі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шықты. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары қой-ешкі мен ірі қарадан асыра орындалды. Биылғы жылдың бірінші тоқсанының сүт тапсыру жоспары да көзделген нысанадан асып түсті. Даңқты мереке құрметіндегі социалистік жарыста Ленин, Энгельс, Крупская, Октябрьдің 40 жылдығы, Абай атындағы шаруашылықтар үздік шығып, жүлдегер атанды. Міне осы сияқты елеулі табыстар «Аудан еңбеккерлері лениндік еңбек вахтасында» деген рубрикамен «Советтік шекара» бетінде үзбей жарияланып келеді. Шаруашылықтарда дәнді дақылдардан жыл сайын жоғары өнім алып келе жатқан Ә. Болатбаев, Қатубаев, Т. Байсынов, И. Атагелдиев сияқты озат диқандар, отарындағы әр жүз саулықтан 120—131-ге дейін қозы өсірген О. Тастандиева, Қ. Үмбеталиев, Ә. Мекебаев, Ә. Шүкеев сияқты таяғы құтты шопандар, техника ісін жетік білетін А. Ботанбеков, Қ. Анаятов, Ә. Мажыраев сияқты механизаторлар аз емес. Міне бұлардың Ленин мерекесіне тарту еткен, ерлікке тең еңбек жемістері де «Алғы шептің адамдары», «Озаттардан өнеге ал» деген рубрикамен көрсетілді.

Марксизм-ленинизм идеяларын ту етіп ұстаған Коммунистік партия өз Отанына, өз халқына шексіз берілген талай-талай тамаша тұлғаларды тәрбиеледі және тәрбиелеп келеді. Аудандық газет бетінде сол жауынгерлік жолдан өткен аға буын өкілдерінің, от-жалынды көп кешкен ауыл ардагерлерінің өмір соқпақтары, өнегелі істері үнемі көрсетіліп келеді. Мәселен, ауданда Сауранбаев Сұраншы деген қарт коммунист бар. Ол 1920 жылы партия қатарына өтіп, Нарынкол ауданында тұңғыш партия ұяларын ұйымдастыруға, алғашқы бастауыш мектептерді ашуға ат салысқан, отыз жылдай басшы партия, совет қызметінде болған адам. Міне осындай ауыл ардагерлерінің күреске, ерлікке толы өмір жолын кейінгі толқын — жас коммунистерге, жалпы еңбеккерлерге өнеге етіп көрсету үшін «Отты ұяда өскендер», «Қарт еңбегін қадір тұт» деген рубрикалар ашылды. Бұл рубрикалармен берілген материалдарда Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты М. Мүсірәлиев, қарт коммунистер Б. Дүкенбаев, А. Тұрықбаев, А. Алпысбаев, Ә. Нұрлыбеков, Қ. Шарифуллин, Е. Оспанова, Ш. Керімбаев, Ж. Қалымбетов, М. Рысқұлов туралы, олардың еңбек жолы туралы келелі әңгіме болды.

Ұлы Октябрьден бұрын сай сағалап, жыра жағалап, қайыршылық тұрмыста қалтқұлт етіп күн кешкен кедей шаруалар, жарлы жалшылар Совет өкіметінің, ұлы Лениннің арқасында бақытты өмірге кенелді. Олардың күс басқан қуатты қолдары көптеген қымбат көмбенің көзін ашып, бұғулі жатқан байлықтың буырқанған бұлағын ағытты. Бүгінгі колхоз — дәулетіне сәулеті жарасқан шалқар шаруашылық. КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы октябрь Пленумы оны тағы бір биік белеске көтерудің шараларын белгіледі. Лениндік еңбек вахтасына тұрған Крупская атындағы колхоздың ұйымшыл коллективіне редакция «Ауылдың алуан сыры бар шертілер әрбір жүректен» деген жалпы тақырыппен өзінің бір номерін арнады. «Колхозымызда 600-ден астам семья бар, солардың барлығы бақыт құшағында десем, артық айтқандық болмайды. Халықтың мұншама көсегесін көгерткен күдіретті күш — ұлы Ленин, ол ұйымдастырып, шындаған Коммунистік партия. Сондықтан да бұл есім әр жүректің төрінде, — дейді колхоз председатели Р. Әріпов жолдас. — Үш жылдан бері шаруашылықтың барлық түрінен алынатын өнімді үнемі асыра орындаудамыз, 1950 жылмен салыстырғанда 1967 жылғы ақшалай табыс 30,8 есе, ал бөлінбес қор 45 есе өсті. Ауылымызда Социалистік Еңбек Ері Тұрысбек Жұрқабаев, мал өсірудің майталманы Оқан Тастандиева сияқты әйгілі адамдар еңбек етеді. Талаптың тас қиясына қанат қағып, ғылым қуған М. Саяков, Қ. Манапов тәрізді үмітті жастарымыз кандидаттық диссертация қорғады. Қазір ауылдың екі жігіті мен екі қызы аспирантурада, 40-тан астам тұлғі Москва, Ленинград, Алматы, Ташкент қалаларындағы институттарда оқиды».

Бұрынғы ауыл басшылары, еңбек майталмандары Т. Жұрқабаев, Е. Жалқыбаев, Б. Қойшыманов, И. Нүсіпбеков сынды қариялар колхоздың кешегісін ойға түсіріп, бүгінгі шыққан биігіне сүйсінсе, О. Тастандиева, Қ. Қашқынбаев, Ш. Мәкімов, А. Мұқанманов, Қ. Сәрсәбаев секілді еңбек ерлері даңқты күннің құрметіне тартар татымды сыйларын сөз етті.

Аудандық газет «Ұлы Ленин идеясы — өмірдің шұғыласы» деген жалпы тақырыппен өзінің таяудағы бір номерін елімізді электрлендірудің үздік жетістіктерінің бір қиырдағы біздің ауданның нақты мысалдары арқылы көрсетуге арнады. — Электрдің келтіріп отырған ерен пайдасын біздің ауданымыз өмірінен айқын көруге болады, — деп жазды аудандық Совет атқару комитеті председателинің орынбасары А. Бекмұхамбетов жолдас өзінің «Жүзеге асқан арман» деген мақаласында. — Бәрімізге белгілі, бұрын бұл жер қараңғылық тұмшалаған меңіреу түкпір еді. Совет өкіметі орнағаннан кейін ғана түн түнегі серпіліп, өмірімізді күндей шұғыла шалды. Ауылдарымызға біртіндеп электр келді. Уақыт өткен сайын кішкене движоктарды шағын су

электр станциялары ауыстырды. Ал 1962 жылдан бері 1 100 киловаттық Текес су-электр станциясы қуат бере бастады. Биыл барлық колхоз электрлендірілген жаңа қырымдарды монтаждауды аяқтады. Астық түсіру, кептіру, тиеу сияқты көптеген жұмыс түрлері электр қуатымен жүргізілді.

Сөйтіп ауданымыз жаппай электрлендіріліп отыр. Әрбір колхоз, ондағы әрбір тұрғын үй, мектептер мен мекемелер, көше бойлары Ильич нұрына бөленген. Тянь-Шань төсі түнде сансыз жұлдыздарға толып, күміс көлдей толқып тұрады. Осы арнаулы номерде Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхоздың председателі Ә. Құмғанбаев, аудандық әйелдер советінің председателі К. Манабаева, Киров атындағы колхоздың диканы И. Атагелдиев, нан пісіруші Е. Дүйсенова, аудандық емхананың рентгенологы М. Ілімбаев, аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының бас инженері А. Мұсабеков, тағы басқалары өз табыстарын, өз қуаныштарын ортаға салды, данышпан көсемге, Коммунистік партияға, ақ жүректен шыққан алғыс сезімдерін білдірді.

Біздің елімізде әр жылдың 22 апрелін ардақ тұтпайтын адам жоқ. Өйткені бұл — кеменгер көсеміміз Владимир Ильичтің туған күні. Біздің аудандық газет бұл күннің құрметіне арнаулы номер шығарды. Оның ішкі беттері «Ұлы Ленин идеясы — өмірдің шұғыласы» деген жалпы тақырыппен аудандағы ең озық шаруашылық — Ленин атындағы колхоздың бүгінгі келбетін бейнелейді.

Газет жоспарында бұдан басқа да айтулы тақырыптар бар. Биыл жоғарыда аталған «Ұлы Ленин идеясы — өмірдің шұғыласы» деген жалпы тақырыппен колхоз құрылысының жеңісі, советтік демократияның салтанаты, совет әйелдерінің бақыты жөнінде арнаулы номерлер шығармақпыз. Көп ізденуді, көп еңбектенуді керек ететін бұл номерлерді шығаруға мұқият әзірленудеміз.

«Советтік шекара» бетінде ұлы Лениннің еңбектерін, идеялық мұрасын, өмірі мен революциялық қызметін насихаттап отыру үшін «Оқы, оқы және оқы», «Ұрпақ тәрбиесі — ұлы борыш» деген рубрикалар ашылған еді. Бүгінге дейін бірсыпыра қызықты материалдар берілген бұл рубрикаларды бұдан былай да жалғастыра бермекпіз.

Қорыта айтқанда, лениндік тақырып — біздің басты тақырыбымыз. Редакция коллективінің ізгі мақсат-мұраты бұл тақырыпты жақсы жазуда болып отыр.

Ә. МЕЙІРБЕКОВ,
Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінің редакторы.

Алматы облысы.

ГАЗЕТ ЖАНРЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ОҚУЛЫҚ

КПСС Орталық Комитетінің XXIII съездегі есепті баяндамасында: «Партияның тамаша кадрлары — насихатшылары, үгітшілері, журналистері, телевизия, кино, радио, театр қызметкерлері бар. Бұлар — шын мәнісінде партияның алтын қоры, бұларды сақтау керек, қамқорлықпен өсіріп, дұрыс пайдалану керек» делінген. Расында да Коммунистік партия мен Совет үкіметі баспасөзге, журналистерге әрдайым қамқорлық көрсетіп келеді.

КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» өткен жылғы қаулысы — сол қамқорлықтың тағы бір айғағы. Әр кездегідей, бұл қаулыда да журналистер кадрларын тәрбиелеуге, даярлауға баса көңіл бөлінді. Атап айтқанда, Москва, Ленинград университеттері мен басқа да университеттердің журналистика факультеттеріне адам алуды көбейту, баспасөз қызметкерлеріне көмек ретінде шағын кітапханалар әзірлеп, басып шығару тапсырылды, сондай-ақ жергілікті журналистердің мамандығын жетілдіру партия комитеттерінің, СССР Журналистер одағының және оның бөлімшелерінің төл міндеті екені көрсетілді.

Осы тұрғыдан жақында шыққан «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары»¹ деген оқулықтың пайдасы мол. Бұл еңбектің авторы — филология ғылымының кандидаты, доцент Т. Амандосов. Университеттің журналистика факультетінің оқу жоспарына сай жарық көрген бұл оқулық оның авторының қазақ совет баспасөзі тәжірибесін ұзақ жылдар бойы зерттеуінің, жиырма жыл ішінде оқыған лекцияларының негізінде жазылған.

Алайда, бұл оқулықтың пайдалану шеңбері университеттің журналистика факультетімен ғана шектеліп қалмақ емес. Қазір қазақ журналистерін даярлаудың өрісі ұлғайды. Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика бөлімі факультет болып қайта құрылды, оның күндізгі және сырттан оқитын бөлімдері бар. Сонымен қоса баспасөз, радио, телевизия қызметкерлері Алматы Жоғары партия мектебі арқылы да даярланады. Алматы Жоғары партия мектебі жанынан, сондай-ақ жергілікті жерлерде ашылған курстарда баспасөздің төменгі буынында қызмет атқаратын қаламгерлердің үлкен легі жылма-жыл білімдерін толықтыруда. Міне баспасөз, радио мен телевизия кадрларын даярлайтын, олардың білімін жетілдіріп, қаламын ұнтай түсетін осы орындардың қай-қайсысында болсын аталған оқулықтың кеңінен пайдаланылатыны сөзсіз.

Автор өзінің оқулыққа жазған кіріспесінде былай дейді: «Баспасөздің түрлі жанрлары, олардың теориясы жөнінде ана тілімізде әлі күнге дейін елеулі ештеңе жоқ екені журналистер қауымына белгілі. Екіншіден, орыс тілінде бірнеше кітапшалар мен оқу құралдарының баспадан шыққанына да бес-он жылдан асып кетті. Сонымен орыс тілінде де бұл жөнінде әріден қалыптасып, белгілі бір жүйеге салынған күрделі еңбек немесе тұрақты, көңіл аударарлық оқулық әзір жазылып, жарық көре қойған жоқ».

Оқулық он тараудан тұрады. Кітаптың «Тақырып және мазмұн» атты тарауы бәріне ортақ жайды қамтиды да, қалған тоғызы қазақ совет баспасөзіндегі заметка, есеп (отчет), репортаж, интервью (әңгімелесу), корреспонденция, мақала, бас мақала, рецензия, шолу сияқты жанрларға жан-жақты талдау жасайды. Осы арада байқаған бір мініміз — оқулыққа баспасөздің негізгі де күрделі жанрлары — очерк пен фельетонның кірмей қалуы. Автор мұны былай түсіндіреді: «Бұл кітапқа баспасөз жанрларының екеуі (очерк пен фельетон) ғана енгізілген жоқ. Қазақ мемлекет баспасы 1964 жылы шығарған «Газет жанрлары» деген кітапта очерк және фельетон жанры біркелкі толық берілген. Сондықтан бұл екі жанрды тағы да осы жерде қайталауды жөнсіз көрдік».

Мұнымен келісуге болмайды. Аталған шарып кітап журналистер қауымына жақсы таныс. Ондағы «Очерк» пен «Фельетон» тараулары осы жанрлар тарихын, теориясын мен практикасын шұқшия зерттеп жүрген ғалым-журналистер қаламынан туғанын білеміз де. Алайда сол жанрлар жайлы екінші бір ғалым-зерттеушінің ойларымен танысқанымыз теріс болмас еді. Оның үстіне баспасөз жанрлары туралы ең соңғы

¹ Т. Амандосов. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары. Журналистика факультетіне арналған оқулық. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы білім министрлігі бекіткен. «Мектеп» баспасы, 1968 ж.

шыққан оқулықты қолына алған оқушыны басқа бір кітапқа жөндей салудың реті жоқ еді. Бұл кемістік оқулықтың келесі басылымында сөзсіз ескеріліп, түзетілуге тиіс. Ал келесі басылымның көп кешікпей-ақ қажет болары сөзсіз. Өйткені оқулықтың тым шағын тиражы (2 100 дана) кең-байтақ республикамыздағы журналистердің үлкен армиясы мен ауыл-село тілшілерін, журналистика факультетінің студенттері мен партия мектебінің тыңдаушыларын мүлде қанағаттандырмайды.

Баспасөздің күнделікті тәжірибесінде хабар жанрларының көрнекті орын алатыны белгілі. Сондықтан да Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ В. И. Ленин: «Коммунистік құрылыстың ең қарапайым, бірақ өмірден алынған, өмірмен тексерілген жанды фактілеріне көбірек көңіл бөліңсін» деді. Партияның Орталық Комитеті 1921 жылы «Жергілікті газеттердің программасы туралы» деген нұсқау хатында «өмірден қол үзген дерексіз, ұзақ сонар жалшылама насихаттан гөрі фактімен насихаттау әдісі басым болуы керектігін» мерзімді баспасөз қызметкерлерінің есіне салды.

Осыған орай оқулық авторы да баспасөз жанрлары туралы зерттеулерін хабар жанрларынан бастайды. Оның заметка, есеп (отчет), интервью (әңгімелесу), репортаж сияқты жанрларын кең қозғайды. «Оперативтілік — хабар жанрының бұлжымас заңы, — дейді автор. — Ізі суымаған жаңалық, оперативтілік, дер кезділік, маңыздылық, фактіні жарқын да ұғымды етіп көрсете білу, тұжырымдылық, — хабар жанрының негізі, оның күре тамыры. Бұлар хабар жанрына қойылатын негізгі талаптар болуға тиіс». Әр жанрға жеке-жеке талдау жасау үстінде осы негізгі талаптарды, жалпы баспасөзімізге тән принциптерді қазақ тілінде шығатын газеттерден алынған нақты мысалдармен, көптеген үзінділермен дәлелдеп, түсіндіріп отырады. Алғашқы тарауда газеттегі заметкаға, оның теориялық жағына, мерзімді баспасөзде алып отырған орнына, В. И. Ленин мен М. И. Калининнің берген бағасына, түрлі ескертпелеріне автор көбірек тоқталған.

Газет есебін (отчетын) жазу — творчестволық жұмыс. Ол журналистен оқиғаға, мәжілістер мен кеңестерге жауаптылықпен қарауды талап етеді. Есеп (отчет) жазатын журналистің барынша объективті, барынша әділ болуы керек; оқиғаға, қаралған мәселеге баға бергенде партиялық, лениндік принциптілік тұрғыдан желу талап етіледі. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «баспасөзге арналған есеп... түсінікті, тұжырымды есеп» болуы керек. Газетке есеп жазудың әдістері, оның жолдары мен формалары әртүрлі болып келеді. Есептің заметка түрі, қысқа есеп, тіке есеп, кеңейтілген есеп, кеңейтілген тақырыптық есеп, суреттеме есеп, спорт есебі, сот мәжілісі жайындағы есеп сияқты көптеген түрлері бар. Олардың қай-қайсысының болса да жазылу әдісі, стилі әрбір журналистің өзіндік тәжірибесіне, творчестволық лабораториясына байланысты. Демек, белгілібір нұсқау беру, ереже ұсыну мүмкін емес деп автор дұрыс тұжырым жасайды.

Жалпы оқулық атаулыға тән ерекшелік — онда теориялық мәселелердің басым жататыны, тұжырымды ойлардың, талассыз пікірлердің, теориялық қорытынды-қағидалардың мол кездесетіні. «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары» деген оқулық туралы да осыны айту керек. Әсіресе оқулықтың теориялық талдаулары, совет баспасөзінің тәжірибесінен алынған мысалдары көп, ең сәтті шыққан тараулардың бірі — корреспонденция туралы тарау. Автор бұл тарауда корреспонденцияның жанрлық сырын ашпұмен бірге оның басқа жанрлардан, атап айтқанда заметка мен мақаладан өзгешелігіне тоқталады, шығу, даму тарихын шолады.

Оқулықтың бір артықшылығы, марксизм-ленинизм классиктерінің, М. И. Калинин мен М. Горькийдің жалпы газет жұмысының тәжірибесі туралы, жеке жанрлар туралы пікірлерін, олар белсене қатысқан «Правда», «Известия» сияқты газеттерден алынған мысалдарды, В. Г. Короленконың, А. Н. Толстойдың, В. В. Воровскийдің, М. С. Ольминскийдің, А. В. Дуначарскийдің, В. А. Карпинскийдің, Мих. Кольцовтың журналистік тәжірибесінен деректерді, олар жазған туындылардан үзінділерді мол келтіретіні. Бұлардың көпшілігі оқулыққа қазақ тілінде тұңғыш рет жарияланған, демек, журналистердің, студенттердің, ауыл-село тілшілерінің бұл кітаптан теориялық қағидалармен қоса жалпы баспасөз тәжірибесіне байланысты көптеген қызықты әрі құнды деректер табатыны сөзсіз.

Т. Амандосов баспасөз жанрларынан жазылған еңбектердің авторларымен пікір таласына, принциптік айтысқа түседі. Әрине, осындай пікір таласынсыз әлі қалыптаспаған, дәйекті қорытындыға келмеген салада сындарлы пікір айту, оқулық жазу қиын еді. «Соның он жылдан астам уақыттың ішінде, — дейді автор, — корреспонденция жанрына арналған бірқатар мақалалар, кітапшалар мен оқу құралдары шықты. Олардан 1955 жылы Москваның Жоғары партия мектебі шығарған «Газет жанрлары», 1959 жылы Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультеті шығарған «Совет газеттерінің жанрлары» деген оқу құралдарын-

да корреспонденция жанрына тараулар арналған. Бірақ бұл еңбектердің бірде-бірінде корреспонденция жанры туралы теориялық жағынан дәл анықтама берілмеген. Бұл кітапшалар мен оқу құралдарында авторлар бұл жанрға теориялық жағынан толық анықтама бермей, тек оның кейбір сипаттарын ғана көрсетеді» Корреспонденция жанры туралы жазылған әдебиеттерді қысқа шолып қарасақ, бұл жөнінде әртүрлі, кейде біріне-бірі қарама-қарсы пікірлерді кездестіруге болады.

Мысал ретінде Үлкен совет энциклопедиясында, Д. Н. Ушаковтың «Түсіндірме сөздігінде» сол сияқты «Орыс тілінің сөздігі» мен «Осы заманғы орыс тілінің сөздігінде», С. И. Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде», корреспонденцияға берілген анықтамалар аударылып беріледі де, олардың арасындағы алшақтықтар, өзгешеліктер ашып көрсетіледі. Автор осыларға талдау жасайды да, өз қорытындысын береді: «Жоғарыда айтылған пікірлерді салыстыра келіп, советтік баспасөз бен оның қаламгерлерінің тәжірибесіне сүйене отырып, корреспонденция жанрын анықтасақ, корреспонденция дегеніміз — жағдай мен уақытқа байланысты өмір оқиғалары мен құбылыстарын белгілі бір объектіде зерттеп, адам еңбегін өзінің желісі ете отырып, типтік фактілерді талдау мен қорытудың негізінде туатын публицистикалық шығарма. Корреспонденцияның тілі нәрлі, көркем, ұрымды болып, публицистикалық стильде жазылуы керек».

Мақала мен бас мақалаға, рецензия мен шолуға арналған тараулар да ғылыми мол деректерімен, дәйекті қорытындыларымен құнды. Кітаптың «Тақырып және мазмұн» деген тарауындағы әңгіме желісіне В. И. Лениннің В. М. Каспаровқа жазған хатындағы: «Сіздің мақалаңызды алдым және оқып шықтым. Меніңше, тақырып жақсы алынған және дұрыс зерттелген, бірақ әдеби жағынан жеткіліксіз өңделген» деген сөздері негіз болған. Бұл тарау осы сөздерден айқын көрініп тұрған үш кезенді (тақырыпты таңдап алу, оны терең зерттеп дамыта білу, әдеби тілмен өңдеу) түсіндіруге арналған. «Тақырыпты таңдай біл», «дамыта білу де — таланттылық», «әрі көркем, әрі ықшам болсын», — міне автор жас қаламгерлерге осындай талаптар қояды. «Журналист фактілерді жиып-теруші немесе өмірдің фактілерін жай бақылаушы болмай, оның жазғандарының саяси мақсаты, белгілі тенденциясы, түйінді пікірі, өмірге әсер етерліктей жалыны болуға тиісті».

Оқулықта баспасөз тәжірибесінен көптеген мысалдар келтірілген дедік. «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттерінің 1966—1968 жылдардағы номерлерінен мысалдар, үзінділер көп-ақ. Публицистикалық тамаша мақалаларымен де көзге түсіп жүрген жеке жазушылардың қалам шеберлігіне үңілу, зерттеу талпынысы бар. Баубек Бұлқышевтің «жауға қарсы өткір қару боп жұмсалған» публицистикасынан үзінділерді оқимыз.

Бірақ осыған орай «өттеген-ай» дегізетін бір жай, қазақ совет журналистикасының негізін қалаған белгілі сөз зергерлерінің туындыларынан мысалдар жоқтығы. Бүгінгі «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» үзінділері мен кешегі «Еңбекші қазақ», «Жаңа әдебиет», «Жас қайрат» кезінен алынған мысалдар қатар келіп, салыстырыла талданып жатса, қандай жақсы болар еді. Сәкен мен Мұхтардың, Бейімбет пен Сәбиттің, Рабит пен Саттардың мақалаларынан, публицистикасынан мысалдар келтірілсе, автор да, оқулық та сөзсіз ұтар еді. Бұл кітап «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары» деп аталғанымен, салыстыру ретінде Шоқанның, Ыбырай мен Абайдың қара сөздеріне, публицистикасына аз-кем талдау жасаған да артық болмас еді. Бұларда да жанрлар сырын игеру жолындағы бүгінгі және болашақ журналистер үйренер белестер көп қой.

Кітаптың тілі түсінікті, жатық. Алайда «Өткір қаламұш ұстаған адам», «Баспасөз газет есебінің жанры арқылы ел құлағына жеткізеді», «Жеке ведомстволар арасында қойма үйлері үшін болатын күреске шағым жасады», «Екі газетте жиырмаға жуық хабар жанрлары жарияланды» деген сияқты тіркестер кездесіп қалады.

Қысқасы, қазақ совет баспасөзі, оның теориялық мәселелері жайлы көлемді оқулық дүниеге келді. Ол қазақ газет, журналдарының, баспа, радио мен телевизияның қызметкерлері үшін, жас талаптар мен баспасөз достары үшін пайдалы құрал болатыны күмәнсіз.

Р. САҒЫМБЕКОВ.

ОЗАТ АВТОКЛУБ

Алыстағы мал отарлары автоклубтарды әр кез асыға күтеді. Өйткені малдың жағдайына қарал әр жерде шашырап отыратын малшыларға мәдени қызмет көрсетудің әзірге мұнан қолайлы формасы табылған жоқ.

Шынында аулына автоклуб келсе олар кинофильм көріп, көңілді концерт тыңдап жаналық хабарлар есітіп, бір жасап қалады. Ал Қ. Әмірғалиев, Н. Оразалиев, Қ. Ахметжанова басқаратын автоклубтар отарға келгенде кинофильмі, концерті өз алдына, жаңа кітаптар, жеңіл-желпі тұтыну заттарын да әкеледі. Кейде малшылар көршілерінің магнитофонға жазылған сәлем-тілектерін де тыңдай алады. Биыл Қ. Әмірғалиевтың автоклубы В. И. Лениннің өмір баяны мен революциялық қызметі жайлы лекциялар циклын оқуды, сондай-ақ ол Владимир Ильичтің магнитофон лентасына жазылған сөзін, Ленин жөніндегі естеліктерді насихаттауда. Жиналған жұрт бұларды ұйып тыңдап, автоклуб меңгерушісіне үлкен ризашылық білдіреді.

Жақында Теміз аудандық партия комитетінің бюросы автоклубтардың жұмысы жөнінде арнаулы мәселе қарады. Онда бұл саладағы кейбір кемшіліктерді жедел жойып, малшыларға мәдени қызмет көрсету ісін бұрынғыдан да жақсарту үшін озат автоклубтардың тәжірибесін кеңінен тарату жөнінде қаулы қабылданды.

ІС АРҚАУЫ — ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Темір жол ауданына қарасты кәсіпорындардың, құрылыстар мен көптеген мекемелердің басшылары, инженер-техник қызметкерлері қоғам жұмысына белсене араласады. Олардың бірқатары үгітші, насихатшы, саяси хабаршы, штаттан тыс лектор. Солардың ішінде Қазақ темір жолы бөлімшесінің бас инженері А. С. Золотухин, бөлімше инженері А. П. Родионов, аудандық прокурор Тоқыбаев жолдастар бар.

Әдетте мекеме басшылары мен инженер-техник қызметкерлері қалың бұқара арасындағы саяси-тәрбие, мәдени-ағарту жұмыстарына белсене араласқан жерде өндіріс табысы да елеулі болады. Оған мысалға В. М. Турцев, В. Ф. Ермоленко басқаратын коллективті алайық. Бұл коллектив В. И. Лениннің туғанына 100-жыл

толуы мен республикамыздың 50 жылдық мерекесі қарсаңында социалистік жарысқа қосылып, өткен жылдың соңғы тоқсанының қорытындысында жоғары көрсеткіштерге жетті. Сол үшін оған СССР Жол қатынасы министрлігінің үшінші дәрежелі ақшалай сыйлығы берілді. Бұл коллективте саяси-көпшілік жұмысына араласпайтын бірде-бір инженер-техник қызметкер жоқ.

Алайда бірқатар кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары мен инженер-техник қызметкерлері бұл іске мән бермейді. Жұмысшылар мен қызметшілердің жай-жағдайын біліп, олармен жиі-жиі пікірлесіп, әңгімелер өткізіп тұрмайды.

Жақында Теміржол аудандық партия комитетінің есебін тыңдаған Қарағанды қалалық партия Комитетінің бюросы қалың бұқараға саяси тәрбие беру ісіндегі мұндай елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Сондай-ақ бюро кәсіпорындар мен мекеме басшыларын, инженер-техник қызметкерлерді саяси-тәрбие жұмыстарына жұмылдырудың нақты шараларын да белгіледі.

ПАРТИЯЛЫҚ ТАПСЫРМА

Ақтөбе қаласының автобус паркі үлкен коллектив. Онда өндірістің әр саласында жүзден астам коммунист жұмыс істейді. Олардың көпшілігі ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен республикамыздың 50 жылдық торқалы тойы қарсаңында өрістеп отырған социалистік жарыстың алдыңғы сапында келеді.

Коммунистер мұнда өндіріс озаттары, жаңалық жаршысы. Олар сонымен бірге қоғам жұмысына белсене қатысады. Ұйымдағы 33 партия мүшесі цехтарда, бригадаларда үгітші болып істейді. Жылт еткен жаңалық олардың назарынан тыс қалмайды. Ал 9 коммунист халық бақылаушыларының қызметін атқарады. Бұлар байқалған кемшілікті қалт жібермейді. Ағаттықты табанда түзетуге ат салысады. Техника қауіпсіздігін сақтауды қарағалауға партия ұйымы тарапынан бөлінген 10 коммунистің де атқарар игі ісі аз емес. Қысқасы автобус паркінің партия бюросы әрбір коммунистке біліміне, мамандығы мен қабілетіне қарай партиялық тапсырмалар бере білген. Мұның өзі коммунистердің ғана емес, бүкіл автопарк коллективінің жемісті жұмыс істеуіне ықпал етіп отыр.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП

КЕПІЛДЕМЕ — МАҢЫЗДЫ ДОКУМЕНТ

Алматы облысының «Құйған» совхозынан И. Аманжолов жолдас мына сұраққа жауап беруді өтінеді.

Сұрақ. Егер КПСС мүшесіне кандидаттыққа өткен адам 9—10 айдан кейін өзге жұмысқа, басқа партия ұйымына ауысса, партия мүшелерінен кепілдеме алу үшін жаңа жұмыс орнында тағы да бір жыл істеуі керек пе, әйтпесе бұрынғы жұмыс орнындағы КПСС мүшелерінен кепілдеме әкеліп, кандидаттық мерзімі біткен соң жаңа жұмыс орнындағы партия ұйымынан партия мүшелігіне өте ала ма?

Жауап. Басқа жұмысқа ауысқандар немесе Совет Армиясы қатарынан босатылғандар кандидаттық мерзімі біткен соң мүшелікке өту үшін өзі бұрын есепте тұрған партия ұйымындағы КПСС мүшелерінен кепілдеме ала алады. Жаңа партия ұйымына, жаңа орынға келген соң оның тағы да бір жыл бойы жұмыс істеуі міндетті емес. Әйтсе де оның басқа партия ұйымына ауысуының себептерін білген жөн, қажет болған жағдайда оның бұрын жұмыс істеген жеріндегі партия ұйымынан мінездеме алдыруға болады. Алайда жаңа жұмыс орнындағы партия ұйымы тек документтер жинаумен шектеліп қалмай, жаңадан келген адамды коллективтің жақсы білуіне, оны іс жүзінде сыннан өткізіп, оның еңбекке көзқарасын анықтауға, қоғам өміріне қатысы мен коммунистке қойылатын талаптарды орындау жағын қадағалап отыруға баса көңіл бөлгені дұрыс. Әрине, жұмысқа ауысудың түрлі-түрлі жағдайлары болады. Сондықтан оның бәріне бірдей қарауға болмайды. Мәселен, бір кандидат жаңа жерге ауысқан соң бес-жеті айдан кейін оның кандидаттық мерзімі бітті, бірақ ол бұрынғы жұмыс орнынан кепілдеме ала алмады делік. Бұл жағдайда әлгі жолдас коллективте өзін жақсы жағынан көрсеткен болса, оны КПСС мүшесіне қабылдау жөніндегі мәселені партия ұйымы оның бір жылдық кандидаттық мерзімі біткенше кідірте тұрғаны орынды. Сонда жаңа коллектив онымен жақсырақ танысады, партия мүшелері оған кепілдеме де бере алады. Ал Совет Армиясы қатарынан босатылып, өзінің туып-өскен, бұрын еңбек еткен колхозына немесе кәсіпорнына қайтып оралған кандидат, бірнеше ай істеген соң армияға кеткенше онымен бірге істеген партия мүшелерінің оған кепілдеме берулеріне әбден болады.

Бірақ қалай болған күнде де кепілдеме КПСС Уставының талаптарына сай болуы керек. Ал онда кепілдеме берушілердің партиялық стажы бес жылдан кем болмауға тиіс, кепілдеме беріп отырған адаммен кемінде бір жыл өндірісте бірге істеп, қоғамдық жұмысқа бірге қатысқан болуы керек деп атап көрсетілген.

Алайда бір жылдық мерзімде де мән бар. Ол мерзім кепілдеме беріліп отырған кісінің өткен өмірінің кез келген бір жылын емес, қайта партияға өтер алдындағы қызметін, қоғам жұмысына қатысуын сипаттайтын жыл болуға тиіс.

Уставта берілген кепілдеменің қанша уақыт күшінде болатыны жайлы ешнәрсе айтылмаған. Әйтсе де партия ұйымдары кепілдемені қабылдағанда оның берілген уақытына назар аударуы керек. Кепілдеме — маңызды документ. Оны берген партия мүшесі өзі кепіл болып отырған адамның саяси, іскерлік және моральдық қасиеттері жағынан коммунист деген жоғары атаққа лайық екеніне партия ұйымын сендіреді. КПСС Уставында кепілдеме берген адам өзінің кепілдемесі үшін партия мүшелері, партия ұйымы, алдында жауапты деп атап көрсетілген.

Гурьев облысындағы Маңғыстау аудандық партия комитетінің нұсқаушысы С. Нұрмағамбетов жолдас төмендегі мәселелер жөнінде түсінік беруді сұрайды.

Сұрақ. Қазір колхоздар мен совхоздарда төрт-бес цехтық партия ұйымдарын біріктіретін партия комитеттері құрылған. Бұл ұйымдардың коммунистері кемінде әр тоқсан сайын бас қосып жалпы жиналыс өткізеді. Сол цехтық партия ұйымдардың бірінде тұратын партия мүшесі басқа цехтық ұйымда тұратын адамға партия қатарына өтуге кепілдеме бере ала ма?

Жауап. Әрине, кепілдеме бере алады. Өйткені кепілдеме беруші де сол колхоздың немесе совхоздың барлық цехтық партия ұйымдарын біріктіретін ұйымда есепте тұрады ғой. Ендеше олар шаруашылық алдында тұрған ортақ міндетті орындауға бірге ат салысады. Әйтсе де кепілдеме беруші кепілдеме алушы адаммен кемінде бір жыл өндірісте бірге еңбек етіп, қоғам жұмысына бірге араласқан, әрі оның семьялық тұрмыс жағдайын жақсы білетін болуы керек. Бұл — КПСС Уставының бұлжымас талабы.

Сұрақ. Бұрын колхоз партия ұйымдарына бірігіп келген мектеп партия ұйымдары соңғы кезде бөлініп, өз алдына дербес бастауыш ұйым болып құрылды. Енді сол мектеп партия ұйымында тұратын КПСС мүшесінің әлгі колхоздың цехтық партия ұйымынан партия қатарына өтетін адамға кепілдеме беруіне бола ма?

Жауап. Кемінде бес жыл партиялық стажы бар, әрі кепілдеме беріп отырған адамымен бір жыл өндірісте бірге істеп, қоғамдық жұмысты бірге атқарған әрбір пар-

тия мүшесі кепілдеме бере алады. Ал жоғарыда айтылған жағдайға келетін болсақ, бұл ретте мынаны ескеру қажет. Егер мектеп партия ұйымында есепте тұратын КПСС мүшесі өзі кепілдеме беріп отырған адамды бұрыннан жақсы білетін болса, онымен бір жыл өндірісте бірге істеп, қоғам жұмысына бірге қатысқан болса, онда кепілдеме бере алады.

Сұрақ. Партия қатарына өтуге кепілдеме беруші коммунистің қолын куәландыруда партия ұйымының секретары оның фамилиясын, партиялық стажын, партбилет номерін көрсетуі міндетті ме? Әлде оның қолын куәландырудың өзі де жеткілікті ме?

Жауап. Партия қатарына өтушілердің кепілдемелерін реттеудің тәртібі жөніндегі КПСС Орталық Комитетінің 1939 жылғы 25 январьдағы қаулысына сәйкес партия қатарына кірушілердің кепілдемелерін бастауыш партия ұйымдарының немесе партия комитеттерінің секретарьлары куәландыруға тиіс. Бұл ретте әрбір кепілдеменің аяғына секретарь: «Пәленінші жылдан бері КПСС мүшесі, пәленше жолдастың қолын растап куәландырамын» деп жазады да, өзі қол қояды. Мұнан басқа деректерді көрсетіп жатудың ешқандай қажеті жоқ.

Ерекше ескеретін бір жәйт — кепілдеме берушінің қолын куәландыру аса жауапты іс. Неге десеңіз, кепілдеме берушінің қолын куәландырудан бұрын партия ұйымының секретары кепілдеме беріп отырған коммунист сол адамды шынында жақсы біле ме, онымен өндірісте бірге істеп, қоғам жұмысына бірге араласты ма, партия стажы бес жылға тола ма, партбилетінің номері дұрыс көрсетілген бе, қысқасы, кепілдеме КПСС Уставының талаптарына толық сай келе ме, осының бәрін анықтап алады. Егер кепілдеме Уставтың талаптарына сай келмейтін болса, онда партия ұйымының секретары оны куәландырмайды. Бірақ партия ұйымының секретары кепілдемедегі мінездемеге келіспегендіктен ғана оны куәландырмай тастауға хақысы жоқ. Бұл ретте ол өз пікірін бюрода, партия жиналысында айтуына болады. Мұндай кепілдеме жөніндегі мәселені партия жиналысында коммунистердің өздері шешеді.

ПАРТИЯЛЫҚ ЖАЗА — ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Сұрақ. Егер бастауыш партия ұйымында талқыламай-ақ партия комитеті тікелей бір коммунистке партиялық жаза қолданған болса, сол жазаны алудың тәртібі қандай? Жазаны әлгі партия комитетінің өзі алып тастай ма, әйтпесе бұл мәселе алдымен цехтық партия ұйымында талқыланып, сонан кейін барып, партия комитетінде қарала ма?

Жауап. Жарамсыз қылықтары үшін жеке коммунистерге қолданылатын партиялық жазаның өзі де — тәрбие құралы. Мұндай коммунистің мәселесі алдымен бастауыш партия ұйымында қаралуға тиіс. Оған қандай жаза қолдану қажеттігі сонда шешіледі. Рас, кейде бір жағдайларға байланысты жарамсыз қылық жасаған коммунистің мәселесі жоғары партия органдарында — аудандық, қалалық комитеттерде қаралады. Қалай болған күнде де сол коммунистің жазасын алу жөніндегі мәселені ең алдымен бастауыш партия ұйымы талқылайды, сонан кейін барып оның шешімі жоғары партия ұйымында қаралады. Партиялық жаза түрліше болады — кейде ол есеп карточкасына жазылып берілетін де, сондай-ақ есеп карточкасына жазылмай берілетін жаза да болады. Егер бастауыш партия ұйымы жазаны есеп карточкасына жазу жөнінде ұйғарым жасаса, онда бұл шешімді аудандық немесе қалалық партия комитеті арнайы қарап, дұрыс деп тапса, бекітуге тиіс. Ал жазаны алып тастаған кезде де партия жиналысы өз шешімін аудандық немесе қалалық партия комитетіне жолдайды. Солар тарапынан қолдау тапса ғана жазаны алу жөніндегі мәселе толық шешілді деп саналады. Егер коммунистке партиялық жаза жоғары партия органдары тарапынан берілген болса, оны алу үшін бастауыш партия ұйымы мен аудандық немесе қалалық партия комитетінің шешімдері жетіп жатыр. Коммунистің партиялық жазасын алу жөнінде жазаны берген жоғары партия органдарына аудандық немесе қалалық комитеттің өзі ұсыныс жасайды.

КПСС тарихын оқып үйренушілерге

«Вопросы истории КПСС» журналы — елімізде мейлінше көп тарап отырған тарихи журнал. Оның оқушылары — партия қызметкерлері, оқытушылар, насихатшылар, сондай-ақ партия оқуы жүйесінің тыңдаушылары мен Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихын өздігінен оқып үйренушілер.

Үстіміздегі жылы журналда В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған мақалаларға үлкен орын беріледі, сондай-ақ маркстік-лениндік теорияның көкейтесті мәселелеріне, КПСС-тің және бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыстың мәңгі өшпес лениндік идеяларды жүзеге асыру жолындағы күрес тарихына арналған материалдар да кеңінен қамтылады.

Өткен жылдардағы сияқты биыл да мақалалардың едәуір бөлегі КПСС-тің еліміздегі коммунистік құрылысқа басшылық ету тәжірибесіне арналады. Партия құрылысының тарихы мен теориясы жөнінде де бірқатар материалдар баспаға әзірленуде.

Журнал беттерінде КПСС тарихының оқытушылары мен насихатшыларға көмек ретінде методикалық лекциялар, консультациялар, мақалалар жарияланбақ.

Журнал оқушылары партиялық-тарихи әдебиеттің жарыққа шығуы туралы да толық мағлұмат алып отыратын болады. Журнал беттерінде осындай кітаптарға берілетін сын, тарихи және библиографиялық шолулар және ғылыми коллективтердің қызметі жайлы мақалалар жұртшылықты ғылыми өмірдегі аса маңызды оқиғалармен таныстырып тұрады.

Журналға 1969 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатқанын журнал оқушыларының есіне саламыз.

Басылмаған хаттың дерегі

«Коммунизм» колхозының бас экономисі Ә. Байғожаев жолдас өзін жұмыстан кінәсіз шығарғандығы жөнінде редакцияға хат жазған еді. Алматы облысында қарасты Нарынқол аудандық партия комитеті бұл хатты тексеріп, онда айтылған жәйттердің анықталғанын, Байғожаев Әділханның қайтадан бұрынғы қызметіне орналасқанын хабарлады.

УГ02640.	РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ: К. САҒЫНДЫҚОВ (бас редактор), З. АЙТМАҒАМБЕТОВ (жауапты секретарь), С. БЕЙСЕНБАЕВ, Ш. ЕСМҮРЗАЕВ, Т. ЖАНКЕЛДИН, С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ, Қ. МЕНДІБАЕВ, Т. ҰДЫРЫСОВ.
Зак. 17.	
Тираж 44042	

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, насихат және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03

8/V-1969 жылы басуға қол қойылды, қағ. 70×108¹/₁₆, 2,5 қағ., — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы. Алматы, Ленин проспекті, 4.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
ай сайын шығатын теориялық және саяси

Қазақстан КОММУНИСІ

журналына 1969 жылдың екінші жартысына
жазылу жүріп жатыр

Құрметті оқушы! «Қазақстан коммунисті» журналы сенің ақылшын, досың. Оны үзбей оқу саяси-идеялық дәреженді арттыруға, жалпы білімінді толықтыруға көмектеседі. Журнал бетінен саяси тақырыптан іздеген материалдарды таба аласың.

Журналда КПСС XXIII съезі шешімдерін насихаттауға, оны жүзеге асыруға арналған материалдар, коммунистік құрылыстың көкейтесті келелі мәселелері туралы, маркстік-лениндік саяси экономия, философия, КПСС тарихы, Қазақ ССР тарихы, нақты экономика және ғылыми коммунизм мәселелері жөнінде мақалалар жарияланады.

Журналда Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына, Қазақ ССР-інің 50 жылдығына әзірленуге байланысты материалдарға кең орын берілуде. Партия оқуы жүйесінде және өздігінен оқитын жолдастарға көмек боларлық, насихатшыларға жәрдемші мақалалар жиі басылып тұрады. Сонымен бірге оқушылардың сұрауларына жауап беріледі.

Республика партия ұйымдарының жұмысы журналда үзбей жазылады. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесі қорытылады.

Журналда еңбекшілер коллективтерінің келелі табыстары, заманымыздың еңбек ерлері, коммунистер туралы көрнекті жазушылар мен журналистердің публицистикалық мақалалары, очерктері, суреттемелері басылады.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің мәселелері де журнал бетінен орын алады. Жергілікті газеттер мен журналдарға шолу, жаңа кітаптарға сын беріледі.

Жазылу бағасы:

6 айға — 1 сом 20 тиын,

3 айға — 60 тиын.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде, байланыс бөлімшелерінде, сол сияқты қоғамдық баспасөз таратушы өкілдер арқылы жазылуға болады.